Мәдениет пен дін бір-бірінен алшақ жатқан ұғымдар емес. Олар әрдайым бірін-бірі толықтырып, жетілдіріп отырған. Діни сенімдер мәдениеттер жүйесінде идеал жасаушы фактор, дәстүрлер жиынтығы ретінде қызмет етеді. Оның астарынан адамзат баласына қажетті барлық элементті кездестіруге болады. Соның бір парасы адамның дене тәрбиесіне, физикалық тұрғыдан жетілу үдерісіне жататынын да жоққа шығара алмаймыз. Дін тек қана адамның санасына әсер етумен ғана шектелмейді, яки оның күллі болмысына әсер ету, сол арқылы өмірдің мәні мен мазмұнын түсіндіруге бағытталғанын да ескерген жөн. Бірақ қашан да діннің ауытқушылыққа ұшырағанын, бұрмаланғанын, жалған мазмұнда таралуын шынайы таза діннен ажырата білген жөн. Сонда ғана оның жанға ғана емес тәнге де әсері дұрыс қабылданбақ.

Дін әлемдік тарихтың мазмұнын құрайтын күрестер мен өзара қатынастардан тұратын мәдени-тарихи түр ретіндегі өркениеттерді жандандырады. Мәдениет те, өркениет те шынайы мағынасында «алғашқы қауымдық құрылыстан қалған қарапайымдылық пен жабайылықты жою», «халықтардың адамға айнала бастауы» дегенді білдіреді [5, 144 б.]. Басқаша айтқанда, адамдар өздерінің ақыл-ойы мен адамгершілік қасиеттерінің

арқасында табиғатқа шексіз билік жүргізіп, жаратылушыдан жасампаздыққа көтерілгенін, адам баласының түбірімен өзгергендігін көрсетеді. Сонымен бірге, өркениет кең мағынасында жалпы адамзатқа ортақ мәдениеттің биіктігімен, әлеу-меттік жоғарғы сатысымен, рухани және әмбебаптық бағыттардағы күллі қоғамдық қатынастардың жетілгендігімен «кең көлемдегі адамдар мәдениетінің біртектілігімен» түсіндіріледі.

Белгілі бір аймақта мәдениеттің пайда болуы мен дамуына белгілі дәрежеде табиғи-географиялық, шаруашылық және нәсілдік-биологиялық факторлар да әсер етеді. Мәдениеттің шығу тегін (генотипін) ескі діни руханилық пен экономикалық бірліктің негізінде қарастырған дұрыс. Орта ғасырлық түрік жұрты жағдайындағы исламдық өркениет туралы сөз болғанда, оның көшпелі тұрмыс пен этномәдениетке негізделгенін айтуға тиіспіз. Көптеген батыс еуропалық зерттеушілер ғылымдағы «мұсылман әлеміндегі көшпелі өмір салты» дегенге заңдылық деп қарайды [б. 111 б.]. Көшпелі мәдениет исламның араласуымен, рухани жағынан нығайып әлдеқайда жоғары, өркениетті сатыға көтеріліп, мұсылман өркениетіне бұрыннан келе жатқан төл мәдениет сияқты сіңісіп кетті. Исламдық-африкалық синкретизм феномені сияқты исламдық-түркілік синкретизмінде де негізгі жүйе исламдық болғанымен мәдениеттің көнеден қалыптасқан қабаттары араласып жүрді [7, 28 б.]. Көшпелі ислам суфизмге жақындай түсті. Бүгінде номадизм (мәселен, батырлық) мен суфизмнің арақатынасы үлкен қызығушылық туғызып отыр.

Көшпелілердің жан дүниелеріндегі әсемдікке құштарлық, бойларына туа біткен қайсарлық, мәрттік, батырлық болмыстары оларды өжет те ойшыл арабтармен рухани жақтарынан жақындастыра түсті. Исламның қазіргі түрік халықтары спортшыларының бойына адамгершілік принциптерді орнықтыруда маңызы зор, тән тазалығы мен жан тазалығын қатар ұстау қажеттігі жөніндегі идеялары да ерекше ықы-ласпен қабылданған. Ислам дінінің идеологиясы спортшы психологиясына бәсекенің әділеттілігін, жауапкершілігін, елі үшін маңыздылығын сіңіретін ұлттық рухани құндылықтарды сіңіреді, мұсылманшылдық-шығысшылдық рух арқылы бәсекелесін жеңуге ұмтылдырады.

Ұлттық спорт өнерінің қалыптасуының тарихи-шығу тектік шарттарының бірі – Жауынгерлік идеология: соғыс өнері, эпостық тұлға, елін қорғау т.б. модустарды

біріктіреді.

Түріктер Азия құрлығының Алтай, Оңтүстік Сібір, Моңғолия аймақтарынан шыққан, біртіндеп бүкіл Еуразия даласын мекендеген түрік тілдес көшпелілердің тікелей ұрпақтары. Олар көшпелі тайпалар мен халықтарды, соның ішінде көне Арии, шығыс ирантектес халықтарды ассимиляцияға ұшырата отырып, біздің дәуіріміздің бірінші мың-жылдығының екінші жартысында пайда болған көшпелілер мемлекеттері бірлестіктерінің (қағанаттар) этник негізін құрады. Ондай үлкен мемлекет құру, оны саяси тұрақсыздықтарға қарамай ұстап тұру үлкен ақыл-оймен қатар, білектің күшін, жаужүрек батылдықты талап ететіні шындық. Яғни сол тұстағы ата-бабаларымыздың айналасындағы елдерді өз қол астында ұстауы үшін қаншама тер төккенін, әрдайым сергек те сақ болып жүру үшін шыныққан денсаулық пен күш қайраттың көп керек болғанын қазір тек қана ойша болжауға ғана болады.

VI ғасырдың екінші жартысында құрылған Бірінші Түрік қағанаты сол тұстағы әлемдік державалар – Византия, сасанидтік Иран, Қытай сияқты мемлекеттер санасатын үлкен Еуразиялық империя болды. Сол кезден бастап «Түрік» термині византиялықтардың, арабтардың, сириялықтардың жазбаларынан көрініс беріп, санскрит, тибет, әр түрлі иран тілдес халықтардың жылнамаларынан орын алды [8, 79 б.]. Біздің жауынгер бабаларымыз түріктерді исламның негізін қалаушы пайғамбарымыз Мұхаммед те біліп, өз сөзін арнаған деген аңыздар кездеседі. Оған Мұхаммед пайғамбардың өмір сүрген уақыты да сәйкес келетінін ескерсек, ғалым А. Зайончковскийдің ислам хадистерінде түріктер туралы айтыпты дейтін пікірін жоққа шығара алмаймыз [9, 24 б.]. Ортағасырда Еуразия материгінде ең белсенді жауынгер халықтың қатарында болған түрік тілдес халықтар кейін бөлшектеніп кетсе де олардың рухы осы кезге шейін көшпелі болып келген ұрпақтарының санасында ғасырлар бойы сақталып, әрдайым қажет кезінде қайта оянып отырғаны белгілі. Дәл сол уақыттардан бастап, одан кейінгі ғасырларда да өзгеріссіз сақталған, түрік халқының өздеріне ғана тән сипаттағы шаруашылығы, әдет-ғұрпы, тілі, этномәдениеті мен саяси дәстүрлері қалыптасып, орнықты. Индустрияның дамуына дейінгі кезеңде, мәселен, Қазақстанның ең алдымен көшпелілердің елі, номадтар әлемі ретінде танылғандығы белгілі. Сондықтан да исламға дейінгі көне түркілік

дәстүрді қарастырудың құндылықтары бүгін де көптеген зерттеулерде әділ бағаланып жүрген. Номадизмнің өзіндік сипаттары мен олар тудырған «ерекше далалық мәдениет» мәселелерінен бастаған жөн [10, 5 б.].

Мәселен, тарихта көшпелі халықтардың өздерінің атқаратын ісі, өздеріне ғана тән бет-бейнесі болды. Өркениет жағынан егіншілікпен айналысқан халықтарға тәуелді бола тұрса да, денсаулықтарының төзімділігі, епті де ширақ болып келулері, әскери ұйымшылдығы, көркем ауыз әдебиетінің молдығы жағынан олардан әлдеқайда жоғары тұрды. Көшпелі жауынгердің бойына туа бітті дарыған ерлікке деген құштарлық, тайсалмас жүректілік, ақкөңіл де адал, мәрт мінездің қалыптасуы ол өмір сүрген орта мен этнопсихологиялық жүйеге де тікелей байланысты болатын. Тарихта көшпелі халықтар пассионарлы үлгідегі адамдардың генераторы сияқты өмір сүрді. Әлі де болса анықтай түсуді қажет етсе де: «Олар өздерінің намыстары мен адамгершіліктерін жеке бастарының қауіпсіздіктері мен материалдық құндылықтардан жоғары қоятын», – деген Хара Даванның пікірінде шындық бар деп ойлаймыз [11, 78 б.].

Дәлірек айтсақ, көшпелі өзінің бойындағы сарқылмас қуаты мен маргиналдық дәрежесімен (табиғат пен өркениет аралығында) қайшылықта өмір сүрді. Оның бір басында идеализм мен материализм қатар тоғысып жатты. Көшпелілердің жоғарғы үлгісі (Бумын қаған дәуірі, Шыңғыс хан, соның ішінде мұсылмандықты қабылдаған хандар) – бұлар алтын мен мүлікке қызықпайтын, өлімнен қорықпайтын, қарапайым пендеден биік тұрған пассионар-идеалисттік ерекше түрі болатын.

Өмір сүру ортасының қатал жағдайы мен қауіпті жорықтарға үйренген, басқыншылық даңқтарына қарай қандық туыстықты сезінетін батыл да қайрат күші мол көшпелілерден бәрі де тайсақтайтын, сондықтан да ежелгі халықтардың барлығы да олардың алдында бастарын иетін. Соның ішінде дінсіз өркениеттер үшін көшпелілер басқалардан әлдеқайда озық тұрған, адамгершілік жағынан өзгелерден басым тұрған, езілгендерді азат етуші күш ретінде қабылданды.

Күллі өмірі далада ат үстінде өтіп, мал мен аңнан нәпақасын тауып жеу көшпелілердің әрдайым жинақы да ширақ жүріп, ерік жігерлері мықты, батыл да табанды болып қалыптасуларына ерекше ықпал етті. Ежелгі грек тарихшылары мен ғалымдары сақ жауынгерлерінің соғыс өнерін жете

меңгергендігі мен аттарының ұшқырлығын жоғары бағалады. Ксенофонтта патшасы ұйымдастырған салтат-тылардың ат ойынын суреттейтін эпизод бар. Онда жеңіске жеткен жас сақ жігітінің сәйгүлігін патша өз тағына ауыстыруды сұрайды, жігіт оған көнбейді. Бірақ ол өз атын «ержүрек адамға алғыс ретінде сыйлайтынын» айтады [12, 191 б.]. Сақтардан парсы патшаларының жеке гвардиялары жасақталған. «Олар тау мен таста, ормандарда көшіп жүреді, олар бесіктен белі шықпай жатып ыстық пен суыққа, аштыққа төзімді болуға үйренген» – деп жазады ғұндар туралы Аммиан Марцеллин. Көшпелі тұрмыс пен жиі қайталанып тұратын әскери қақтығыстар көшпелі халықтың ерік-жігерлерін шыңдап, жеке тұлғалардың қалыптасуына зор ықпал етті. Мұндай өмір салты көшпелілердің батыр ұлт ретінде ұйысуына, олардың арасынан билікке ұмтылған қолбасшылар мен патшалардың жиі шығуына мүмкіндік жасады. Көне түріктер өздері туралы руникалық жазбаларында да «Біз ата-бабаларымыздан бері батырмыз», – деп айқын жазған [13, 140 б.]. Әр халықтың адамзат жаралғалы бері дағдыланған, тіршілік ету барысында бейімделген, өздеріне тән атқаратын қызметтері бар. Мысалы, ақылдылық, қулық жүрген жерді еврейлерге, тәртіп, реттілік жүрген жерді немістерге теліп жатамыз. Ал өнеркәсіп дамығанға дейінгі уақытта жауынгерлік, ерлік, билеушілік қасиетті меншіктеген біздің бабаларымыз екенін айтып, ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, жас ұрпақтың бойына сіңіретін уақыт жетті. Ал ертеректе әскердің күшті болуы техникаға емес, жауынгерлердің тікелей күш-қуатына байланысты болғаны белгілі. Біздің ата-бабаларымыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен өздерін Еуразияның барлық түкпірінде мойындатқан. Мұндай дәлелдер біздің ертеден келе жатқан дәстүрімізді айғақтай түседі. Мемлекеттік құрылым да шығармашылықты қажет етеді, соғысқа білу де үлкен өнер.

Басқыншылық, бір елді жаулап алу, әрине әділеттілік емес. Бірақ саяси-экономикалық жағынан дамыған мемлекеттер әрдайым әлсіз елдерді шауып, өз мүдделеріне пайдаланып келгені бұл тіршіліктегі заңдылық екендігі рас. Сондықтан да біздің ата-бабаларымыз ешқашан ешкімге өктемдік жасамаған деудің өзі тарих алдында кешірілмес күнә болар еді. Орталық Азия мен Түркістанда ежелден-ақ көшпелі түріктер жаулап алушы, билеуші күш ретінде танылған, ал қалалар мен оазистердің халықтары олардан көбінесе қорғануда болған немесе тау

мен тасқа паналап, кейде этник және тілдік ассимиляцияға ұшырап отырған. Қазақ тарихшысы Мұхаметжан Тынышбайұлы бұл туралы: «Иран мен Тұран арасындағы күресте әрқашан да даланың шыныққан жауынгер сарбаздары жеңіске жетіп отырған, Иран тайпалары өздерінің отырықшылық тұрмыс-тарына сәйкес бейбіт еңбек етуге бейім болатын», – деп атап көрсетеді [14, 12 б.].

Ерте кезден-ақ көшпелілердің шапқыншылығынан отырықшы мемлекеттер жапа шеккен (Қытай, Иран, Русь). Олар ылғи да қорғандар мен бекіністер салумен болған; бағалы сыйлықтар жіберіп, көшпелілерге тиімді сауда келісімдерін жасауға тырысты; олармен неке қатынастарын орнатып, үсті-үстіне дипломаттар мен діни миссионерлер аттандырып жататын. Отырықшы елдердің көшпелілерге жорықтары негізінен мазасыз көршілерден шекараларын тыныштандыру мақсатында, олардың басқыншылық жорықтарына жауап ретінде ғана (онда да ара-тұра) болып тұрған. Еуразияның барлық ай-мақтарында көшпелілер жаулап алушы, билік жүргізуші этнос ретінде үстемдік етті, тек қана (шамамен XV-XVI ғ.) ұлы географиялық ашылулардан кейін ғана номадизм тоқырауға ұшырап, бірте-бірте өздерінің белсенділіктерінен айырылып, әскери жеңілістерге мойынсұна бастады.

Қай халықтың болсын «қанына тартуы» мен қалыптасқан соқыр сезімі (ырықсыз сезім, инстинк) ұлттың тарихи тағдырынан жойылып кетуі мүмкін емес. Нәсілдік, ұлттық идея қанға сіңген қасиет, әр ұлт өкілі оны іске асыруға бейім келеді. Біз де түрік нәсілін нормандар мен герман нәсілдері сияқты о бастан-ақ дара тұлға ретінде, еркіндікке құштарлығымен, өз ақыл-ойына ғана сүйенетіндігімен, ақсүйектігімен басқалардан ерекшеленіп тұрады деп санаймыз. Өне бойларын кернеген билікке деген құштарлық, жаулап алу мен бағындыруға деген іштейгі нәсілдік түісік көшпелілердің қалалар мен оазистерге қайта-қайта шабуылдауларының басты себебі болатын. Сол арқылы олар тарихи саяси өзгерістерде реттеушілік рөл атқарды, этностар мен мәдениеттердің бір-бірімен араласуына жағдай жасады, олардың адамгершілік тұрғыдан қайта өркендеуіне ықпал етті.

Яки мәдениеттің жоғарылығы мен төмендігі туралы пайымдаулардың өзіне кейде күмәнмен қарауға тура келеді. Оған тарих қойнауында қалған талай өзгеше оқиғалар арқылы да жауап беруге болады. Мысалы, ислам дінінің өркениеттің шыңына шыққан парсылар арасында емес,

көшіп-қонып жүрген, мәдениеті төмен, жартылай жабайы арабтардың арасында пайда болғанын айтсақ та жеткілікті шығар.

Эпостық тұлға көне дәуірлердегі мифтік қаһарманның реалданған образы. Эпостанған өмірдегі баһадүр даралығы – өзін әлемнің орталығына орналастыратын, өзін-өзі үнемі әйгілейтін демонстрацияланған, этностың тағдырын сақтайтын жауапкершілікті жүктеген жартылай мифтік поэтикалық, қайталанбайтын күрескерлік өмірдегі даралық. Оның бойынан да: намыс-шылдық, қайсарлық, ептілік, жігерлілік, төзімділік т.б. жағымды этикалық сапалар табылып отырумен қатар, өзі – ерекше құдыретті тәндік күш тасқынының ядросы. Ол жаугершілік заманның тағайындалған көшбасшысы, түркілік «ер» образының үлгісі, өзінтану мен өзін әлемге таныстырудың экспликациясы.

Демек, ол – ұлттың өзін сақтаудың қорғаныш механизмінің идеологиясы, тұлғаны қалыптастырудың социологизмі, адам бойындағы сол дәуір тұрғысынан бағаланған сапалық қасиеттерді ұсынуының этизмі, адам бойындағы тәндік қуатты ашудың персонализмі, ел мен жерін қорғауға тәрбиелеудің педагогикасы, өзін-өзі айқындау мен қоғамдағы орнын ашудың эгогносеологизмі т.б. бола отырып, бүгінгі заман үшін спорт өнеріндегі барлық құрылымдық қасиеттердің моделіне үлгі бола білді. Сондықтан қаһармандық тұлға мифін зерттеуші ғалымдарымыз оның басты функциясы да осы идеологиялық сипатта екендігін атап өтеді [15, 39 б.].

Соғыс спортқа қатысты алғанда – бәсеке, жеңіске жету, тәуекелшілдік, жаттығудың нәтижесі, шекаралық жағдайдағы адам болмысы, социобиологизм, тәнге басымдылық берушілік т.б. болса, соғыс өнері осы процестерді сақтау мен оның тұрақтылығын қамтамасыз етудің шарты. Бұл шарт түрік қоғамында әлеуметтік сипат ала отырып, тұрмыс қалпына да айналып, бос уақытты тиімді өткізудің құралы болып саналып, өмірмәнділікті құрап, өзінің қайталамалы құндылығы арқылы өнерге, яғни, спорт өнеріне ауысқан деп тұжырымдауымызға болады, бұл барлық спорт түрлерінің синкретизмдік субстраты болған тәрізді. Сәйкесінше спорт та мәдениәлеуметтік құрылым ретінде бос уақытты тиімді өткізудің тұрмыс қалпын құраған.

Демек, соғыс өнеріндегі саяси қақтығыстық сипат – оппозициялық мәдени «ойынға» өзінің функцияларын көшірген. Бұл ұлттық болмыстағы «шынайы ойын» мен «мәдени ойын» бірлігінің даму диалектикасының тарихи-



салыстырмалылық айқындығы. «Спорттық жарыстардың барлық түрлеріндегі негізгі буын өнердегі тәрізді ойын болып табылады. Ойындық сипатын жоғалтқанда спорт күш қолдану арқылы шешілетін кикілжіңге айналар еді». Сәйкесінше, құрылымдық әдіс бойынша ұрыстық оқиғаға ойындық элементті қоссақ, күш қолдану кикілжіңі түсіріледі, бұл да ұрыс пен спорттың түбі бір психологиялық синкреттік сипатын танытады.

Жауынгерлік идеологияның негізгі элементі және түпкі имманенті мотивациясы – елін қорғау. Елін қорғаған баһадүрде прагматистік пайдакүнөмдік, өз қамын ойлайтын эгоизм т.б. қасиеттер жат, оған керісінше ұжымшылдық психологиядағы – халқын өзімен органикалық-әлеуметтік тұтастықта пайымдау тән.

Баһадүрдің ел қорғаушылық қасиеттерінің шарттары – этник эксцентризм, ұлт алдындағы альтруизм, тән құрбандығына дайын болу, мақсатты міндетке айналдыру т.б. болса, сәйкесінше спорт өнерінің иесі де өзінің мемлекеті мен халқының алдындағы ұлы жауапкершілікті осылай сезінеді деп тұжырымдауымызға болады. Оның да түпкі мақсаты өзінің демонстрацияланған тұлғасы арқылы ұсынылатын ел мүддесі болып шығады.

Ел мүддесі мен жеке мүдденің сәйкескелуі отансүйгіштіктің негізін құрайтындығын тұжырымдаушылардың идеялары да осы баһадүр психологиясын зерделеу аясында бір-бірімен байланысып, пікірлері тоқайласып жатады: «Адам бойына сіңген әлеуметтік және рухани құндылықтар рухани табандылықтың, ерлік пен батырлықтың, ізгіліктің бастауы бола отырып, Отан алдындағы борыш пен міндетті орындауда кездескен қиындықтарды батыл жеңуге құлшындырады. Ол үшін қоғам мүддесі, ұлттық мүдделер әркімнің өзінің, жеке басының мүддесі дәрежесінде қабылдануы керек» [16, 5 б.].

Елін қорғау идеалы асқақ құндылыққа айналып, ол үшін тәндік қуаттылыққа ұмтылыс пайда болады немесе күш-қуатты игі мақсатқа пайдалану дилеммасы ұлттық тарихымызда мыңдағын жылдар бойы сақталып келе жатқан оның болмысының шынайы сақталуының кепіліне айналған. Түрік халқының тұтас ұлттық болмысының анық айғағы, концептуалдық түрдегі бүкіл тыныс-тіршілігінің бағдары – әдет-ғұрып пен салт-дәстүрі құрылымдық-функционалдық түрдегі көпқызыметті-күрделі жүйе. Оның саяси-әлеуметтік, этикалық-эстетикалық, құқық-демократиялық т.б. салаларды құрайтын көпмәнділігімен қатар ұлттық

спорт өнерінің қалыптасуы мен дамуына өзіндік ықпал еткен құрылымына айрықша назар аудару да маңызды.

Әдет-ғұрып пен салт-дәстүр – көне замандардан бері ұлттың өз призмасынан өткізген, сан алуан діни сенімдер мен өзге де идеологиялар кеңістігінен таңдап және іріктеліп алынған, өздеріне оңтайлы өмір сүру бағдарларының, үлгілерінің статикалық-динамикалық түрдегі жиынтығы. Сондықтан оның құрылымы «бәрінің әу бастан берілген жауабы» дайын күйіндегі «құндылықтардың бәрі де бар» тұтас концептуал жүйе.

Жоғарыда көрсетілгендей, халқымыздың тіршілік ету мен өмір шындығынан бір сәткі үзілісі, жаугершілік пен жауласудан психологиялық жалығу, тән мен рухтың психологиялық жеңілденуі мен шынығу қажеттілігінен «ұлттық ойындар» туған дәуір – ұлттық спорт мәдениетінің алғашқы арнайы «ресми» бастауы болып саналады. Түрік халқы ойын мен спорт түрлерін, жауынгерлік соғыс өнерін арнайы ажыратпаған, оларды бірлікте қарап, тәндік-жандық жетілу функционалистігінің синкреттік құралы ретінде түйсінген.

«Наурыз – нағыз ойын-сауық, спорт пен өнер тоғысқан халықтық мереке. Наурыз үлкен мен кішінің, еркек пен әйелдің, ақын мен бишінің, ауылдағылар мен қаладағылардың спорт пен өнер саласындағы саңлақтардың ашық жарысы. Жарыста күштілердің күштісі, жүйріктердің жүйрігі «жүгіріп озады, қуып жетеді» [17, 458 б.] – деген жолдар да осының айғағы.

Сондықтан соғыс өнерінің элементтерін (садақ ату, найза лақтыру т.б.), ұлттық ойын көріністерін (ат шабыс, қыз қуу т.б.) тұтастай арнайы ұлттық спорт өнері деп, ал діни сенім ритуалдарын (бақсының зікір салуы, Тәңірге жалбарыну), тәндік дене қимылын қажет ететін салттарды (отқа май құю, т.б.) оның тарихи-шығу тектік алғы шарты деп түсінуіміз қажет.

Ұлттық ойындар спортының да құрылымдық жағы сан алуан, көп түрлі болып келетіндіктен, осы ресми бастаулармен жарыспалы түрде жүріп отыратын, толықтырылатын, дамытылатын синкретизмдік алғышарттарды құрауда да алғашқылық мәні бар. Атап өткеніміздей, ұлттық спорт өнерінің қалыптасуының құрылымдық-функционалистік негіздерінің шығу тегінің сатыларының бірі – «үдеріс коммуникациясына» келетін болсақ, рухани-мәдени диалогтардың орныға бастауы мен нығаюы тұсында әлемге әйгіленген түрік мемлекетінің этноцентристік мәдениет орталықтық сипаты болғандығы жасы-

рын емес. Мәдени дифференциациядағы синкреттік бастауларды осы түрік халықтарының ұлы қорынан тарату, оны мәдениет түпнегізі мен субстраты ретінде қарастыратын көзқарастардың астарында да шындық жатқан тәрізді.

### Қорытынды

Түрік ұрпақтарының ұлттық мәдени-рухани дамуының сан ғасыр бойы қалыптасқан тұтас болмысы, жасампаздығы мен өміршеңдігі олардың әлемдік аренадағы беделінің сақталуына қызмет етті. Ғылыми-техникалық прогреске дейінгі адамзаттың күш доминанты болған кезеңдерінде ғұндар мен сақтар, түріктер мен хандық дәуірлерде шындығында да этнокөшбасшылық сақталып, оның шарты мемлекеттік қауымдасудың бірлігі мен түрік ұлдарының ержүректілігі арқылы жалғасын тауып сабақтасып отырды. Осы жауынгерлік қасиеттер тәндік ерекше күш-қуат пен ептілікті және ұлттық рух қуатының сарқылмас өлшемдерін қажет етті. Тұтастай алғанда, осының бәрі ұлттық дүниетаным синкретизміндегі біртұтас мәдениет тамырларымен астасып жатты. Бұл астасқан тұтастық түрік халқында спорт өнерінің қалыптасуы мен дамуының және нәтижелі өркендеуінің тарихи-әлеуметтік негіздерін құрады. Бүгінгі түрік халқының спортқа бейімділігі мен жетістіктері оның биологиялық негізінен, генетикалық-туыстық жалғастығынан, өзіне тән ұлттық менталитет пен түркілік рухтан бастау алады.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Гончаров В.Д. Человек в мире спорта. Физическая культура человека: традиций и современность (социально-психологические аспекты). – М.: Физкультура и спорт, 1978. – 96 с.
- 2 Этнос философиясы // Ғылым тарихы мен философиясы: Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 416 б.
- 3 Қазақ бақсы-балгерлері. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 224 б.
- 4 Қазақ спортының саңлақтары. (Октябрь Жарылғапов, Әбдісәлан Нұрмұханов, Бекзат Саттарханов туралы естеліктер). – Алматы: Білім, 2007. – 272 б.
- 5 Цивилизация // Энциклопедический словарь. – СПб., 1903. – Т. 38. – 442 с.
- 6 Клод Каэн. Кочевники и оседлые в средневековом мусульманском мире // Мусульманский мир. – М., 1981. – 312 с.
- 7 Ислам в Восточной, Центральной и Южной Африке. – М., 1991. – 226 с.
- 8 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: Летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата: Рауан, 1992. – 374с.

9 Зайончковский А. Старейшие арабские хадисы о тюрках. VII-XI вв. // Тюркологический сборник. – М., 1996. – 276 с.

10 Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1993. – 516 с.

11 Хара Даван Э. Чингис-хан как полководец и его наследие. – Алматы: КРАМДС – Ахмед Яссауи, 1993.

12 Пьянков И.В. Средняя Азия в известиях античного историка Ктесия. – Душанбе, 1975. – 191 с.

13 Стеблева И.В. Поэзия тюрков VI-VIII вв. – М., 1965. – 140 с.

14 Тынышпаев М. Историческая справка о племени в составе коренного населения Ташкентского уезда. – Кызыл-Орда, 1926. – 103 с.

15 Бекежан Ә.Қ. Қоғам және миф: Оқу құралы. – Алматы: Домино, 2002. – 124 б.

16 Устиненко В.И. Игра и эстетическая деятельность: автореф. ... док. пед. наук. – М., 1969. – 123 с.

17 Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 томдық. Т.7: Қазақтың халық философиясы. – Астана: Аударма, 2006. – 544 б.

### Transliteration

1 Goncharov V.D. Chelovek v mire sporta. Fizicheskaya kul'tura cheloveka: tradicij i sovremenost' (social'no-psihologicheskie aspekty) [Man in the world of sports. Physical culture of man: traditions and modernity (social and psychological aspects)]. – М.: Fizkul'tura i sport, 1978. – 96 s.

2 Etnos filosofiyasy // Gylm tarihy men filosofiyasy: Okulyk [Philosophy of Ethnos // History and Philosophy of Science: Textbook.]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2006. – 416 b.

3 Qazaq baqsy-balgerleri [Kazakh shamans-balgers]. – Almaty: Ana tili, 1993. – 224 b.

4 Qazaq sportynyn sanlaqtary. (Oktyabr' Zharylgapov, Abdysalan Nurmuhonov, Bekzat Sattarhanov turaly estelikter) [Stars of Kazakh sports. (Memories of Oktyabr Zharylgapov, Abdysalan Nurmukhanov, Bekzat Sattarkhanov)]. – Almaty: Bilim, 2007. – 272 b.

5 Civilizaciya // Enciklopedicheskij slovar' [Civilization // Encyclopedic Dictionary]. – SPb., 1903. – T. 38. – 442 s.

6 Klod Kaen. Kochevniky i osedlye v srednevekovom musul'manskom mire [Nomads and Settlers in the Medieval Muslim World] // Musul'manskij mir. – М., 1981. – 312 s.

7 Islam v Vostochnoj, Central'noj i Yuzhnoj Afrike [Islam in East, Central and Southern Africa]. – М., 1991. – 226 s.

8 Klyashornyj S.G., Sultanov T.I. Kazahstan: Letopis' trekh tysyacheletij [Kazakhstan: Chronicle of three millennia]. – Alma-Ata: Rauan, 1992. – 374 s.

9 Zajonchkovskij A. Starejshe arabskie hadisy o tyurkah. VII-HI vv. [The oldest Arabic hadiths about the Turks. VII-XI centuries.] // Tyurkologicheskij sbornik. – М., 1996. – 276 s.

10 Gumilev L.N. Drevnie tyurki [Ancient Turks]. – М., 1993. – 516 s.

11 Hara Davan E. Chingis-han kak polkovodec

i ego nasledie [Genghis Khan as a military leader and his legacy]. – Almaty: KRAMDS – Ahmed Yas-sau, 1993.

12 P'yankov I.V. Srednyaya Aziya v izvestiyah antichnogo istorika Ktesiya [Central Asia in the news of the ancient historian Ctesias]. – Dushanbe, 1975. – 191 s.

13 Stebleva I.V. Poeziya tyurkov VI-VIII vv. [Poetry of the Turks of the 6th-8th centuries]. – M., 1965. – 140 s.

14 Tynyshpaev M. Istoricheskaya spravka o plemenom sostave korennoogo naseleniya Tashkentskogo uezda [Historical background of the tribal composition of the indigenous population of Tash-

kent district]. – Kyzyl-Orda, 1926. – 103 s.

15 Bekezhan O.Q. Qogam jane mif: Oqu quraly [Society and Myth: A Textbook.]. – Almaty: Domino, 2002. – 124 b.

16 Ustinenko V.I. Igra i esteticheskaya deyatel'nost': avtoref. ... dok. ped. nauk [Play and aesthetic activity: author's abstract... doctor of pedagogical sciences]. – M., 1969. – 123 s.

17 Qazaq halqynyn filosofiyalyq murasy: 20 tomlyq. T.7: Qazaqtyn halyq filosofiyasy [Philosophical heritage of the Kazakh people: 20 volumes. Volume 7: Kazakh folk philosophy]. – Astana: Audarma, 2006. – 7 T. – 544 b.

## АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

*Berik Mұратұлы Аташ*

қауымдастырылған профессор, философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: atash\_berik@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-3431-748X

*Izgiлик Жолманұлы Ахметов*

философия ғылымдарының кандидаты, «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері, Рединг университеті, Беркшир, Англия, email: izaka73@mail.ru, ORCID ID: 0009-0001-8213-5157

*Әсет Абайұлы Құранбек*

философия кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: akuranbek@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-3801-0752

*Нұргүл Мейрамқызы Тәттібек*

PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: nurgultattibek78@mail.ru, ORCID ID: 0009-0001-6155-7799

*Berik Mұратұлы Аташ*

ассоциированный профессор, доктор философских наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: atash\_berik@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-3431-748X

*Izgiлик Жолманович Ахметов*

кандидат философских наук, обладатель международной стипендии «Болашақ», Университет Рединга, Беркшир, Англия, email: izaka73@mail.ru, ORCID ID: 0009-0001-8213-5157

*Әсет Абайұлы Құранбек*

заведующий кафедрой философии, кандидат философских наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: akuranbek@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-3801-0752

*Нургул Мейрамқызы Тәттібек*

PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: nurgultattibek78@mail.ru, ORCID ID: 0009-0001-6155-7799

*Berik Atash*

Associate Professor, Doctor of Philosophical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: atash\_berik@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-3431-748X

*Izgiлик Akhmetov*

Candidate of Philosophical Sciences, Bolashak International Scholarship recipient, University of Reading, Berkshire, England, email: izaka73@mail.ru, ORCID ID: 0009-0001-8213-5157

*Asset Kuranbek*

Head of the Department of Philosophy, Candidate of Philosophical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: akuranbek@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-3801-0752

*Nurgul Tattibek*

PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: nurgultattibek78@mail.ru, ORCID ID: 0009-0001-6155-7799

# МОМАҚАН ӘЛИЕВТІҢ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНА ТАЛДАУ

А.Бекболат, Н.Е. Кайрбеков

## АҢДАТПА

Бұл мақалада Қазақстандағы ислам мәдениетінің XX ғасырдың бас кезеңіндегі жарық көрмеген жаңа материалдардың үлкен корпусы ғылыми айналымға енгізілген. Қазақстанның бүгінгі Көкшетау өңірінде өмір сүрген дін қайраткері Момақан Әлиевтің қолжазбалары мен жеке қорында сақталып қалған араб жазулы мұраларына талдау жасалынды. Зерттеудің мақсаты және негізгі бағыттары мен идеялары - қоғам және рухани қайраткер, тарихшы, жазушы, ақын, рухани лидер Момақан Әлиев мұрағаты, кітапханасы және шығармаларын ғылыми айналымға енгізу. Қазақстан Республикасының жаңа зияткерлік дін тарихында осындай маңызды орынға ие тұлғаның шығармашылығы мен қызметі туралы нақты әрі тікелей қолжазбаларына талдаулар жасалынды. Зерттеу барысында көмекші тарихи пәндер - эвристика, шығыс қолжазбаларының палеографиясы мен кодикология, дипломатика, генеалогия мен дінтанулық зерттеу әдістері мен тәсілдері пайдаланылды. Еңбекте Момақан Әлиевтің негізгі 3 қолжазбасының сипаттамасы, қолданған материалдары, жазу стилі мен ерекшеліктері мен жазу мақсаты айқындалды. Мақала Әлиев мұрағатының және қолжазбаларының ғылыми айналымға енуіне, виртуалды каталогын зерттеушілер үшін оған қол жеткізуді жеңілдетуге, қолжазба материалдарының ішіндегі мәліметтерді өзге ғылыми еңбектермен салыстыруға қызмет етеді. Бұл еңбек Қазақстандағы дінтану саласының әсіресе ислам өркениетіне Қазақстан аумағынан шыққан ғалым ғұламалардың қосқан үлесін анықтау және ортаға қою тұрғысынан пайдалы. Сонымен қатар Қазақстан аумағында кеңестік кезеңде қалыптасқан діни мектептердің арасындағы айырмашылықты және мемелекет жүргізген дін саясатына тікелей дін өкілдерінің көзқарастарынан қарауға мүмкіндік ұсынады. Бүгінгі таңдағы діни білім және ғылым саласының дамуына және тереңірек зерттелуіне үлес қосары да анық Қазақстандағы ислам мәдениетін, бірінші деңгейлі яғни қолжазба деректерден зерттеу жұмыстарын жеңілдетері сөзсіз.

**Түйін сөздер:** Көкшетау, рухани мұра, тарих, қолжазба, дін қайраткері, Момақан Әлиев.

Л.Н.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық  
университеті,  
Астана, Қазақстан

Автор-корреспондент:  
Бекболат А.,  
adil\_kz.tr.87@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:  
Бекболат А.,  
Кайрбеков Н.Е.,  
Момақан Әлиевтің  
қолжазбаларына талдау //  
Адам әлемі. – 2024.  
– №4 (102). – Б. 52-63.

## Исследование рукописей Момакана Алиева

**Аннотация.** В данной статье представлена значительная коллекция новых материалов, связанных с исламской культурой в начале XX века в Казахстане, которые были внесены в научное исследование. В ней проводится анализ и изучение арабских рукописей, хранившихся в личном архиве и книжной коллекции религиозного деятеля, историка, писателя, поэта и духовного лидера Момакана Алиева, жившего в городе Кокшетау в современном Казахстане. Цель и основные идеи этого исследования заключаются в привлечении внимания общества и исследователей к научному наследию и творчеству Момакана Алиева, а также к его книжной коллекции и произведениям для дальнейшего научного изучения.

В ходе исследования были применены различные научные методы и техники, включая эвристику, палеографию и кодикологию рукописей на восточных языках, дипломатику, генеалогию и религиозные исследования. В результате были получены ценные данные и результаты исследований.

В статье также обсуждается содержание и особенности стиля письма Момакана Алиева, а также его цели при создании рукописей, подчеркивается важность этого исследования для научного общества, представлен каталог, который облегчит доступ к материалам и информации в рукописях

Момакана Алиева для исследователей. Результаты этой работы содействуют более глубокому пониманию духовного и культурного наследия исламской культуры в Казахстане, особенно в контексте новой истории религиозных исследований в стране.

Кроме того, данное исследование имеет важное значение для выявления влияния ученых и религиозных лидеров на развитие религиозной политики в Казахстане в период формирования новой динамики в образовании и межконфессиональных отношениях. Сегодняшний успех в развитии религиозного образования и науки в Казахстане, а также более глубокое исследование исламской культуры в стране невозможны без систематического анализа документов и исследований, проведенных на базе рукописей и книг Момакана Алиева.

**Ключевые слова:** Кокшетау, духовное наследие, рукописное сочинение, религиозный деятель, Момакан Алиев.

### Analysis of Momaqan Aliyev's Manuscripts

**Abstract.** In this article, a significant collection of new materials related to Islamic culture in Kazakhstan at the beginning of the 20th century, which have been incorporated into scholarly research, is presented. It involves the analysis and study of Arabic manuscripts preserved in the personal archive and book collection of the religious scholar, historian, writer, poet, and spiritual leader Momaqan Aliyev, who lived in the city of Kokshetau in modern Kazakhstan. The aim and primary ideas of this research are to draw attention of the public and researchers to the scholarly legacy and works of Momaqan Aliyev, as well as to his book collection and writings for further academic investigation.

Various scientific methods and techniques were applied during the research, including heuristics, paleography, codicology of manuscripts in Eastern languages, diplomatics, genealogy, and religious studies. Valuable data and research findings were obtained as a result.

The article also discusses the content and stylistic features of Momaqan Aliyev's writings, as well as his objectives in creating the manuscripts. It underscores the significance of this research for the scholarly community and presents a virtual catalog that facilitates access to materials and information in Momaqan Aliyev's manuscripts for researchers. The outcomes of this work contribute to a deeper understanding of the spiritual and cultural heritage of Islamic culture in Kazakhstan, especially in the context of the new history of religious studies in the country.

Furthermore, this research holds importance in identifying the influence of scholars and religious leaders on the development of religious policies in Kazakhstan during the period of shaping new dynamics in education and interfaith relations. The current success in the development of religious education and science in Kazakhstan, as well as a more profound exploration of Islamic culture in the country, is impossible without the systematic analysis of documents and research conducted based on the manuscripts and books of Momaqan Aliyev.

**Key words:** Kokshetau, Spiritual Heritage, Handwritten, Religious Leader, Momaqan Aliyev.

### Кіріспе

Көкшетау өңірінен шыққан ғұмырының бастапқы кезеңін Ресей империясының ықпалындағы саясатпен басталса да, соңы Кеңестік режимнің саясатымен араласқан, ауыспалы кезеңнің тұлғасы, тұрақсыз заманда тұрақты іс атқаруға тырысқан Момақан Әлиевтің Қазақ-түрік тарихы атты қолжазба шығармаларының әрбір нұсқаларына (Түрік тарихы, Қазақ тарихы, Қазақ шежіресі және Қазақ-түрік тарихы) анализ жасалынып, болашақта осы мәтіндерге критикалық (сыни) текст жасауға қосатын үлесін бағалау маңызды. Себебі Момақан Әлиев өз еңбегімен тарихты зерттеудегі құлшынысын, соның ішінде әсіресе ислам тарихын және күллі түркі даласындағы исламның таралу тарихына қатысты деректерді жинақтауға және өзінің пікірлерімен бөлісуге тырысқан.

Сонымен қатар алдыңғы еңбектерімізде “Момақан Молдадан қалған мұраларының көбісі тарап кеткендігіне назар аударған едік. Соған қарамастан ұрпақтарының қолында 3 қолжазбасы мен кітапханасында 70-ке жуық кітабы

аман сақталып қалған. Бұл кітаптарды Момақан молда Ташкентке барған кезінде әкелген болуы немесе сол өңірде қызмет атқарған дін қайраткерлерінен жинаған болуы мүмкін деген жорамалымыз бар. Бұл кітаптардың бәрін Момақан молда өзі қаттап, түптеп шыққандығын” [1, 73-76 бб.] айтқан едік. Кітапханасынан табылған кітаптардың тізімін сол жерде көрсеткен едік. Ал осы мақаламызда Момақан Әлиевтің кітапханасындағы кітаптарға жалпы сипаттама беріп бірнеше кітапқа нақты тоқтала кетуді дұрыс деп ойлаймыз. Жалпы Момақан Әлиевтің жинап алған кітаптарының басым көпшілігі; фикһ (ислам құқығы), тарих, пәтуа, хадис және т.с. бағытта жазылған кітаптар және осы кітаптардың басым көпшілігі Осман империясынан шыққан Османдық ғалымдардың жазған еңбектері. Ал өзінің қолжазбаларында жиі жүгінген, сілтеме ретінде көрсеткен кітаптарының ең басында Шамсаддин Самидің “Қамусул Ағлам” (Ғалымдар сөздігі) атты еңбегі келеді. Бұл еңбек алты томнан тұрады. Еңбекте тарих, жағрапия және атақты адамдар жайлы энциклопедиялық мәліметтер қамтылған. Түрік тілінде жарық



көрген энциклопедиялардың алғашқысы болып саналатын осы еңбекте, кітаптың өзінде де айтылғандай, тарих және география пәндерін ең маңызды пән деп санаған [2, 519-523 бб.].

Тағы да бір тоқтала кететін еңбектердің бірі ол Шиһаб ад-дин Маржанидің “Тәржума-и хали”. Бәршамызға мәлім болғандай Маржанидің көзқарастары жәдидшілдік мектебінің қалыптасуына орасан зор үлес қосқан. Әлиевтің де кейбір жаңаша көзқарастарына басты себеп болған еңбектердің бірі осы болу ықтималдығы өте жоғары. Сонымен қатар Маржанидің “Мустафад ал-ахбар” атты еңбегінде пайдаланған кейбір кітаптарға Момақан Әлиевтің де сілтеме жасауы назарға ілінерлік құбылыстардың бірі. Әлиевтің өлімі жайлы жазылған есепте “Оның діни ғұрыптардың көбісін мақұл көрмегендігіне” қатысты мәселелер де тоқталуға сұранып тұрған жаңалықтардың бірі. Сол жердегі дінде жоқ кейбір әдеттердің жергілікті имамдар тарапынан атқарылғандығын және мұндай әдеттердің, өз жаназасында орын алмауын қатты ескертуіне себеп болған еңбектердің бірі ол “Фирхист-и Тариқат ал-мухаммадийа” атты (*Birgivi Mehmed Efendi'nin* (ö. 981/1573) Биргиви Мехмет Ефендинің еңбегі болу ықтималы өте жоғары. Себебі бұл еңбекте діндегі жоқ бола тұра кейіннен енгізілген “Бидғаттарға” жаңашылдықтарға қатысты көптеген мәліметтерді қамтыған [3, 106-108 бб.]. Ендігі кезекте Әлиевтің кітапханасын келесі мақаламызға аманат ете отырып негізгі мәселеміз болып табылатын қолжазба мәтіндеріне тоқталатын болсақ.

Бүгінге дейін Момақан Әлиевтің 4 қолжазба (Түрік тарихы, Қазақ тарихы, Қазақ шежіресі және Қазақ-Түрік тарихы) еңбегі және Қазақ-Түрік тарихының кирилл әліппесімен машинкаға Қарта Қаңтарбаев тарапынан түсірілген нұсқасы табылды. Бұл еңбектердің 3-еуі (Түрік тарихы, Қазақ тарихы және Қазақ шежіресі) ұрпақтарының (үлкен ұлы Тастемір Әлиевтің) үйінде сақталған. Бұл кітаптарды Момақан молда өзі түптеп, өзі тіккен. Қолжазбалар альбом типтес етіп түптелген кітапқа тігілген фолиант іспеттес. Мәтіндер фабрикалық қағазға жазылған. Түрік тарихы 179 бет, Қазақ тарихы 191 бет, Қазақ шежіресі 180 бет және Қазақ-Түрік тарихы 250 беттен тұрады. Кітаптардың атауынан да байқайтынымыздай жалпы Момақан Әлиевтің ең басты мақсатының бірі жалпы Түркі әлемінің басын бір атаға апарып қосып, негізгі түбірі бір, Түрік балалары екендігін

көрсететін ислам тарихшыларының ізінен жүруге тырысуы.

Түрік тарихы атты еңбегінде жалпы түркі елдерінің шығу тегі (этногенез), салт-дәстүрі, тілдік ерекшеліктері және діни сенімдерін жеке-жеке алып бір-біріне ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ашып көрсетуге тырысқан. Кей жерлерде өзі пікір қосып отырған.

Міне осының бәрі Қазақ даласындағы ислам тарихы зерттеулеріне орасан үлес қосатын зерттеулердің қатарында деуге әбден болады. Тұңғыш рет қазақ даласынан шыққан дін қайраткерінің көзімен қазақ тарихына үңілу, тарихтың салған жолына жаңа жолақтар қосады деген үміттеміз.

### Әдіснама

Бұл мақаламыздың мақсаты аталмыш нұсқалар осы күнге дейін еш зерттелмегендіктен, бұларды зерттеудің маңыздылығын анықтау және ұлы даланың төрінен шыққан дін қайраткерінің ғылым жолындағы талпынысын көрсету.

Міндетіміз болса: қолжазбалардың ішкі және сыртқы сипаттамасын анықтап кейінгі зерттеу жұмыстарына жол ашу.

Осы алға қойған мақсатқа жету үшін біз қолжазба нұсқаларының толық сипаттамасын анықтадық, бір бірімен салыстырдық және қолжазбаларда қолданылған әдебиеттерді анықтадық. Момақан Әлиевтің артта қалған ұрпақтарымен кездесулер өткізіліп, қолдарында сақталып қалған Әлиевтің мұралары толығымен тізімделіп, скан нұсқалары тиісті папкаларға сақталды. Сонымен қатар ұрпақтарының ойында қалған естеліктері аудио таспаға жазылып, кейіннен хаттама жасалып тіркелді. Әлиевтің өзі баяндап кеткен Қарта Қаңтарбаевқа табысталған қолжазбасын Алматы қаласындағы ҚР Білім және ғылым министрлігіне қарасты Ғылым Ордасының сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақталған “Түрік-Қазақ тарихы” атты еңбегінің, автордың өз қолымен жазған араб жазулы нұсқасы және Қарта Қаңтарбаев тарапынан машинка арқылы кирилл әріпіне түсірілген нұсқасы толығымен скан жасалып зерттеуге алынды [4, 243 б.].

Зерттеу барысында Көкшетау қаласының Оңтүстік Шығысындағы кіреберіс тас жолында орналасқан қабірінде тарихи және археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп, зерттеу нәтижесі хаттамаға алынды [1, 109 б.]. Осы зерттеу жұмыстары барысында күмән келтірерлік не болмаса деректердің сенімділігі тұрғысынан төмен баға берілгендері назарға алынбады. Мүм-

кіндігінше құжаттарда және қолжазба еңбектерінде қамтылған не болмаса газет-журнал беттерінде жарық көрген материалдарға басымдылық берілуге тырысылды.

### **Момақан Әлиевтің еңбектері**

Негізінде бұл зерттеу жұмысын жасаудағы басты мақсатымыз ұлы даланың тарихында бұрын соңды көріл-меген, дін қайраткерінің қолымен қаламға алынған зерттеу жұмысын алға шығару. Баршамызға мәлім болғандай Қазақ даласының тарихы түрлі себептермен жазылды.

Түпкі тамыры 1818-жылдан бері келе жатқан Санкт-Петербург орыс шығыстану орталығына сүйенетін шығыстану институты, Кеңестік кезеңде саяси құралға айналуға мәжбүр болған еді. 1930-1970 жж. аралығында әсіресе баспа үйлерінің жұмыстары толығымен мемлекеттік идеологияға айналғаны баршамызға аян. Бұл баспалардың үкімет тарапынан берілген тапсырмаларды орындау арқылы Орта Азия елдерінің әрбіріне жаңаша, саяси идеологияға сәйкес тарих жаздырғандығы да белгілі [5, 108-109 бб.]. Дәл осы кезең аралығында жеке дара ғылыммен айналысқан ға-лымдардың еңбектері үкімет тарапынан мүлдем назарға алынбаған. Себебі Мемлекеттік идеологияның мүддесіне ғана жұмыс істейтін ғылыми жаңалықтар мен жүйелер ғана керекті болған [5, 113-114 бб.].

Көріп отырғанымыздай ұлы даланың тарихын мынандай себептермен жазды деуге болады: 1) Кеңес үкіметінің тапсырмасымен, белгілі бір саяси мақсаттарда жазылған, 2) Дербес зерттеуші ретінде келген еуропалық ғалымдардың тыс-тан жасалған көзқарастарына негізделе отырып жазылған, 3) Қазақ даласынан шыққан тұлғалардың өз қажыр-қайраты және еңбектерінің нәтижесінде дербес зерттеу жасалып тарих кітаптары жазылған (1), бірақ бұл еңбектің өзі Кеңестік режимнің ықпалынан көп шыға алмады және 4) Момақан Әлиев сынды дін қайраткерлерінің оқыған білгендерін жинақтап халық ішінен жазған (2).

Осы тұста аталмыш тарихтар арасындағы айырмашылықты, әсіресе дінтанулық тұрғыдан зерттеуді бүгінгі таңда өте маңызды деп есептейміз. Себебі ұлы даланың мәдениетіне және салт-санасына әбден сіңген діни ұғымның қай кезеңнен бастау алғандығы, тарих сахнасында қандай өзгерістердің пайда болуына себеп болғандығы, қоғамның ішкі

жүйесіне қаншалықты әсер еткендігі және т.с. тақырыптар өкінішке қарай өте аз зерттелген тақырыптардың бірі. Әсіресе көнеден қалған бірінші деңгейдегі қолжазба деректерін талдай отырып жасалған дінтанулық зерттеулер өте сирек, тіпті жоқтың қасы деуге де болады. Міне осындай себептерден жолға шыға отырып, аталмыш автордың еңбектерін алғаш рет ғылыми тұрғыдан зерттеуді қолға алып отырмыз.

Бұл зерттеу жұмысының тек осы сатыда тоқтап қалмауы, бұдан әрі жалғасын тауып, әлі күнге табылмаған, авторға тиесілі еңбектерді зерттеу жұмыстарын жалғастыру керек деген ойдамыз. Мұның себебі: Біріншіден кез келген діни салт-сана, қандай да бір қоғамға енгеннен кейін, қоғамның салт-санасына сай өзгерістер мен жаңартуларға ұшырайды. Ұлы даланың төріне VIII ғасырда келген Ислам мәдениетінің қоғамда қандай өзгерістерді туындатқанын және осы өңір қоғамының Ислам мәдениетіне қандай өзгерістер мен жаңалықтар енгізгендігін анықтау үшін аса маңызды деректерді бере алады деген ойдамыз. Екіншіден жоғарыда да қысқаша тоқталып өткеніміздей кез келген қоғамның тарихы бірнеше тұрғыдан зерттелген, алайда еш бір зерттеу қоғам ішіндегі халықтың көзқарасындай бола алмайды. Қандай да бір саяси күштің ықпалынсыз не болмаса қандай да бір мақсатты көздемей жазылған еңбек-тердің құндылығы жоғалмауы тиіс деп есептейміз.

Ендігі кезекте зерттеу жұмысында алға қойған мақсатқа жету үшін Момақан Әлиевтің қолжазба нұсқаларына мынандай талдаулар жасалынды:

### **1-ші нұсқа “Қазақ шежіресі” (180 бет)**

#### **А) Ішкі сипаты:**

Бұл нұсқа 31 бөлімнен тұрады (3). Адам атаның шежіресінен бастап Керей шежіресіне дейін келіп тоқталады. Бұл нұсқаның ерекшелігі әрбір атаның ұрпақтарын астына жазып қызыл немесе сиялы қаламмен сызу арқылы бір біріне байланысын көрсетуге тырысқан. Кейбір жерлерінде таблица жасау арқылы көрсеткен. Бұл нұсқада төмендегі нұсқалар іспетті “Қараушыға арнап кіріспе сөз” және “Тапсырыс” деген екі өлең шумақтарын жазып кеткен. Кейбір шежірелердің астына Момақан Әлиев өзінің пікірі мен көзқарастарын көрсетіп кеткен. Ең басқы бетінде 1966-жыл 6/III деп көрсеткен. Кіріспе бөлімі ретінде “Қазақтың тарихы уа шежіресі” деген тақырыппен үш бет қылып жазған. Бірақ бұл нұсқаның соңына

қорытынды жазбаған. Жалпы нұсқа бойынша барлығы 22 бетте (4) глосса жазылған. Нұсқаны 102-ші бетке дейін жазған, одан кейінгі беттері бос қалған, жазылмаған. Жалпы көп беті бос қалған (5).

### Ә) Сыртқы сипаты:

Түптеу: бүтін-картонды, сыртынан қызғылт түсті қағазбен қапталған. Өз қолымен түптеген. Көлемі 29х20 см. Мұқаба – екі қабатты: 1) сыртқы бөлігі картоннан; 2) ішкі бөлігі қағаздан құралған. Алайда ұзақ жылдар тұрғаннан ба мұқабасымен кітаптың арасы ашылып/ажырап кеткен.

Сонымен қатар 16-17 беттердің арасына 133-134 беттерді қосып жабыстырған. Дәл сол сияқты кейбір беттердің ортасына қосымша парақша жабыстырып глоссы жазған (6). 24-25 беттердің арасына бөтен біреудің қолымен жазылған қысқаша мәліметті жапсырған, жапсырманың келесі бетіне “Ескерту” деп өзі қысқаша мәлімет жазған. 34-35 беттер арасына да өзге біреудің жазған мәліметін жапсырған. Бұл еңбек 06/03/1966 жылы тәмамдалған.

Нұсқаны жазу барысында қара сиялы қалам қолданған. Бұл нұсқа Көкшетау қаласында тұратын үлкен ұлы Тастемір Әлиевтің үйінде сақталған.

## 2-ші нұсқа “Түрік тарихы” (179 бет)

### А) Ішкі сипаты:

Мұқабаның ішкі жағы кітаптың бөлігіне жапсырылған. Мұқабаның ішкі бетіне «Ескерту: Жаңа низам Сібірде 1869-жылы шыққан. (т.х. [Тауарих хамса Б.А.] 445 б.). (Осы кітапта 143 б), Кейдани: туралы (Түрік қауым тарихы 269 б)» деп жазылған. Кейінгі бетінде Құрбанғали Халидтің бір шумақ өлеңі жазылған (7). Сол өлеңнің тұсына араб тілінде мақал жазған (8). Жалпы бұл нұсқа алпыс жеті (67) (9) бөлімнен тұрады. Сол тізім мазмұн етіліп беттерінің саны көрсетіліп тізбектеліп ұқыпты күйінде жазылған. Нұсқаның 4-бетінде “Білімде наху (грамматика) тамақтағы тұз сияқты” деген мақал араб тілінде жазылған. 5-бетінде болса бір беттік кіріспе мәтін жазған. Кіріспеде бұл еңбекті жазудағы үш түрлі себебін (10) көрсеткен. Жалпы кіріспесін екі бет етіп жазған. Араб мақалдарынан бірер мысал келтірген. Кіріспе бетін кейіннен жазғандығы білініп тұр. Себебі ақ парақтың үстіне сары жолақты қағаз жабыстырып барып, кіріспені сонда жазған. Алдыңғы жазғандарын өзгертен. Кіріспенің екінші бетінің жартысында “насихат” екінші жартысында “муәллифі [авторы Б.А.] Момақан тарапынан” деп кіріспе бөлімінің өзін 4-ке бөліп жазған. Сонымен

қатар бұл нұсқада үш қолжазбасына жалпы бір тоқталып “Бұл тарихымды үшке бөлдім. I-бөлімі: Түрік тарихы туралы, 95 қағаз 185 бет. II-бөлімі: Қазақтың тарихы туралы, 95 қағаз, 185 бет. III-бөлімі: Қазақтың шежіресі туралы, 95 қағаз” [6, 7 б.] деп көрсетіп кеткен. Бастаған жылы “27/09/1965 (м) - 1385 (h)”, деп көрсеткен. Бұл нұсқаны негізінде 170-бетте бітірмек болып қол қойып 17/ XII 1965-жыл деп жазған. Алайда кейіннен “Ақуам-түрание-туралы шолулар” деп жеті беттік қорытынды жазған. Нұсқаның ең соңында 177-бетінде “Муалифы; момақан Ғабдолжаббар ұлы Әлиев, 1/IV, 1966-жыл” деп тағы да қолын қойған.

Әрбір парақтың шетін сызғыш арқылы қызыл қаламмен сызып 3,5 см бос орын қалдырған, бет нөмірлерін осы бос орынға жазып отырған. Сонымен қатар кейбір сима қалған не болмаса түсіндірме берілуі тиісті мәселелерді (глоссаларды) осы бос қалған жерге қиғаштап жазып отырған. Жалпы нұсқа бойынша барлығы 31 бетте (11) глоссы жазылған. 110-беттің шетінде белгісіз біреудің (Қызық) деп кирилл әрпімен жазған жазуы бар. Тақырыптар арасындағы сандарды қызыл түсті қаламмен рим санымен жазып отырған. Кейбір беттерінде таблица сызу арқылы кімнен кімдер тарағанын көрсетуге тырысқан (12).

### Ә) Сыртқы сипаты:

Түптеу: бүтін-картонды, сыртынан қызғылт түсті қағазбен қапталған. Өз қолымен түптеген. Көлемі 29х20 см. Мұқаба – екі қабатты: 1) сыртқы бөлігі картоннан; 2) ішкі бөлігі қағаздан құралған. Одан кейінгі бетте кітаптың мазмұны бет санымен ұқыпты күйде жазылған. Қолжазбаның 5-6 беттерінде алдыңғы жазғандарының үстінен сары жолақты қағазбен жабыстырып, қайталап жазып шыққан. Сонымен қатар кейбір беттерін дәл осындай сары қағазбен жабыстырған (13). Парақтағы жолдарының саны – 34. Кейбір парақтарының арасында қосымша жапсырмалар тіркелген (14). Қолжазбаның 189-бетінде Социалды Қазақстан газетінде 1965 жылы 15-маусым күні жарық көрген 139 (12792)-санындағы тарих ғылымдары кандидаты Ә. Оразбаевтің «Қола дәуірінің мұрасы» деген тақырыптағы мақаласы жапсырылған. Қолжазбаның толық көлемі 189 бет болса да көптеген беттері бос қалдырылған (15). Қолжазбаның 150-151 беттеріне сия төгіліп кеткен, беттің тең жартысындағы сызулар көрінбей қалған.

12-13 беттерінің арасында сары парақпен 121-122 беттер жабыстырылған.

162-беттен 167-бетке аттап кеткен, ортасындағы нөмірлерді не ұмытып кеткен не

қателесіп қоймай кеткен. Нұсқаны жазу барысында қара сиялы қалам қолданған. Бұл нұсқа да Көкшетау қаласында тұратын үлкен ұлы Тастемір Әлиевтің үйінде сақталған.

### **Б) Нұсқада қолданылған әдебиет-тер тізімі**

Кіріспеден кейінгі бетте қолданылмаған әдебиеттер тізімін (16) жарты бет қағазға жазып екі парақ ортасына жабыстырған. Бұл жерде сөзі алынбаған кітаптарды көрсетудегі мақсаты өзінің қандай кітаптарды оқығандығын көрсетпек болды ма әлде, қосымша материал ретінде пайдаланғандығын көрсетпек болды ма деген сұрақ та туындайды. Ал пайдаланған әдебиеттер тізімін 8-бетте тізбектеп көрсеткен (17).

Кино қоғамдық санаға әсер ететін бірқатар мүмкіндіктерді береді. Себебі кино қоғамдық сананы түрлендіру құралы ретінде адамдарға мәдени бағдар беретін жол сілтеуші іспетті. Зерттеуші Вадим Иванов өзінің «Өнер этникалық бірегейліктің көрінісі ретінде» атты ғылыми жұмысында (2006): «кино..., білім беру, мінез-құлық қалыптастыру, ойын-сауық сынды бұқаралық ақпарат құралдарының барлық функцияларын іске асыра алады...» [2, 18 б.] деген екен. Осы сияқты, зерттеуші Василики Лаллиоти өзінің «Әлеуметтік жады және этникалық бірегейлік: еске алу рәсімі ретінде ежелгі грек драмалық қойылымдары мысалында» (2002) мақаласында күрделі мәдени тарихтың бір бөлігі ретінде неміс киносын зерттей отырып, киноматографтың рөліне үлкен назар аударды. Ол киноны тарихи жадты көрсетудегі негізгі құрал ретінде пайдаланудың маңызы зор екенін атап өткен. Автор нақты саяси мақсатты жүзеге асыру жолында неміс үкіметі киноны саяси идеологияның қаруы ретінде асыра пайдаланып, өз мүддесіне әскерді жұмылдыра жұмыс жасатқанын баса айтады. Осылайша, зерттеуші кино адам санасын манипуляциялауға мол мүмкіндік беретін, жақсылықты да, зұлымдықты да санаға қатар сіңіретіндігін дәлелдеп береді [3, 19 б.]. Бұл ойды постмодернизм философы Жан Бодрийярда қуаттайды, ол «Кино бұқараның көңілін көтеру өнері немесе атақты режиссерлердің, актерлердің, сценаристтердің шығармашылық жетістігі ғана емес, сонымен қатар мәдени және этникалық бірегейлікті көрсететін рәміздер, құндылықтар мен мінез-құлық модельдерін құруға арналған кеңістік» [4, 23 б.] деген. Ғалымдар Юрий Лотманның, Жан Бодрийярдың, Жиль Делездің, Жак Дерриданың постструктуралистік көзқарастағы еңбектерінде кино мәдениет институты ретінде оның стереотиптері мен құндылықтарын, сондай-ақ мәндері мен нышандарын алға тарата отырып, бірегейліктің белгілі бір түрлерін қалыптастыруға әсер ететіндігі айтылады. Киноның тарихи жадты құрудағы ролі мен оның әлеуметтік-мәдени, ұлттық-этникалық, гендерлік, ұжымдық бірегейліктерді көркем бейнелеудегі маңызын қарастырған В.Буденкова, Т.Дашкова, А.Доброницкая, В.Михайлин, А.Усманова, А.Колотова, Н.Хренова және тағы басқалардың еңбектерінде ұқсас пікірлер кездеседі. Бізде осы бағыттағы зерттеулерге ден қойып, кино – бұл көрермендердің ішкі дүниесіне, әлемді қабылдауына әсер етіп, олардың

мәдениетіне деген көзқарасын негіздейтін қуатты құрал екеніне келісе отырып, ол әртүрлі мәдениеттердің бірегейлігін көрсететін, ұлттық және жаһандық контексте мәдени бірегейліктің бейнесін жасайтын кеңістік ретінде қарастырамыз.

Мәдени және ұлттық бірегейлік бейнесін құрудағы киноның ролін зерттеуге арналған көптеген жұмыстардың ішінде Дебора Эшер Барнстоун мен Томас О. Хаакенсонның «Неміс бірегейлігінің өкілдері» еңбегін атап өту керек. Шелдон Сяо-пенг Лудың «Трансұлттық Қытай киноларының бірегейлігі, ұлты, жынысы», Сара Барроудың «Көлеңкеден тыс: «Жаңа» Перу киносы, ұлттық бірегейлік және саяси зорлық», Лаура Адамстың «Біз Орталық Азияға постколониалдық теорияны қолдана аламыз ба?», қазақ зерттеушілерінің арасынан Гулнара Абикееваның «Қазақ киносының қысқаша тарихы: Шәкен Аймановтан Эмир Байғазинге дейін» атты еңбектеріне назар аударамыз.

Мәселенің зерттелу деңгейін талдау мәдениеттану ғылымында қазақ киносы контекстінде мәдени-этникалық бірегейлікті құру әдістері туралы толық түсініктің жоқтығын көрсетеді. Қазақ кинотану мектебінің отандық кинематографияның тарихы мен теориясы бойынша жасайтын зерттеулері мен бірнеше жүздеген басылымдардың болуына қарамастан, бұл мақалада қарастырылған мәселе, өкінішке орай, жеткіліксіз деңгейде сараланғанын байқатып отыр. Отандық кинотануда кинематография дамуының тарихи кезеңдеріне, басым жанрларға, кино тіліне, нақты кинематографистер мен олардың туындыларының шығармашылық әдістерін талдауға, сондай-ақ киноның көркемдік компоненті – актерлік өнер, драматургия шеберлік, монтаждау және операторлық өнерге зерттеулерде бірегейлікті қалыптастырудағы әдістер мен құралдарды анықтауға деген талпыныстар көп. Олар туралы «Қазақстан мен Орта Азияның басқа елдерінде ұлт құру және бұл үдерістің кинематографиядағы көрінісі» (2006) кітабында кинотанушы Гулнара Абикеева ұлттық бірегейліктің қалыптасуын қазақ киносының даму тарихындағы кезеңдік кинолардағы «ұлт» түсінігінің құрылуы актерлік өнер, драматургия әдістері мен құралдары арқылы жүзеге асырылатынын атап өтті [5].

Мәдени бірегейлік келбетін құрумен тығыз байланысты тарихи жадыны репрезентациялау мәселесі аз зерттелген бағыттың бірі болып табылды. Халықтың тарихи жадын жаңғырту – ұлттық киноның

тікелей шығармашылық және мәдени міндеттерінің бірі. Соңғы екі онжылдықта «тарихи жад» және «мәдени жад» ұғымдары гуманитарлық және әлеуметтік білім мен зерттеулердің кең ауқымы үшін тұрақты негіз болды. Өз кезегінде, «қоғамдық тарихтың» пайда болуы ХХ ғасырдың екінші жартысындағы мәдени процестермен және тарихи жадыға деген қызығушылықтың жандануымен тікелей байланысты. Қоғамдық тарих академиялық тарих шегінен тыс жаңа білімдердің, құжаттардың, артефактілердің тың интерпретацияларын тудырып отыратындығы белгілі. Қоғамдық тарих адамның белгілі бір қоғамға және мәдениетке тиесілігін көрсету қаралының бір түріне айналады және әлеуметтену мен салт-дәстүр, әдет-ғұрып нәтижесінде ұрпақтар бойында сақталады [6, 62 б.].

Бұл мәселені зерттеу Ян және Алейда Ассман, Халбвас және тағы басқа ғалымдардың «мәдени жады» тұжырымдамасына арналған еңбек-терінде берілген. Авторлардың пікірін-ше, мәдени жады өзінің бастауын «коммуникативті жадтан» алады, ол ұжымдық жадының тек күнделікті қарым-қатынасқа негізделген түрлерін қамтиды. Мәдени жады білім қорын сақтайды, одан топ өзінің біртұтастығы мен өзіндік ерекшелігін түсінеді. Мәдени жады қайта құру арқылы жұмыс істейді, ол әрқашан өз білімін қазіргі жағдаймен байланыстырады. Бірақ әр заманауи контекст оларды басқаша қарастырады: жадыны иемдену, оны сынау, сақтау немесе түрлендіру арқылы пайдаланады. Мәдени жады екі түрде болады: ертеден бері жинақталған мәтіндер, бейнелер мен мінез-құлық ережелері тұтас көкжиек ретінде әрекет ететін мұрағаттың әлеуетті түрінде және одан әрі әрбір заманауи контекст тудыратын өзектілік кейіпінде өзінің маңыздылығын жаңарта отырып, өз тұрғысынан мағына береді. Осылайша қарастыру мәдениеттен мәдениетке, дәуірден дәуірге көшеді. Қазіргі жағдайда кино бай мұраны танымал етуші құрал. Киноның арқасында қоғамдық тарихтың алға жылжуы қамтамасыз етіледі, себебі қалың оқырман мен көрермендердің тарихи уақиғаларға деген қызығушылығы артып отыр. Кино бірегейлікті құрушы ретінде өткен тарихтың экрандық келбетін қайта тірілтіп, ал көрермен белгілі бір дәрежеде тарихи оқиғалардың қатысушысы, куәгері болады. Соның нәтижесінде көрерменнің санасында тарихи жағдайлар ұзақ сақталып қалады. Ал, тарихи жады бірегейліктің «құрылыс материалы» ретінде әртүрлі

әлеуметтік-мәдени бірегейліктердің құрушысы болып табылады.

Жоғарыда айтқанымыздай, тарихи жадтың мәдени бірегейлікті құрудағы ролі мәдениеттану контекстінде ғылы-ми тұрғыда толыққанды көзқарас таппағанын ескерсек, бұл мәселенің өзектілігі және дер кезінде зерттелу қажеттілігі талас тудырмайды.

Зерттеу жұмысының нысаны – мәдени бірегейлік. Зерттеу пәні мәдени бірегейлік проблемасы төңірегіндегі дискурспен айқындалады, оны зерттеу арқылы қазақстандық кинодағы тарихи тұлғалар бейнесінің мәдени бірегейлік келбетін қалыптастырудағы рөлі анықталды. Атап айтқанда, «Міржақып. Оян, қазақ!» туындысы талдауға алынды.

Зерттеудің мақсаты – мәдени ерекшеліктерді, дәстүрлер мен оқиғаларды көрсететін бірқатар әдістердің қалыптасу механизмін түсіну үшін отандық кино кеңістігіндегі мәдени бірегейлікті тарихи жад призмасы арқылы саралау және жаңғырту. Бұл мақаланың мақсаты – «тарихи жады» элементін қолдана отырып қазақ киносының даму контекстіндегі мәдени бірегейліктің келбетін ашу.

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін авторлар постколониалдық дискурсындағы тарихи жады, мәдени жады мен тарихи жарақат арқылы қазақстандық кинодағы мәдени бірегейлік бейнесін анықтау және фильмдегі кино тілінің бірегейлікті насихаттаудағы негізгі рөлін саралау міндеттерін алға қояды.

Ғылыми жаңалық – тарихи жадыны жаңғырту мәселелерін тұжырымдау арқылы қазақ киносындағы мәдени бірегейлік негізделіп және тарихи жадтың бірегейлікті құрудағы басымдылық рөлі дәлелденді.

*Дереккөз базасы* – мақаланы жазу кезінде авторлар қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен мәдени мұрамыздың көрсеткіші ретінде «Міржақып. Оян, қазақ!» туындысына шолу жасап, талдаулар берген.

## Әдіснама

Мақаланың теориялық-әдістемелік негізі ретінде кино зерттеушісі Қабыш Сирановтың «Қазақстан кеңес-тік киносының тарихы» (1989), кинотанушылар Бауыржан Нөгербек, Назира Мұқышева және Гулжан Наурызбекованың «Қазақ киносының тарихы» (2002) кітаптарындағы маңызды теориялық көзқарастары негізге алынды. Мақаланы жазу барысында қазақ мамандандырылған киножурналдары-



ның, атап айтқанда, «Кино алаңы», «Киноман», «Артфильм» сандарына ғылыми пікірлерге сүйеніп ой түйдік. Сонымен қатар, «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмі туралы мерзімдік баспасөз беттерінде жарияланған ақпараттарға да көңіл бөлінді.

Мақала авторлары постколониалдық теория көзқарасындағы (Жан Бодрийяр, Жиль Делез, Эдвард Саид, Франц Фанон) еңбектерге назар аударды. Зерттеудің теориялық негізі – ресейлік және шетелдік, сондай-ақ, отандық ғалымдардың мәдени бірегейлік мәселесіне арналған еңбектері болып табылады.

*Зерттеу әдістері мен әдістемесі:* зерттеу барысында авторлар тарихи жады мен постколониалдық әдістемелік тәсілдерге, сондай-ақ мәдениеттанушылық талдауға, өнертанушылық, кино-танушылық әдісіне сүйенді.

### **Негізгі бөлім**

Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңде заманауи ұлт зиялыларының көптеген өкілдері, соның ішінде, кино қайраткерлері қазақтардың мәдени бірегейлігін репрезентациялаудың мәселелерін көтеретін фильмдер жасау қажеттігіне назар аударады. Бұл репрезентация орыстандырудың жасырын процесстеріне және дәстүрлі өмір-салтының кеңестік жаңа шындыққа сәйкестендіріліп, әлеуметтік-мәдени бейімделу мен трансформациялаудағы қиындықтардың бұрмаланғандығына, жаңа ұжымдық құндылықтарға тап болған ұлтымыздың бейнесіне постколониалистік көзқараспен жаңаша көрсетуге деген талпыныстан туды. Соның нәтижесінде қазақ халқының тарихи-мәдени жадынан, көптеген көшпелілер өркениеті қалдырған мұрасынан айырылуға мәжбүр болғандығын бар дауысымен ашып айтуға мүмкіндік алды. Туындыгерлер өзінің түптамыры, шыққан тегіне жүгіну арқылы жоғалған бірегей мәдени мұрасы мен тарихи жадын қайта түлету жолында, бір кездері «артта қалған» мәдениеттің өкілі ретіндегі өзінің маргиналдылығын, халық ретіндегі ұлттық жарақатын жеңіп, өзін-өзі толыққанды таныта алды, өзін «Басқамен» тең құқылымын деп қабылдауға мүмкіндік алды.

Әрбір фильм әдеби нұсқаны арқау етіп түсірілетіні белгілі, ал әдеби нұсқа әдетте тарихи оқиғаға негізделеді. Сондықтан режиссер өзіне қолжетімді әдіс-тәсілдердің бірі – дайын тарихи романды негізге ала отырып, экранизациялайды. Бірақ, уақыттың келбетін, атмосферасын жеткізу,

костюмдерден бастап декорацияға дейінгі барлық бөлшектерді өңдеу – өте ауыр және үлкен жауапкершілікті талап ететін жұмыс. Тарихи тұлғаны бар ішкі болмысымен, рухани әлемін, құндылықтарын экран арқылы жеткізе білу одан да қиын міндет. Кинодағы тарихи тұлға – халқы үшін қызметі тағдырлы тарихи оқиғалардың барысына елеулі әсер ететін бейне. Ол тұлға әдетте ұлт үшін маңызды болып табылатын рухани құндылықтардың өзегі.

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті халқымызға таптырмас құндылық болып табылатын және күнделікті дәстүрлі өмірден бастап мифтерге, дінге, философия мен өнерге дейін болмыстық барлық салаларына әсер ететін сарқылмас қазына. Сондықтан тарихи жадымен байланыста мәдени жадты қалыптастыратын мәдени мұраға бет бұру тарихи тұлғаны қалыптастыруда маңызды рөл атқарады және өмірдің түрлі салаларына, соның ішінде өнер мен киноға айтарлықтай әсер етеді.

Ресей империясы мен Кеңес Одағы тұсында қазақ мәдениетінің көптеген құндылықтары ұмытылып, жоғалып кетті. Көшпелілердің стереотиптерін жою, кеңестік мәдениеттің атрибуттары мен үлгілерін, құндылықтарын, қарым-қатынас ерекшеліктерін, мінез-құлық нормаларын мәжбүрлі түрде қолданып, индустрияландыру мен ұжымдастыруға қысыммен көшіру, мәдени-шаруашылық қызметтің жаңа нысандарын енгізу жаңа кеңес адамының бейнесін қалыптастырудағы жол болды. Осылайша, жасанды түрде қалыптасқан кеңес адамының бейнесі қазақ халқының түпкі төл мәдениетінен ажыраған маргинал тұлға еді. Кеңес адамының жасанды тұлғасы КСРО құрамына енген халықтар үшін мәдени құндылықтар мен мінез-құлқы моделі міндетті түрде сәйкес келу керек болатын идол іспеттес болды. Франц Фанон әлеуметтену мен аккумуляцияның бұл нұсқасын таңылған бірегейлік стратегиясы деп атады [7, 22 б.]. Дәл осы таңылған тұлғаның бейнесін қазақ адамы мемлекет құрылысы кезінде көрсетеді, мұны қазақ киносындағы 60-70 жылдардағы фильмдердегі қаһармандар бейнелері дәлелдейді.

Қазақстандағы мәдени бірегейліктің келбетін постколониалдық теориясы тұрғысынан қарастыру – қоғамның барлық деңгейінде ошар салуды талап ететін күрделі және көп қырлы процесс. Тамырға қайта оралу, мәдени дәстүрлерді қалпына келтіру және ұлттық-мәдени бірегейлікті нығайту қазақ халқының жаңа, тәуелсіз болмысын

қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бұл орайда, «Қазақстандық кинодағы бірегейлік, Кеңестік және пост-кеңестік Орта Азиядағы мәдениет» атты кітапта автор Рико Исаакс «Қазақстан үкіметі халықтың, әсіресе орыс халқының едәуір бөлігінің этникалық әртүрлілігін жете түсініп, азаматтық қоғам құрып, кейіннен «қазақтық бірегейлікті» енгізу-ге тырысты. Алайда, сайып келгенде, мемлекет құрудың даулы саясатын жоғарыдан төмен, элита басқаратын процесс және «этникалық» «азаматтық» ұлт арасындағы қарапайым таңдау ретінде қарастыру негізінен шектеулі және жеңілдетілген түсіндіру болып табылады. Атап айтқанда, Қазақстанда киноны режим басқаратын ұлттың «ресми» өкілдігі деп атаймын» деп атап өтті [8, 7 б.]. Бұл ретте, қазақстандық киногерлердің постколониалдық дискурс бағытындағы жасаған еңбектерін атап айтуға тұрарлық. Қазақстандық киноөндірісіне телехикая түсіруші ретінде енген, қазіргі таңда «Ұлт ұстазы», «Міржақып. Оян қазақ!» сериалдарының режиссері есебінде танымал Мұрат Есжанның шығармашылық ізденістері ұлтымыздың жүріп өткен күрделі тарихы мен ондағы іргелі қайраткерлердің (Алаш Орда қайраткерлерінің) тұлғасын ашуға бағытталған. Режиссердің «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмінде бас кейіпкер Міржақып бейнесі арқылы қазақ мәдениетіне, тіліне, салт-дәстүріне қайта оралудың маңыздылығы көрсетіледі. «Міржақып. Оян, қазақ!» фильміндегі бас кейіпкер Міржақып Дулатұлы бейнесі арқылы жеке тұлғаға қарасты тарихи фактілерді ғана емес, сонымен бірге белгілі бір дәуір мен халық тарихындағы орын алған оқиға ұжымдық бейне ретінде көрсетіледі. Фильм 2023 жылы «Qazaqstan» ұлттық арнасының эфирінде көрсетілді, бірақ көрермендік аудиторияның басым көпшілігі кеңес үкіметінің кезеңінде өмір сүрген, сол заманның тәрбиесін алған ұрпақ болғандықтан телехикая үлкен талқының өзегіне айналмады. Бұдан біз жастардың ұлттық арнамызды мүлде көрмейтінін және ол арқылы көрсетілетін ұлттық мүддені қозғайтын киноларды қабылдамайтындығын аңғардық. Дегенмен, сериал үзінділері қазіргі таңда өте танымал «Tik Tok» әлеуметтік желі арқылы таратылады да, бұл өз кезегінде жастар аудиториясының назарын өзіне аудартады. Әлеуметтік желілерде көптеген көрсетілімдер жинаған телехикая, осылайша, фильм форматына өзгертіліп, қалың көпшілікке ұсынылды.

Көп ұзамай туынды үлкен экранға

шықты. Фильм әр көрсетілім сайын аншлағ жасап, оған билет сатып алу қиын болды. Билеттер бірнеше күн бұрын алдын-ала сатылып жатты. Халықтың фильмге деген сұранысы орасан зор еді. Прокатта екі апта ғана көрсетілген бұл фильм халықтың талабы бойынша тағы да төрт күнге ұзартылды. Бұл қазақ киносының тарихында тұңғыш рет болған оқиға еді. Осыдан біз қарапайым халық санасының ұлттық рухты, бірегейлікті жырлайтын туындыларға ашырқанып қалғандығын байқаймыз.

Алаш Орда көсемдерінің бірі Міржақып Дулатұлының бейнесін Астана қаласының Жастар театрының актері Бақыт Хаджибаев сомдады. Бұл рөлге дейін актер театр сахнасында ғана ойнап жүрген еді. Алайда, Міржақып бейнесі Бақыт Хаджибаевтың кинодағы үздік рөлі болып, оның шығармашылығы кемеліне келген сәті еді. Міржақыптың қаламдас серіктестері Ахмет Байтұрсынұлының бейнесін көрнекті театр және киноактері Байғали Есенәлиев сомдаса, ал актер Бауыржан Қаптағай Әлихан Бөкейхановты бейнесін экранда бейнеледі, Ахметсафа Юсуповтың бейнесін Мерей Мұхтарұлы сомдады. Ал, жан жары Ғайнижамалды қазіргі таңдағы театр өнерінің жарық жұлдызы Зарина Кәрмен сомдап шықты.

Өзімізге белгілі, Дулатовтың 1909 жылы жарыққа шыққан «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағы сол кездегі халықтың санасын оятуға деген үндеуі болды. Кеңес үкіметінің озбырлы іс-әрекетінің зардаптарын көрген Міржақып, «Оян, қазақ!» ұранын өзінің саяси кредосына айналдырды. Міржақып Дулатов қазақ тілінің көркемдігіне, әсерлілігі мен әсемділігіне үлкен мән берді. Фильм қазақтың ұлттық әдебиетінің бастауында тұрған ақын-жазушының жаңашылдығын ғана емес, оның шығармашылығында серпіліс сипатын да ашады. Міржақыптың туындылары қазақ ұлтының мәдени құндылықтарды тасымалдаушы ретінде көрсетілсе, ал Міржақып бейнесі – «ұлттық құндылықтардың қоймасы» іспетті шешіледі.

Фильмде режиссер Мұрат Есжан кино тілінің бейнелеу құралы контропунктты тамаша көрсетеді. Контропункт терминінің кино тіліндегі маңыздылығы туралы Зигфрид Кракауэр өзінің «Фильм табиғаты» атты еңбегінде (1977) «Кинотану әдебиетінде дыбыс пен бейне арасындағы мұндай байланыс контропункт деп аталады. Сонымен, дыбысты түсіндірудің қос мүмкіндігі бар: синхрония – асинхрония, параллельді. Дегенмен, екі жұп бір-бірінен тәуелсіз түрді жүзеге асырылмайды. Олар

екі жұптың мүмкіндіктерінің бірі екіншісінің мүмкіндіктерінің бірімен үйлесетіндей өзара байланыста болады» – деген [9, 94 б.]. Бұл контропункт тәсілі фильмдегі Міржақыптың басынан өткен ауыр жағдайды ғана емес, сонымен қатар қазақ адамдарына жасалған кеңес үкіметінің шеттен шыққан зорлық-зомбылық әрекеттерін ашып көрсетуге жақсы қолданылған. Әсіресе, фильмде бірнеше тәулік бойы ұйқы көрмеген Міржақып пен Сапаны арнайы жы-лытылған тергеу бөлмесіне әкеліп, енді ғана маужырап, көзі ілініп бара жатқан сәтте оларға мұздай суық су шашып жібереді. Бұл көріністен біз кеңес жендеттерінің біртуар тұлғаларымызды адам ретінде қорлап ғана қоймай, сонымен бірге күллі қазақтың зиялыларын қынадай қырғанын түсінеміз. Міржақыпқа жасалған қылмыс – бүтін бір халыққа жасалған соққы деп түсінеміз. Адамның тәнін азаптап, жалған жаланы мойындату үшін қызыл империяның жандайшаптары ұлт қаймақтарына қынады не көрсетпеді дейсіз. Бірақ қорлыққа мойынсұнбаған арыстарымыз бар екенін фильм жақсы жеткізеді.

Бұл туындыдағы режиссердің жеткен зор жеңісі – экранда Міржақыптың атылар кезінде қарулас, қаламдас, үзеңгілес серігі Жүсіпбек Аймауытовпен қоштасу сәтін беруі. Бұл көрініс аса маңызды. Екі ұлт қайраткерінің қысқа ғана диалогы арқылы біз олардың өліммен бетпе-бет келсе де өздерінің күрес жолындағы ақиқатынан таңбағандарын, рухтарының сынбағанын байқаймыз, демек халық алдындағы абыройымен жаратқанның алдына бара жатқан-дықтары зор мақтанш сезімін бойынан өткізіп тұрғанын көреміз. Бірақ, қызыл империя жендеттері Міржақыпты психологиялық тұрғыдан сындыруды көздейді. Олар Міржақыптың басына қапты кигізеді, бұл тұста экранда кенеттен қараңғылық пайда болды. Осы сәтте режиссер пайдаланған контропункт әдісі Міржақыпты Жүсіпбектің қасынан әкетіп бара жатқанынан хабар береді. Бұл кадр сыртындағы кетіп бара жатқан адам аяқтарының дыбыстары еді, оны Жүсіпбекке тиген оқтың дыбысы басып кетеді. Міржақып жан даусымен «Жүсіпбек» деп айқай салды. Бұл айқай арқылы режиссер тек Міржақыптың ішкі жан дүниесінің ауыртпалығын ғана емес, халықтың айбынды алып тұлғасынан айы-рылғанын жеткізетін елдің жан айқайы еді.

Міржақып Дулатовтың ұлт алдында бейнесін ақтап алу мақсатында режиссер фильмдегі жазушының мұрасын зерттеуші ғалым Ізбасар бейнесін қосты.

Ізбасар Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнәр Дулатоваға телефон соғып, әкесін шығармашылық жолын зерттеуге көмектесуін өтінген кадрларын көрсету арқылы отаршылдық саясатты ашық сынады. Отаршылдық езгі қазақ халқының мәдениетінде ғана емес, тарихында терең із қалдырды. Билік ауысқанымен отарлық режимнің тамыры әлі де тереңге бойлап тұрғанын Гүлнәр Дулатованың өмір жолының хронопты арқылы көреміз. Өз әкесінің есімін ақтау жолында аянбай күрескен Гүлнәрдің сот залында отырып әкесін «Халық жауы» санатына жатқызған сот үкіміне қарсылық білдіруге болмайтын түсінген эпизодтардан мұны аңғарамыз. Жас зерттеуші Ізбасар сот комиссиясының төрағасына барып, Міржақып Дулатовтың ізгі атын неге ақтап алуға болмайды, оған не кедергі екендігіне жауап талап етеді. Алайда өз сауалына жауап алмаған Ізбасарға сот төрағасы ертеңгі күнінңді ойлап, өз жайыңмен өмір сүр деген жауап алады. Бұл сөздердің астарынан сол кездегі мемлекет басында отырған қызметкерлердің кеңес үкіметі алдындағы дәрменсіздігі мен қорқақтығын сеземіз. Осыдан кейін бұл сөзге қатты ашуланған Ізбасар айқайлап, сот ғимаратының алдында «Оян, қазақ!» өлеңін дауыстап оқиды. Бұл репрессия кезін бастан өткерген, екінші дүниежүзілік соғыстың қанды қармауынан аман қалып, қойдай жуасып қалған халықтың арасында әлі де өзінің тамыры мен рухын жоғалтпаған бірегей адамдардың бар екендігін жеткізді. Қылышынан қан тамған қызыл империяның қатаң жүйесіне қарсы шыққан Ізбасар сынды кейіпкерлер арқасында алаш арыстарының есімдері тарихымыздың жарқын бір беті ретінде жадымызда сақталды.

Сот шешіміне наразы болған Ізбасар Дулатовтың ел үшін жасаған қызметін атап айтқанда, алғашқы роман, математикалық теңдеулер, «Қазақ» газетінің редакторы, алаш автономиясының дербестігі үшін күрескен қайраткерлігін де айтсақ болады. Бұл орайда, зерттеуші Валерий Бадмаев «мәдени-ұлттық бірегейлікті қалыптастыру позициясынан ұлттық мәдениеттің терең мән-мағынасын негіздеу маңызды ғылыми міндет» екенін атап өтті [10]. Демек, режиссердің бұл тәсілі көрермендік аудиторияны Міржақып Дулатовтың шығармашылығымен қайыра бір танысуға шақырады. Осылайша, оларды мәдени мұра арқылы тарихи жадқа қайтару, бұл өз кезегінде тарихи жадыны қалыптастыруға деген кезекті қадам болды. Жиықтай айтқанда, режиссер бізге Міржақыпты

қоғам қайраткері, ағартушы, өз соңынан халықты ерте білетін кейіпкер ретінде ұсынды. Халық бұл бейнені толықтай қабылдады.

Фильмнің өн бойынан оқылып отыратын келесі бір мәселе постотаршылдық дискурсы. Орталық элемент еркіндік пен тәуелсіздік тұжырымдамасы болды. Фильмде Міржақып Дулатовтың қалдырған мәдени мұрасы, атап айтқанда, оның тұңғыш романы «Бақытсыз Жамал» арқылы шын мәнінде ағартушылық қызметте және отаршылдық таптаурындардан арылуда маңызды рөл атқарады. Фильмде «Бақытсыз Жамал» романы көркем шығарма ғана емес, білім мен құндылықтарды жеткізудің маңызды құралы ретінде де қызмет етеді. Өзімізге белгілі Дулатов өз романында езгіге түскен әйелдердің бейнесіне екпін береді. Туынды да кейіпкерлер мен олардың оқиғалары арқылы режиссер қазақ болмысын отаршылдық стереотиптермен анықтамай, мәдени құндылықтар мен тарихи жадқа негізделу керектігін көрсетеді. Бұл мәдени мұраның маңыздылығын анықтап, адамның өзіндік санасы мен ұлттық мақтаншыл сезімін қалыптастырудың негізін ашады. Фильмдегі романның көшірмелерін жою эпизоды арқылы режиссер отаршылдық езгі, ассимиляция және мәдени бірегейлікті жоғалту мәселелерін көтереді, бұл көрермендерге тарихи жарақатты түсінуге көмектеседі.

### **Қорытынды**

Талдау көрсеткендей, қазақ режиссерлерінің кинодағы қаһарман тұлғасын көрсету жолдары мәдени бірегейлік келбеті негізгі өзегі ретінде тарихи жадыны қайта жаңғыртуға негізделгенін көрсетті. Қоюшы-режиссер Мұрат Есжан мен сценарист Ұларбек Нұрғалымұлының негізгі білімі тарихшы екенін ескерсек, фильм сценарийі де, режиссерлік жұмыстың да мұрағаттардағы тарихи бай материалдарға және жазушының әдеби мұрасына басты назарға аударғаны заңдылық. Соның нәтижесінде экранда Міржақып бейнесі қаһарман деңгейіне көтерілді.

Үлкен экранда көрсетілген фильм қоғамда, әсіресе жастар арасында зор резонанс тудырды. Фильм көпшіліктің көңілінен шығып, оны қолдаушылардың қатары көбейді. Фильмнің көрсетілім-дерінен кейін жастар арасында қазақтың тарихы мен тіліне деген құрмет сезімі пайда болды. Қазақ балалары фильмде көрсетілген «Бақытсыз Жамал» романын қолдарынан түсірмей, жазушының шығармашылығын,

оның қазақ халқының тарихында қалдырған мұрасына көңіл аударды. Осы арқылы қазақ халқының мәдени бірегейлігін таныды. Осы мысал көрсетіп отырғандай қазақтың тарихи тұлғалары туралы, әсіресе ақтаңдақ болған алаш арыстарының бейнесін көрсету арқылы қазақтың ұлттық мәдени бірегейлігін насихаттауда қазақ кино индустриясының мол мүмкіндігі бар екендігіне көз жеткіздік.

Қорытындылай келе, тамыры терең жатқан ұлттық мәдени бірегейлігімізді жаңғыртуда тарихи жады ұғымының маңызы зор. Кейінгі жылдары жарық көрген тарихи еңбектер мен қазіргі таңда ел шежіресін қайта қарап постколониалдық көзқараспен саралау жүріп жатқан шақта мәдени бірегейлікті насихаттаудың жаңа белеске көтерілетініне сенімдіміз. Сондықтан тарихшыларымыз бен киногерлер бірлесе отырып үндестікте жұмыс жасаса, экранда ұлт тарихының жарқын көріністерін жаңғырта алады.

### **Әдебиеттер тізімі**

- 1 Тоқаев Қ. Қазақстан халқына жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек. [https://www.akorda.kz/public/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomartatokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g](https://www.akorda.kz/public/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomartatokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g) (қаралған күні: 19.10.2024).
- 2 Иванов В.В. Искусство как выражение этнической идентичности. Диск. ... д-ра полит. наук. – Ставрополь, 2006. – С.24.
- 3 Lalioti V. Social memory and ethnic identity: ancient Greek drama performances as commemorative ceremonies. – London: Press, 2002. – 190 P.
- 4 Бодрийяр Ж. Реквием по масс-медиа /Поэтика и политика: Альманах Рос.-франц. центра социологии и философии Ин-та социологии РАН. – Москва: Алетейя, 1999. – 226 б.
- 5 Абикеева Г. Нациостроительство в Казахстане и других странах центральной Азии, и как этот процесс отражается в кинематографе. - Алматы: ОФ «ЦЦАК», 2006. - 308 б.
- 6 Евсеева Л.Н. Роль языка в формировании национальной идентичности. 09.00.11 - Социальная философия. АВТОРЕФРАТ диссертации на соискание ученой степени. – Москва, 2009.
- 7 Фанон Ф. Отвержки из книги «Весь мир голодных и рабов» // Анархия. Антология современного анархизма и левого радикализма. В 2 т. Т. 2. – Москва: Культура, 2003. – С. 15–78.
- 8 Isaac R. Film an identity in Kazakhstan Soviet and Post-Soviet Culture in Central Asia. – London: I.B.Tauris &Co. Ltd, 2018. - 329 б.
- 9 Кракауэр З. От Калигари до Гитлера: Психологическая история немецкого кино. – Москва: Искусство, 1977. – 352 б.
- 10 Бадмаев В. Феномен национальной идентичности (социально-философский анализ). – Волгоград: Элиста, 2005. – 280 б.



### Transliteration

1 Тоқаев Қ. Қазақстан halkyna zholdauy. 2020 zhylyry 1 qyrkyjek [Address to the people of Kazakhstan. September 1, 2020]. [https://www.akorda.kz/public/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g](https://www.akorda.kz/public/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g) (Qaralghan kuni: 19.10.2024). (in Kaz).

2 Ivanov V.V. Iskusstvo kak vyrazhenie etnicheskoy identichnosti [Art as an expression of ethnic identity]. dis. ... d-ra polit. nauk. – Stavropol', 2006. – S.24. (in Russ.)

3 Lalioti V. Social memory and ethnic identity: ancient Greek drama performances as commemorative ceremonies. – London: Press, 2002. – 190 P. (in Eng.)

4 Bodriyjar Zh. Rekviev po mass-media [Requiem for the mass media] /Poetika i politika: Al'manah Ros.-franc. centra sociologii i filosofii In-ta sociologii RAN. – Moskva: Aletejya, 1999. – 226 b. (in Eng.)

5 Abikeeva G. Naciostroitel'stvo v Kazahstane i drugih stranah central'noj Azii, i kak etot process otrazhaetsya v kinematografe [Nation-building in Kazakhstan and other Central Asian countries, and

how this process is reflected in cinema]. – Almaty: OF «ССАК», 2006. – 308 b. (in Russ.)

6 Evseeva L.N. Rol' yazyka v formirovanii nacional'noj identichnosti [The role of language in the formation of national identity]. 09.00.11 - Social'naya filosofiya. AVTOREFERAT dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni. – Moskva, 2009. (in Russ.)

7 Fanon F. Otryvki iz knigi «Ves' mir golodnyh i rabov» [Excerpts from the book "The Whole world of hungry and slaves" ]// Anarhiya. Antologiya sovremennogo anarhizma i levogo radikalizma. V 2 t. T. 2. – Moskva: Kul'tura, 2003. – S. 15–78. (in Russ.)

8 Isaac R. Film an identity in Kazakhstan Soviet and Post-Soviet Culture in Central Asia. – London: I.B.Tauris &Co. Ltd, 2018. – 329 b. (in Eng.)

9 Krakauer Z. Ot Kaligari do Gitlera: Psihologicheskaya istoriya nemeckogo kino [From Caligari to Hitler: A Psychological History of German Cinema]. – Moskva: Iskusstvo, 1977. – 352 b. (in Russ.)

10 Badmaev V. Fenomen nacional'noj identichnosti (social'no-filosofskij analiz) [The phenomenon of national identity (socio-philosophical analysis)]. – Volgograd: Elista, 2005. – 280 b. (in Russ.)

### АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

*Дана Адильханқызы Маткерим*

PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педа-гогикалық университет, Алматы, Қазақстан, e-mail: matkerim85@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-2940-1532

*Меруерт Болатканқызы Жақсылықова*

өнертану кандидаты, доцент, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы, Қазақстан, e-mail: topjargan@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-6462-2616

*Жандос Бекдильдаевич Болдыков*

PhD, Қолжазбалар және сирек кітаптар орталық директоры, Астана, Қазақстан, e-mail: teatr\_doc@mail.ru ORCID 0009-0004-1135-0644

*Дана Адильханқызы Маткерим*

докторант PhD, Казахский педагогический национальный университет имени Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: matkerim85@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-2940-1532

*Меруерт Болатканқызы Жаксылыкова*

кандидат искусствоведения, доцент, Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова, Алматы, Казахстан, e-mail: topjargan@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-6462-2616

*Жандос Бекдильдаевич Болдыков*

PhD, директор Национального центра рукописей и редких книг, Астана, Казахстан, e-mail: teatr\_doc@mail.ru, ORCID 0009-0004-1135-0644

*Dana Matkerim*

PhD student, Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: matkerim85@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-2940-1532

*Meruert Zhaxylykova*

Candidate of Art History, Associate Professor, Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Almaty, Kazakhstan, e-mail: topjargan@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-6462-2616

*Zhandos Boldykov*

PhD, Director of National Center for Manuscripts and Rare books, Astana, Kazakhstan, e-mail: teatr\_doc@mail.ru, ORCID 0009-0004-1135-0644





## САЯСАТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ РЕСЕЙЛІК ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН-АМЕРИКАЛЫҚ ВЕКТОРЛАРДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ: КОМПАРАТИВИСТІК ТАЛДАУ

<sup>1</sup>Л.Ю. Зайниева, <sup>1</sup>Э.Н. Суимбаева, <sup>2</sup>К.Е. Абдрасилова, <sup>1</sup>А.А.Абжаппарова

### АҢДАТПА

Саясаттану – адамдардың саяси ой-санасын қалыптастыру және олардың қоғамдық өмірге қатысуын реттеуде зор маңызға ие ғылым саласы. Бүгінде осы ғылымның дамуына, әсіресе пай-да болуына жаһандық деңгейде де, жекелеген мемлекеттер деңгейінде де баса көңіл бөлінуде. Мақалада XVIII ғасырда құрылған Ресей университеттерінің саясаттану ғылымының дамуына қосқан үлесі жан-жақты қарастырылған. Саясаттануды өз алдына пән ретінде оқыту дәстүрі алғаш Мәскеу мемлекеттік университетіне, оның негізін қалаушы М.В. Ломоносовқа тиесілі. Бірқатар ғалымдардың пікірінше, Ресейде саясаттану туралы тұжырымдар әртүрлі қиындықтарға қарамастан және 1988 жылы Кеңес Одағында алғаш рет саясаттанушыларға арналған мамандықтар номенклатурасы бекітілгенге дейін дами берді.

Орыс ғалымдарының еңбектерін талдау барысында олардың ағылшынтілді авторлардың «саясаттану – америкалық фактордың шешуші әсері бар ағылшын-америкалық өнертабыс» деген тұжырымдарына қайшы келетіні анықталды. Әрине, аталмыш елдердің зерттеуші-ғалымдарының саясаттанудың дамуына қосқан сүбелі үлесін, олардың осы саладағы жетістіктерін әсте жоққа шығаруға болмайды. Саясаттанудың ғылым ретінде қалыптасуының ағылшын-америкалық нұсқасын жақтаушылар тұжырым-даған мұндай жағдайдың пайда болуына ықпал еткен себептер мен жағдайлар: қоғамның шұғыл қажеттілігі, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ-тың Еуропадағы ықпалын күшейту факторларының бірі болған ғылымның саясатқа әсері – назар аударуға тұрарлық жайттар.

Біздің ойымызша, әртүрлі елдердің ғалымдары мен саясаткерлерінің күш-жігерін сындарлы біріктіру арқылы саясаттану ғылымы теориялық және практикалық тұрғыдан одан әрі дами түсті.

**Түйін сөздер:** саясаттану, білім беру, ХСФК, ұлттық қауымдастық, университет, колледж, кафедра, оқулық, басылым.

<sup>1</sup> Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup> Білім беру мекемесі “ҚАЗНҰР” гуманитарлық колледжі, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:  
Суимбаева Э.Н.,  
ehlmira9@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:  
Зайниева Л.Ю.,  
Суимбаева Э.Н.,  
Абжаппарова А.А.,  
Абдрасилова К.Е.  
Саясаттану ғылымының қалыптасуындағы ресейлік және ағылшын-америкалық векторлардың кейбір аспектілері: компаративистік талдау // Адам әлемі. – 2024. – №4 (102). – Б. 74-84.

### Некоторые аспекты российского и англо-американского векторов становления политологии: компаративистский анализ

**Аннотация.** Политология имеет большое значение для воспитания и формирования сознания людей, их участия в жизни общества. Это объясняет усиление внимания к развитию данной науки как в мировом масштабе, так и в рамках отдельных государств. Большое внимание уделяется её зарождению. В статье показан вклад в становление политологии российских университетов, созданных в XVIII веке. Первенство в создании традиции преподавания политологии принадлежит Московскому университету, его основателю М.В. Ломоносову. Ряд ученых считает, что политологическая мысль продолжала развиваться в России, несмотря на различные сложности, и до утверждения в 1988 году впервые в Советском Союзе номенклатуры специальностей научных работников по политологии.

Анализ трудов российских учёных вступает в противоречие с утверждениями англоязычных авторов о том, что политология - англо-американское изобретение с решающим влиянием американского фактора. Безусловно, нельзя отрицать вклад ученых этих стран в развитие политологии, их достижения в данной сфере. Заслуживают внимания, сформулированные сторонниками англо-американской версии становления политологии причины и условия, которые способствовали складыванию такой ситуации: насущная потребность общества, влияние науки на политику, один из факторов усиления влияния США в Европе после Второй мировой войны.

На наш взгляд, дальнейшее развитие политической науки как в теоретическом, так и в практическом плане возможно при конструктивном объединении усилий учёных и политиков различных стран.

**Ключевые слова:** политология, образование, МАПН, национальная ассоциация, университет, колледж, кафедра, учебник, публикация.

### **Some Aspects of the Russian and Anglo-American Vectors of the Formation of Political Science: a Comparative Analysis**

**Abstract.** Political science is of great importance for the education and formation of people's consciousness, their participation in the life of society. This explains the increased attention to the development of this science both on a global scale and within individual states. Much attention is paid to its origin. The paper shows the contribution to the formation of political science of Russian universities established in the XVIII century. The primacy in creating the tradition of teaching political science belongs to Moscow University, its founder M.V.Lomonosov. A number of scientists believe that political science thought continued to develop in Russia, despite various difficulties, and before the approval in 1988 for the first time in the Soviet Union of the nomenclature of specialties of scientists in political science.

The analysis of the works of Russian scientists contradicts the statements of English-speaking authors that political science is an Anglo-American invention with the decisive influence of the American factor. Of course, it is impossible to deny the contribution of scientists from these countries to the development of political science, their achievements in this field. The reasons and conditions formulated by the supporters of the Anglo-American version of the formation of political science that contributed to the formation of such a situation deserve attention: the urgent need of society, the influence of science on politics, one of the factors being the strengthening of US influence in Europe after World War II.

In our opinion, the subsequent development of political science, both theoretically and practically, is possible with the constructive unification of the efforts of scientists and politicians from various countries.

**Key words:** Political Science, Education, Upbringing, Ipsa, National Association, University, College, Department, Textbook, Publication.

### **Кіріспе**

Кез келген елдің лайықты азаматтарын қалыптастыруда саясаттану үлкен рөл атқарады. Сондықтан ғылым саласы ретінде енді құлашын кеңге созуы мен күрделілігін ескере отырып, теорияны дамыту, эмпирикалық базаны толықтыру, аз зерттелген немесе даулы мәселелерді зерттеу сынды аспектілерді қамтып, саясаттануды сапалы түрде жетілдіру қажет. Мұның бір дәлелі – бұл ғылымды институцияландыру. Осыған негізделіп Халықаралық саяси ғылымдар қауымдастығы құрылды. Ресейде саяси ғылымдар қауымдастығы бар. Саясаттану ғылымының қолданбалы рөлін арттырудың тиімді жолы – зерттеушілік ой-көзқарастың жетістіктерін пайдалана отырып, жақсы оқулықтар жазу. Бұл тың ереже емес, бірақ іс жүзінде әрдайым тиісті деңгейде орындала бермейді.

Жалпыәлемдік саяси процесс ретінде саясаттанудың пайда болуы мен даму процесі, сондай-ақ оның барлық компонентін зерттеу және объективті талдау өзекті мәселе болып

табылады. Мұнда әр елдің саясаттанушы ғалымдарының, адамзаттың жетекші ақыл-ойларының, теоретиктердің, практиктердің, олардың басшылығымен жұмыс істейтін құрылымдардың, әртүрлі оқу және ғылыми-зерттеу мекемелерінің үлесі туралы сөз қозғаған жөн болар.

Бұл мақаланың мақсаты – Ресей ғалымдарының, әсіресе Мәскеу университетінің және оның негізін қалаушы М.В. Ломоносовтың, Ресейдің алғашқы университеттерінің саясаттану ғылымының дамуына қосқан үлесін көрсету. Саясаттанудың дамуындағы ресейлік векторды қарастырғанда саясаттануды, әсіресе академиялық пән ретінде басқа елдердің, ең алдымен АҚШ-тың дамуына қосқан үлесі салыстырмалы талдаумен бірге жүзеге асырылады. Мақала ресейлік және шетелдік автор-лардың орыс, ағылшын тілдеріндегі жарияланымдарын зерттеу негізінде дайындалды. Басылымдардың ішінде ММУ ғалымдарының 1755–1835 жылдардағы университеттік саясаттану тарихына арналған кітабы [1] және осы мақаланы жазу барысында пайдаланған профессор Ю.В. Ирхиннің зерттеу еңбектері

ерекше көзге түсті. Мақаланы әзірлеуге ағылшын тіліндегі 15 басылым қамтылды. Жалпы алғанда, қолжетімді материалдарды талдау негізінде, таңдап алынған мәселені кейіннен кеңінен зерттеу мүмкіндігімен жалпы шолу және қорытынды жасалды.

### **Әдіснама**

Мақаланы жазу барысында әртүрлі әдістер қолданылды. Олардың негізгілері ретінде салыстырмалы саясаттану әдістері мен проблемалық-хронологиялық тәсілдерді атауға болады. Түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану барысында саясаттанудың пайда болу және даму кезеңдері, оны оқыту сияқты негізгі мәселелер талданды. Бұл мәселелер кейбір елдерде, атап айтқанда, Ресейде, АҚШ-та және Англияда салыстырмалы тарихи тұрғыдан қарастырылды. Салыстырмалы тәсілмен қатар статистикалық және ретроспективті талдау әдістері қолданылды. Негізінен Ресей мен АҚШ-та жарияланған дереккөздер зерттелді. Дереккөздер арасында оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарға сілтемені ерекше атап өткен жөн. Алматы кітапханаларындағы қажетті дереккөздерді анықтауға ерекше көңіл бөлінді. Алайда мақала тақырыбына қатысты әдебиеттер, әсіресе соңғы жылдары жарияланған әдебиеттер жоқтың қасы десе болады. Ағылшын тіліндегі дереккөздер аздап табылды. ҚМЭБИ университетінің кітапханасынан аталған бағыттағы дереккөздер кездескенін атап өту қажет. Сонымен қатар дереккөз ретінде интернет ресурстары да пайдаланылды.

### **Негізгі бөлім**

Саясаттануды дамыту және танымал ету идеясына ЮНЕСКО қолдау білдіріп, саясаттануды пән ретінде оқытуды ұсынды және 1949 жылы Халықаралық саясаттану қауымдастығын (IAPS) құру туралы шешім қабылдады. Саясаттануға баса назар аударту бағытында оның ғылыми дамуындағы Ресей мемлекетінің қосқан үлесі, қалыптасу, даму жолдары да қызықтырады. Осы орайда Ресей саяси ғылымдар қауымдастығы (РСФК) құрылғанын атап өте қажет. Мәскеу мемлекеттік университеті мен Санкт-Петербург мемлекеттік университетіне арнайы факультеттер қосылды. Академик В.А.Садовничий ұжымға Жолдауында жаңа факультеттің пайда болуы «Белгілі бір мағынада Мәскеу университетінде саясаттануды оқыту дәстүрін қайта құру, қалпына келтіру болып табылады.

М.В. Ломоносов И.И. Шуваловқа тапсырып, Елизавета патшайымға бекітуге берген біздің университетті ұйымдастыру жобасында – алғашқы он кафедраның ішінде – саяси кафедра болғанын еске түсіру жеткілікті» деді. Бұған қарап, М.В. Ломоносов саясаттануды мемлекет туралы ғылым саласы ретінде кеңінен түсінген деп топшылауға болады. Атап айтқанда, онда М.В. Ломоносов заң факультетінің толыққанды жұмысы үшін «мемлекеттер мен егемендердің өзара мінез-құлқын, одақтары мен іс-әрекеттерін, өткен ғасырларда қалай болғанын және қазіргі уақытта қалай болғанын көрсететін саясат профессоры» қажет екенін көрсетеді. Бұл жағдайда М.В. Ломоносов саясаттануды мемлекет (және мемлекеттердің өзара әрекеті) туралы ғылым ретінде кең мағынада түсінді деген қорытынды жасауға болады. Ал 1804-1835 жылдар аралығында Мәскеу университетінде моральдық-саяси ғылым-дар факультеті жұмыс істеді...». Бұл Жолдау 2009 жылы жарық көрген «Мәскеу университетіндегі саясаттану тарихының очерктері (1755-1835)» кітабында жарияланған. Оның авторлары саясаттың әлеуметтік пәндерді зерттеу пәні ретінде Ресейдегі ең көне оқу орнында – Мәскеу университетінде XVIII ғасырда оқытыла бастағанын білетіндер аз екенін атап өтті.

Бұл М.В. Ломоносовтың бастамасымен болғаны кездейсоқ емес. Біріншіден, сол кездегі Ресейде ғылым күшті даралануымен ерекшеленді, екіншіден, Марбург университетінде М.В. Ломоносовтың оқу кезеңінде саясат курсы XVIII ғасырдағы ең ірі еуропалық ғалымдардың бірі Христиан Вольф оқыды. М.В. Ломоносовтың еңбекқор шәкірт ретінде осы ғалымның дәрістеріне қатысқан болуы әбден мүмкін [1, 5, 6, 27, 28 бб.].

М.В. Ломоносовтың Ресейдегі қызметі үшін орыс қоғамының ағартушы бөлігінің көрнекті өкілі И.И. Шуваловтың қолдауы маңызды болды. Академик В.А. Садовничийдің пікірінше, біріншісінің ғылыми күші және екіншісінің тәрбиелік көзқарастары мен ұмтылысы олардың бірлескен жобасы – Мәскеу университетін құрудың табысының кілті болды [2, 9 б.]. М.В. Ломоносовтың энциклопедиялық білімін айта отырып, замандастары мен кейінгі дәуір ғалымдары оның саясаттану саласындағы жетістіктерін іс жүзінде атап өтпейді. Алайда, М.В. Ломоносовтың саяси ғылымның дамуындағы осы адамның маңызды рөлін есте сақтау және бағалау үшін Мәскеу университетінің жұмысының басынан бастап саясат кафедрасын

ұйымдастыруға күш салуы жеткілікті. Бұл ретте, әрине, ғалымның көрегендігі мен ғылымды ұйымдастырушы ретіндегі тамаша қабілеті әсер етті. Дәл осы ғалым мемлекеттің білімді элитасын дайындау үшін саясаттануды оқытудың маңыздылығы мен қажеттілігін көре білген.

1802 жылдан 1811 жылға дейін Ресейде алты жаңа университет ашылды. 1804 жылы Санкт-Петербургте ашылған Бас педагогикалық институттың негізінде 1819 жылы Петербург университеті қайта құрылды (1821 жылдан – Императорлық Петербург университеті). Императорлық Царское Село лицейі құрылып, университет мәртебесін алды. Адамгершілік және саяси пәндер лицей тәрбиеленушілерін даярлаудың жетекші бағыттарының бірін құрады. Лицей үшін жоғары білімді және өнегелі ұстаздар қауымы маңызды болды.

1804 жылы 5 қарашада Императорлық Мәскеу университетінің Жарғысы, сонымен қатар онымен бір мезгілде Қазан және Харьков университеттерінің жарғысы бекітілді. 1804 жылғы Жар-ғыларға сәйкес университеттерде моральдық және саяси ғылымдар кафедралары құрылып, гуманитарлық пәндердің кең ауқымын оқу үшін белгілі мүмкіндіктер ашылғаны маңызды. XIX ғасырдың 30-жылдарының ортасында Ресей университеттерінің моральдық және саяси ғылымдар факультеттері жабылды. Университеттердегі саясаттың теориялық аспектілері тек заң факультеттеріндегі құқықтық пәндер аясында қарастырылуы мүмкін болды. [3, 191-193, 206, 215 бб.].

Мәскеу мемлекеттік университеті жетекші рөл атқаратын Ресейдің алғашқы университеттеріндегі саясаттану ғылымының даму процесі тұтастай алғанда елде, сондай-ақ әлемдік қауымдастықта осы ғылымның пайда болуымен тікелей байланысты. Көбінесе Ресей Федерациясындағы бұл процесс Кеңес одағының ғылым және техника жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1988 жылы 4 қарашада «Ғылыми қызметкерлердің мамандықтарының номенклатурасы туралы» қаулы қабылдауымен байла-нысты, ол алғаш рет саясаттану бо-йынша ғылыми қызметкерлердің ма-мандықтарының номенклатурасын бекітті.

Жүргізілген зерттеу басқа да пайымдауларды анықтауға мүмкіндік берді. Олардың кейбірін келтірейік. Мысалы, Д.М. Воробьевтің 2004 жылы жарияланған мақаласында ресейлік саясаттану қауымдастығының қалып-тасуы 1989 жылға дейін басталған [4, 151 бб.]. Тарих

ғылымдарының докторы А.А. Галкин 2000 жылдың шілдесінде берген сұхбатында Ресейдің қазіргі саясаттануы XIX ғасырдың 2-жартысының соңында пайда болғанын атап өтті [5]. 2005 жылдың желтоқсанында Ресей саясаттануының қазіргі мәселелері мен даму перспективаларына арналған семинар өткізілді. Сол кездегі СҒХҚ вице-президенті В.В. Смирновтың сөзінде 1955 жылы кеңестік саясаттанушылар делегациясы қауымдастық конгресіне қатысқаны атап өтілді. СҒХҚ дәл осы сәттен бастап Ресейдің саясаттанушылар қауымдастығының дүниеге келуі туралы айтуға болады деп санайды. В.А. Туманов 1979 жылғы Мәскеу СҒХҚ конгресінің маңыздылығын атап өтті, онсыз Ресейде ұзақ уақыт бойы тәуелсіз білім саласы ретінде саяси ғылым болмас еді [6, 141, 145 бб.].

Зерттеліп отырған мәселе тұрғысында 2008 және 2011 жылдары шыққан Ю.В. Ирхиннің екі басылымына сілтеме жасаған жөн. Олар атауы мен мазмұны жағынан ұқсас. Бірақ «Орыс саясаттануы: ширек ғасыр немесе 255 жыл?» деген екінші мақала қызықтырақ көрінеді. Онда Ресейде саясаттану ғылымының қалыптасу процесі бірнеше ұзақ кезеңдерден өтіп, әртүрлі формада өткені айтылады. Ю.В. Ирхин мақаласында Ресей саяси ғылымдар академиясының бірінші президенті Г.Х. Шахназаровтың Ресей саясаттанушыларының екінші конгресінде сөйлеген сөзінен алынған сөздерді келтіреді. Ол Ресей саясаттануын оның дамуының қазіргі, посткеңестік кезеңіне «төмендету» әрекеттері «тарихшылар мен экономистердің, философтар мен заңгерлердің дипломдары болса да, өте жақсы саясаттану еңбектерін жазған ғалымдарымыздың бірнеше буынының шығармашылық жұмысын елеусіз қалдырып, ұмытып кететінін» атап өтті... Егер Ресейдің саяси ғылымы кенже қалған болса, онда оны жасаушылар қатарынан мақтануға құқылы көптеген саяси ойшылдарды алып тастау керек... Бір сөзбен айтқанда, біздің ғылым өзінің даңқты тарихқа дейінгі тарихын есіне түсірмесе, бет-бейнесі жоқ, екінші ретті, еліктегіш болып, американдық банкет дастарханынан теориялық сынықтарды жеуге мәжбүр... Біз жаһандық саясаттану ізденісіне лайықты үлесімізді қоса аламыз». Ю.В.Ирхин сондай-ақ Петербург мемлекеттік университетінің саясаттану факультетінің кафедра меңгерушісі Л.В.Сморгуновтың Ресейдегі саясаттану мен саяси философияның тари-хын зерттеген кезде, бұл мәселеге назар аударғанын ерекше атап өтті. Бұл олардың XX ғасырдағы институ-

ционализациясының 90-шы жылдары ғана емес, кем дегенде, ертерек болмаса, XVII ғасырдан бастау керек екенін ескеру қажет. Ю.В. Ирхин өзінің мақаласында Мәскеу мемлекеттік университетінің маңызды оқиға ретінде пайда болуын, сонымен қатар саясат кафедрасының қалыптасуын атап өтті [7, 34-35 бб.].

Жоғарыда айтылған «ММУ-дегі саяси ғылым тарихының очерктерінен» басқа, профессор Ю.В. Ирхинді, біздің ойымызша, өз басылымдарында саясаттанудың басталуын, оны орыс университеттерінде оқыту дәстүрін қалыптастыратын жалғыз автор деп санауға болады. Бұл мәселелер оның СФХҚ білімі мен қызметіне қатысты соңғы екі еңбегінде бір-бірімен тығыз байланысты. Осыған байланысты Ю.В. Ирхиннің Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетінде (Мәскеу қ.) 2018 жылдың қазан айында және оның материалдары «Халықаралық саяси ғылымдар қауымдастығының» (1950-2020) Дүниежүзілік конгрестерінің ұйымы мен мағынасын жобалау» деген атпен жарық көрді. Баяндамада автор саясаттанудың дербес академиялық пән ретінде қалыптасуына және Ресейді нақты атамай-ақ саясаттанушылардың ұлттық бірлестіктерін құруға өте қысқаша тоқталады. Мақалада СФХҚ конгрестері туралы мәліметтер бар [8]. Конференция қарсаңында 2017 жылы Ю.В. Ирхиннің «Халықаралық саясаттану қауымдастығы: институционализация, генезис, концептуалды тәсілдер және тәжірибелер» атты кітабы жарық көрді. Монографияның едәуір бөлігі СФХҚ арналған. АҚШ, Канада және Даниядағы саяси ғылымға, сондай-ақ Ресей университеттеріндегі саяси ғылымдарды институционализациялауға арналған «Саяси ғылымның ұлттық мектептері: тарих және қазіргі заман» кітабының екінші бөлімі назар аударарды (бірінші тәжірибе және қазіргі заман) [3, 156-221 бб.].

Саясаттанудың қалыптасуындағы ресейлік векторын зерттеу, әсіресе, жоғарыда аталған материалдарды ағылшын тілді зерттеушілердің басылымдарымен салыстырған кезде орын-ды болып көрінеді. Мұндай ақпарат қолжетімді емес. Оларда саясаттануды зерттеу және оқыту негізінен Америкамен байланысты. Сонымен, Р. Гудин мен Х.-Д. Клигеманның редакциясымен «Саяси ғылым: жаңа бағыттар» ұжымдық басылымында саяси ғылым, мемлекеттану және саясат факультеттері алғаш рет XIX ғасырдың соңында ынтымақтастық негізінде және тарихшылардың, заңгерлер мен философтардың бірлескен күш-жігерінің арқасында пайда болды делінген.

Қоғамдық құндылықтың бір бөлшегі ретінде саяси құндылықтар жеке адамның әлеуметтік және жеке тәжірибесінің арақатынасы негізінде қалыптасатын идеологиялық және идеологиялық емес сипатқа ие болуы мүмкін. Қоғамның дамуында қоғамдық институттардың қызметінің маңызы зор екені белгілі. Бұл институттар өз құндылықтарымен қоғамның жұмыс істеуіне көмектесумен қатар, қоғамдық бірлік пен келісімді қамтамасыз етеді. Жеке тұлғаның әлеуметтену процесінде үйренетін құндылықтарының көпшілігі институттардан арқылы қалыптасады.

Қорытындылай келе, қандай да бір қоғамның дамуына түрлі факторлар әсер етеді. Бұл факторлар мәдениеттер, этникалық топтар, әлеуметтік жүйелер,



тілдер т.б. секілді әртүрлі болуы мүмкін. Қоғамдық құрылымның әртүрлілігі сол қоғамның әлеуметтік, қоғамдық және саяси құндылықтардың өзіндік жүйелерін қалыптастырады. Сәйкесінше, әр қоғамда құндылықтардың басымдылық берілу дәрежесі де әрқилы болады. Дегенмен жалпыадамзаттық құндылық ұғымы бар секілді, кең тараған саяси құндылықтардың да негізгі категориялары да бар. Бұл категориялар: қоғамдық тәртіп, бейбітшілік, қауіпсіздік, бостандық, теңдік, әділдік секілді құндылықтар болып табылады. Жоғарыда атап өткеніміздей ғалымдардың құндылыққа қатысты зерттеу еңбектерімен қатар дүниежүзілік құндылықтарды зерттеудің арнайы жобалары да қоғам құндылықтары туралы зерттеу еңбектерімен толықтырып отырады [11]. Демократиялық бағытта дамуды көздейтін қоғамдар аталған категорияларды саяси құндылық ретінде қабылдағанын әлемдік тәжірибеден көре аламыз.

### Әдебиеттер тізімі

1 Таирова Б.Л. Құндылықтар мәселесін зерттеудің философиялық мәні // *Dulaty University Хабаршысы*. – 2024. – №2. – Б. 153-159.

2 Николаева О.В., Маулитов А.Е. «Қазақстандық құндылықтардың қалыптасу ерекшеліктері» әдістемелік құрал // Особенности формирования казахстанских ценностей: учебное пособие. – Астана: «Жастар» ҒЗО, 2016. – Б. 4-31.

3 Ғабдолла Т.Ғ., Русланұлы Р. Ұлттық құндылықтар – ұлт тарихы // Қазақстан халқының мәдени құндылықтары: әлемдік тәжірибе мен заманауи үрдістер контекстінде сақтау және дамыту // Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның жинағы. – Алматы, Қазақстан, 2003. – Б. 307-310.

4 Абдигалиева Г.К., Турабекова Б.Б. Политические ценности как фактор социально-политической интеграции // *KazNU Bulletin. Philosophy series. Cultural science series. Political science series*. – 2016. – No.3 (57). – С. 223-229.

5 Yüce Nefide. Modernleşme Sürecinin Lise Gençliğinin Değerleri Üzerindeki Etkileri: Diyarbakir Örneği // *Türkiye Cumhuriyeti. Ankara Üniversitesi. Sosyal Bilimler Enstitüsü. Felsefe Ve Din Bilimleri Anabilim Dalı // Doktora Tezi*. – Ankara. – 2023.

6 Исаева М.И., Исабаева Н.М., Шимаева С.М., Ешпанова Д.Д. Цифрлық түркі әлемі және Қазақстанның ақпараттық дискурсы // *Адам әлемі*. – 2024. – No 1 (99). – Б. 73-81.

7 Vural Yavuz. Parlamento Sistemine Dönüş Tartışmalarının Siyasi Değerler Açısından Analizi // T.C Kocaeli Üniversitesi. Sosyal Bilimler Enstitüsü. Halkla İlişkiler ve Tanıtım Anabilim Dalı Halkla İlişkiler ve Tanıtım Bilim Dalı // *Yüksek Lisans Tezi*. – Kocaeli, 2023 // [Электронды ресурсы] URL: <https://tez.yok.gov.tr/UlusalTezMerkezi/tezSorguSonucYe->

[ni.jsp](https://tez.yok.gov.tr/UlusalTezMerkezi/tezSorguSonucYe-ni.jsp) (Қаралған күні: 08.09.2024.)

8 Степанищенко О. В. Понятие и природа политических ценностей // [Электронды ресурсы] URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ponyatie-i-priroda-politicheskikh-tsennostey> (Қаралған күні: 23.08.2024.)

9 Demirtaş Mehmet Can. Siyasal değerlerin seçmen davranışlarına yönelik etkileri üzerine bir araştırma // *Kurkarelili Üniversitesi. İktisadi ve İdari Bilimler Fakültesi Dergisi*. – 2017. – Cilt: 6 – Sayı: 1. – S. 33-52.

10 Çaha Ömer. Bir Sivil Beraberlik Olarak Devlet // *Liberal Düşünce Dergisi*. – 2017. – 22 (87). – S. 121-134.

11 Сайт Всемирного обзора ценностей // [Электронды ресурсы] URL: <http://www.worldvaluessurvey.org/WVSCContents.jsp> (Қаралған күні: 30.09.2024.)

### Transliteration

1 Tairova B.L. Qundylyktar masesin zertteudin filosofiyalyk mani [The philosophical significance of studying the issue of values] // *Dulaty University Khabarshysy*. – 2024. – No. 2. – B. 153-159. (in Kaz)

2 Nikolaeva O.V., Maulitov A.E. "Qazakhstandyq qundylyktardyn kalypyasu erekshelikteri" adistemelik qural [Methodological tool "Features of the formation of Kazakhstani values"] // Osobennosti formirovaniya kazakhstanskikh tsennostey: uchebnoye posobiye. – Astana: «Zhastar» GZO. – 2016. – B. 4-31. (in Kaz)

3 Gabdolla T.G., Ruslanuly R. Ulttyq qundlyqtar – ult tarihi [National values - national history] // Qazaqstan halqynyn madeni qundlyqtar: alemdik tajiribe men zamanauy urdister kontekstinde saqtaw jane damitu // Halyqaralyq gilimi-praktikalik konferenciyanin jinagi. – Almati, Qazaqstan, 2003. – B. 307-310. (in Kaz)

4 Abdigaliyeva G.K., Turabekova B.B. Politicheskije tsennosti kak faktor sotsial'no-politicheskoy integratsii [Political values as a factor in socio-political integration] // *KazNU Bulletin. Philosophy series. Cultural science series. Political science series*. – 2016. – No.3 (57). – S. 223-229. (in Russ)

5 Nefide Yuçe. Modernleşme Sürecinin Lise Gençliğinin Değerleri Üzerindeki Etkileri: Diyarbakir Örneği // *Türkiye Cumhuriyeti. Ankara Üniversitesi. Sosyal Bilimler Enstitüsü. Felsefe ve Din Bilimleri Anabilim Dalı // Doktora Tezi*. – Ankara. – 2023. (in Turkish)

6 Issayeva M.I., Isabaeva N.M., Shimaeva S.M., Eshpanova D.D. Cifirly turku alemi jane Qazaqstanın aqparattıq diskursy [The Digital Turkic World and Kazakhstan's Information Discourse] // *Adam alemi*. – 2024. – No 1 (99). – B. 73-81. (in Kaz)

7 Yavuz Vural. Parlamento Sistemine Donus Tartismalarinin, Siyasi Degerler Acisindan Analizi [Analysis of the Debates on Returning to the Parliamentary System in Terms of Political Values] // T.C Kocaeli Üniversitesi. Sosyal Bilimler Enstitüsü. Halkla İlişkiler ve Tanıtım Anabilim Dalı. Halkla İlişkiler ve Tanıtım Bilim Dalı // *Yuksek Lisans Tezi*. – Kocaeli, 2023 // [Jelektronды resurs] URL: [https://tez.yok.gov.tr/UlusalTezMerkezi/tezSorguSonucYe-](https://tez.yok.gov.tr/UlusalTezMerkezi/tezSorguSonucYe-ni.jsp)



gov.tr/UlusalTezMerkezi/tezSorguSonucYeni.jsp (Qaralgan kuni: 08.09.2024.) (in Turkish)

8 Stepanishchenko O. V. Ponyatiye i priroda politicheskikh tsennostey [The concept and nature of political values] // [Jelektrondy resurs] URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ponyatie-i-priroda-politicheskikh-tsennostey> (in Russ)

9 Demirtas Mehmet Can. Siyasal degerlerin secmen davranislarina yonelik etkileri uzerine bir arastirma [A study on the effects of political values on

voting behavior] // *Kirklareli Universitesi. İktisadi ve İdari Bilimler Fakultesi Dergisi*. - 2017. – Cilt: 6 – Sayı: 1. – S. 33-52. (in Turkish)

10 Çaha Ömer. Bir Sivil Beraberlik Olarak Devlet [The State as a Civil Union] // *Liberal Düşünce Dergisi*. – 2017. – 22 (87). – S. 121-134. (in Turkish)

11 Sayt Vsemirogo obzora tsennostey [World Values Survey website] // [Jelektrondy resurs] URL: <http://www.worldvaluessurvey.org/WVSCContents.jsp> (Qaralgan kuni: 30.09.2024.) (in Russ)

#### АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

*Аяулым Нұрболдықызы Алтайбаева*

PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: [ayaulym-91@mail.ru](mailto:ayaulym-91@mail.ru), ORCID: 0009-0007-3323-1832

*Ғазиз Тұрысбекұлы Телебаев*

профессор, философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, [telebaev@gmail.com](mailto:telebaev@gmail.com), ORCID: 0000-0003-1343-9867

*Аяулым Нурболдиевна Алтайбаева*

PhD докторант, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: [ayaulym-91@mail.ru](mailto:ayaulym-91@mail.ru), ORCID: 0009-0007-3323-1832

*Ғазиз Турысбекович Телебаев*

профессор, доктор философских наук, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан, [telebaev@gmail.com](mailto:telebaev@gmail.com), ORCID: 0000-0003-1343-9867

*Ayaulym Altaibaeva*

Doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: [ayaulym-91@mail.ru](mailto:ayaulym-91@mail.ru), ORCID: 0009-0007-3323-1832

*Gaziz Telebaev*

Professor, Doctor of Philosophical Sciences, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: [telebaev@gmail.com](mailto:telebaev@gmail.com), ORCID: 0000-0003-1343-9867



# АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ ЖАҒДАЙЫНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДА АҚПАРАТТЫҢ РӨЛІ

<sup>1</sup>М.И.Исаева, <sup>1</sup>Д.Д.Ешпанова, <sup>2</sup>Г.Ж.Көбегенова, <sup>3</sup>Н.А. Исабаева

## АНДАТПА

Қоғам дамуының жаңа бір сатысы болып табылатын ақпараттық қоғам – экономика, саясат, ғылым, білім, мәдениет және құқықтық қызмет секілді қоғам өмірінің көптеген салаларында ақпараттық технологиялардың қолданысының өсуімен ерекшеленеді. Ақпараттық қоғам жаһандану процесінің бір нәтижесі ретінде пайда болған қоғам форматы саналады. Ақпараттық қоғамдағы жаңа өзгерістердің барлығы заң жүйесі тәжірибесінде жаңа бір қызметтің пайда болуына қажеттілік туындатты және нәтижесінде жаңа бір құқықтық мәдениеттің қалыптасуына әкелді. Қазіргі қоғамдағы қолданыстағы ақпараттық технологиялардың біртіндеп құқықтық санаға әсер етуі және ақпараттық технологиялардың қызметін құқықтық реттеу қажеттілігі ақпараттық қоғамның талаптарының бірі болып табылады. Қазіргі қоғамда ақпараттың рөлінің артуы, әлеуметтік өзара әрекеттесу сипатының өзгеруі, сондай-ақ мемлекеттік билікті жүзеге асыру ерекшеліктері секілді процесстер құқықтық сананың функциясына әсер етуде.

Мақалада ақпараттық қоғам форматында құқықтық сананың өзгеруі, оған әсер ететін факторлар және құқықтық сана қызметтері баяндалады. Сондай-ақ, ақпараттық қоғам кезеңінде құқықтық сананың дамытуына бағытталған бағдарлар да қарастырылады.

**Түйін сөздер:** ақпараттық қоғам, құқықтық сана, құқықтық мәдениет, ақпараттық технология, мемлекет, азаматтық қоғам.

<sup>1</sup>ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан

<sup>3</sup>Ерзинджан Биналы Йылдырым Университеті, Ерзинжан, Түркия

Автор-корреспондент:  
Исаева М.И.,  
miraisa777@gmail.com

Мақаланың сілтемесі:  
Исаева М.И., Ешпанова Д.Д.,  
Көбегенова Г.Ж.,  
Исабаева Н.М. Ақпараттық қоғам жағдайында құқықтық сана мен мәдениеттің қалыптасуында ақпараттың рөлі // Адам әлемі. – 2024. – №4 (102). – Б. 125-133.

## Роль информации в формировании правового сознания и правовой культуры в информационном обществе

**Аннотация.** Информационное общество, являющееся новым этапом развития общества, отличается ростом использования информационных технологий во многих сферах жизни общества, таких как экономика, политика, наука, образование, культура, правовая деятельность. Информационное общество – это форма общества, возникшая в результате процесса глобализации. Все новые изменения в информационном обществе создали потребность в новой службе в практике правовой системы и, как следствие, привели к формированию новой правовой культуры. Одним из требований информационного общества является постепенное влияние информационных технологий в современном обществе на правосознание и необходимость правового регулирования деятельности информационных технологий. В современном обществе на функцию правосознания влияют такие процессы, как повышение роли информации, изменение характера социального взаимодействия, а также особенности осуществления государственной власти.

В статье описывается изменение правосознания в формате информационного общества, факторы, влияющие на него, и услуги правосознания. Также рассмотрены тенденции, направленные на развитие правосознания в период информационного общества.

**Ключевые слова:** информационное общество, правосознание, правовая культура, информационные технологии, государство, гражданское общество.

## The Role of Information in the Formation of Legal Consciousness and Legal Culture in the Information Society

**Abstract.** The information society, which is a new stage of society's development, is distinguished by the growth in the use of information technologies in many spheres of society's life, such as economy, politics, science, education, culture, and legal activity. The information society is a form of society that emerged as a result of the globalization process. All the new changes in the information society has created the need for a new service in the practice of the legal system and, as a result, led to the formation of a new legal culture. One of the requirements of the information society is the gradual influence of the information technologies on modern society on the legal consciousness and the need for legal regulation of the activities of information technologies. In modern society, such processes as the increase in the role of information, the change in the nature of social interaction, as well as the peculiarities of the exercise of state power affect the function of legal consciousness.

The article describes the change of legal consciousness in the format of the information society, the factors affecting it and the services of legal consciousness. Additionally, orientations aimed at the development of legal consciousness in the period of information society are considered.

**Key words:** Information Society, Legal Awareness, Legal Culture, Information Technology, State, Civil Society.

### *Kіpіcne*

Жаһандану мен ақпараттандыру жағдайында ақпараттық қоғамның қалыптасуымен қоғамның барлық саласына және мемлекеттік қызмет түрлеріне жаңа өзгерістер енді. Ақпараттық қоғам жағдайында азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру процесінде әлеуметтік қатынастар маңызды роль орындайды. Ақпараттық қоғамда заңнама мен құқықты қолдану тәжірибесі, сондай-ақ ақпарат көзі ретінде интернет желісін қолдану мен жеке тұлғаның құқықтық мәдениетінің өзара әрекеттесуінің ұйымдық-құқықтық нысандарын жетілдіру қоғамның жаңа сатысының маңызды талаптардың бірі болып табылады. Ақпараттық қоғамда мемлекеттік саясаттың нақты бағыттарын айқындау және әлеуметтік пайдалы даму бағдарламаларын әзірлеу үшін адам өмірінің әртүрлі салаларында болып жатқан процестермен анықталатын өзгерістердің құқықтық сананың дамуына әсерін зерттеу жаңа заманның маңызды талаптарының бірі болып табылады.

Ақпараттық қоғамда болып жатқан өзгерістер қоғам мүшелерінің арасындағы әлеуметтік байланыстар құрылымының да, құндылықтар жүйесінің де өзгеруімен сипатталады. Жалпы қоғам қабылдаған сананың ерекше түрі ретінде құқықтық сана әлеуметтік құрылымнан туындаған нақты заңдылықтар аясында қалыптасады. Құқықтық негіздеделердің, мазмұны мен формаларының кең тараған түсінігі ретінде қарастыратын «құқықтық сана» ұғымы ХХ ғасырдың басында Америка Құрама Штаттарында пайда болған [1, 56 б.]. Қоғамдағы құқықтың сананың дамуын қоғам дамуының кепілдерінің бірі ретінде қарастыруға бола-

ды. Құқықтық сана қалыптасқан қоғамда азаматтар өздерінің бостандықтары мен құқықтарын біледі және құқықтармен бірге жүретін міндеттерді мойындайды, өз құқықтарын іздеуде батылдық танытады, құқықтық құралдар арқылы қашан және қалай әрекет ету керектігін, құқықтардың заңмен қамтамасыз етілуін қамтамасыз ету керектігін біледі. Сонымен қатар, басқа адамдардың құқықтарын құрметтеу, әділ болу, әділеттілікке сену және заң үстемдігін мойындау сияқты оң көзқарастар дамытыған бір қоғам ретінде сипатталады.

### *Материалдар мен зерттеу әдістері*

Ақпараттық прогрестің жетістіктерін қоғам мен мемлекеттің қызметіне енгізу жылдамдығы үнемі артуымен қоғамдық қатынастардың жаңа бір формасы ретінде – электронды форматы қалыптасты. Қоғамның жаңа ақпараттық түріне көшу кезінде экономика, саясат, ғылым, білім, мәдениет және құқықтық қызмет секілді көптеген салаларда ақпараттық технологиялардың қолданысы басымдылыққа ие болды. Мақалада ақпараттық қоғам жағдайында құқықтық реттеу қызметіндегі маңызды саналатын құқықтық сана мен құқықтық мәдениет функцияларының рөлі ашылды. Яғни, ақпараттық технологиялардың құқықтық санаға әсер ететін маңызды факторлардың бірі ретінде бір-бірімен қатынасын анықтау. Зерттеуде талдау, саралау, сыни әдістері қолданылды. Зерттеудің теориялық негізін мемлекет және құқық теориясы, салалық заң ғылымдары, саясаттану, философия, әлеуметтану, құқықтық психология саласындағы отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектері құрайды.

### **Құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің қалыптасуында ақпараттың рөлі**

Құқықтық мемлекеттің және азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуында құқықтық сана мен құқықтық мәдениет қажетті ресурстардың бірі. Құқықтық сана тақырыбы әлеуметтік-құқықтық ғылымдар саласында әлі де зерттеуді қажет ететін маңызды тақырыптардың бірі. Құқықтық сана ұғымының шығуы ХХ ғасырдың басында АҚШ-та пайда болған [1, 56 б.] және бүгінге дейін ғылым саласында жан-жақты зерттеуді қажет ететін маңызды тақырыптардың бірі саналады.

Ақпараттық қоғамның негізгі ерекшелігі технологиялық негіздегі жаһандық телекоммуникациялық желілер қазіргі заманғы құқықтық мәдениетті қалыптастыруға әсер ететін шешуші факторлардың бірі ретінде саналады. Азаматтардың құқықтық мәдениетіне ақпараттар көзі әсерінің нәтижесі ретінде азаматтардың ұстанымы мен көзқарасының өзгеру процесі, яғни азаматтардың құқықтық мәдениетінің түрленуі көрініс тапқанын байқауға болады. Құқықтық мәдениеттің өзіндік нормалары құқықтық нормаларды жасайды және құқықтық мәдениет құқықтың қайнар көзі. Қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер заңға өзгерістер әкеледі, нәтижесінде бұл өзгерістер саяси және құқықтық процестің бастамашысы болып табылады [2, 287 б.]. Құқықтық мәдениетті, құқықтық өлшемге ие әлеуметтік қатынастар мен мінез-құлықтардың үлгісі ретінде анықтауға болады. Құқықтық мәдениет ұғымы идеяларды, көзқарастарды, құндылықтарды және мазмұны жағынан құқықтық болып саналатын пікірлерді қамтиды [3, 3247 б.]. Сондай-ақ, құқықтық мәдениетті қалыптастыру процесінде интернет желісінің әсері: ақпараттық қоғам мәдениетін қалыптастыру; мемлекет пен қоғам, мемлекет пен тұлға арасындағы қарым-қатынасты өзгерту; мемлекет пен демократияның функцияларын өзгерту; қоғамдық өмірдің негізгі салаларындағы (өндіріс, тұтыну, ойын-сауық, білім беру, коммуникация сферасында) құқықтық ақпаратты сақтау, тарату және пайдалану; құқықтық білім беру саласындағы өзгерістер секілді кең саланы қамтиды [4, 9 б.].

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде құқықтық сана категориясына әртүрлі аспектілерде анықтама берілген. Ақпараттық қоғам шарттарында құқықтық сана – ақпараттық қоғамның ықпалымен қарқынды да-

мып келе жатқан, құқықтық маңызды жағдайларда адамның мінез-құлқын реттеуге арналған және ақпараттық технологиялар арқылы алынған ақпаратқа, сондай-ақ құндылық бағдарларға, құқықтық нұсқауларға негізделген құқық, құқықтық шындық туралы идеялар, теориялар, түсініктер, сезімдер, әдеттер жүйесі [5, 20 б.].

Жалпы кең қабылданған түсінікте, құқықтық сана – адамдардың білімінің заңдық қорына негізделген қоғам сананың ерекше формасы ретінде қоғам мүшелерінің танымдық ойлау процестерін сипаттайтын, тарихи дамудың барлық кезеңдерінде қоғамның ұжымдық болмысын қайта құрудың өнімі ретінде көрінетін қоғам мүшелерінің мінез-құлық ерекшеліктерінің негізгі реттеуші элементі ретінде әрекет етеді; сондай-ақ ұжымдық дамудың қажеттіліктерін дамыта отырып, құқық пен ұжымдық қатынастардың өзара әрекетін қалыптастырады. Н.Г. Яковлева құқықтық сананың құқықтық нормаларды жүзеге асырудың үйлесімділігін бағалау механизмі ретінде сипаттаса, В.М.Сырыхтың пікірінше құқықтық сананың қалыптасу мен дамуы: құқықтық нормалар мен заңдарға, билік құрылымындағы азаматтардың заңды әрекеттеріне, құқық қорғау органдарына және олардың қызметіне және азаматтардың заңды әрекеттеріне тәуелді шарттарда анықталады [6, 80 б.].

Кейбір америкалық ғалымдардың пікірінше, құқықтық сана анықтамасы құқықтық сананы жасаушы және жүзеге асырушы ретінде заңгерлердің қызметін қарастырады. Құқықтық сана – қоғамда саналы немесе бейсаналы түрде құқықпен, саясатпен, әлеуметтік өмірмен, тарихпен және әділеттілікпен байланысты құндылықтардың қабылдануын білдіреді. Паунд құқықтың өзін-өзі қамтамасыз ететін ұғымдар жиынтығы ретінде емес, оның қоғаммен байланысы арқылы қарастыру керектігін атап көрсетеді. Осы тұста ең маңызды мәселе – «кітаптағы заң» мен «әрекеттегі заң» арасындағы «айырмашылықты» ашу маңызды. Құқықтық нормалардың тиімділігін арттыру үшін жазбаша құқықтық нормалар үнемі қайта қаралып, оларды әлеуметтік шындыққа бейімдеу арқылы олқылық жойылып отырылуы қажет [1, 56-60 бб.].

Ғылыми әдебиеттерде мемлекеттің жалпы құқықтық нормалары мен ережелерін сақтайтын, негізгі қызметі әлеуметтік маңызды позитивті тұлғаны қалыптастыру әлеуметтік ортаны білдіретін «тәрбиелік әлеуметтік орта» термині көбірек қолданыла бастады. Бұл тұжырымдамаға

сәйкес, әлеуметтік ортаның әсерінен азаматтардың белгілі бір жеке қасиеттері қалыптасады, белгілі бір әлеуметтік орта үшін маңызды ережелер мен нормалар игеріледі. Азаматтардың құқықтық әлеуметтенуімен байланысты тұлғаның қалыптасуы, әлеуметтік қатынастардың өзгеру процесімен бірге жүреді. Құқықтық сипаттағы тетіктер мен әлеуметтік реттеу әдістерінің тікелей өзара іс-қимылы азаматтардың құқықтық санасының өсуіне, әртүрлі құқықтық қызметтің дамуына, сондай-ақ тұтастай алғанда құқықтық мәдениеттің қалыптасуына ықпал етеді [7, 92-бет].

Ақпараттық технологиялар азаматтардың құқықтық санасын дамытуда жаңа мүмкіндіктер ашты. Ақпараттық қоғамға көшумен құқықтық санаға әсер ететін БАҚ, құқықтық білім беру, тұлғааралық қарым-қатынас секілді құқықтың дәстүрлі факторлармен қатар әртүрлі ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуымен және жетілдірілуімен байланысты жаңа факторлар (интернет форумдары, интернет – конференциялар, вебинарлар, мәліметтер базасы, электронды басылымдар) пайда болды [8, 1 б.]. Ақпараттың қоғамның негізгі талаптарының бірі ретінде ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы: заң шығару процесінде, мемлекеттік істерді басқаруда және мемлекеттік аппараттың қызметіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыруда, тұлғаның әлеуметтік белсенділігін арттыруда, азаматтық қоғам мен мемлекет арасында тікелей және кері байланыс жасайтын өзара әрекеттесу процесітерін жетілдіру қызметтері іске қосылды [5, 17 б.]. Ақпараттық қоғамға көшу кезінде құқықтық санаға әсер ететін әртүрлі ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы мен жетілдірілуіне байланысты жаңа факторлар пайда болады: интернет, мобильді технологиялар, әртүрлі мамандандырылған бағдарламалық өнімдер, мәліметтер базасы, аналитикалық және сараптамалық жүйелер және т.б.) [5, 9 б.].

Қоғамның ақпараттандырылуы (ақпараттың жалпыға қолжетімділігі, ақпараттың дербес шешімдерді табудың негізі ретіндегі ақпарат, азаматтардың ақпаратты іздеу, өндіру және тарату мүмкіндіктерін кеңейту, ақпараттың техникалық базасы мен техникалық-коммуникациялық желілерін дамыту), интерактивті ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың дамуы, қоғам мен әлеуметтік топтардың өзара әрекеттесуі мен саяси еркін

білдірудің жаңа коммуникациялық мүмкіндіктері құқықтық сананың дамуына әсер ететін факторлар болып табылады [8, 10 б.]. Қазіргі қоғамда ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар қоғамдағы психологиялық және идеологиялық әсер етудің күшті құралына айналды. Ақпараттық қоғамдағы басты күрделі мәселелердің бірі – ақпараттың таралуының аумақтық шекарасының нақтысыздығынан ақпараттың ағымдарын заңнамамен толық реттеу және қадағалау мүмкін еместігі. Дегенмен, ақпараттық қоғамда құқықтық сананы қалыптастырудың жекелеген мәселелерін: үгіт-насихат, құқықтық сауаттылық, электронды коммуникациялардағы алғашқы дағдыларды дамыту және т.б секілді қызметтер арқылы шешуге болады.

Жалпы, құқық саласында ақпараттық технологияларды интеграциялау мемлекеттің құқық жүйесіне және құқықтық реттеуде төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді: қолданыстағы құқықтық нормалардың тәжірбиеде жүзеге асатын әлеуметтік ортаны қалыптастыру, қоғамның құқықтық мәдениетін арттыру және құқықтық сана деңгейін арттыру; тұтастай алғанда мемлекеттің құқықтық жүйесінің заңнамасы жасаудың сапалы жаңа деңгейіне көшу. [8, 11 б.] Құқықтық сананың деңгейіне ақпараттық технологиялардың ықпал ету тиімділігін арттыру және құқықтық мәдениетті қалыптастыру мақсатында ақпараттық технологияларды пайдалану саласында ойластырылған мемлекеттік саясат және сапалы құқықтық ақпарат қажет.

Қазіргі қоғамның құқықтық санасының кең тараған маңызды белгілері: азаматтардың басым көпшілігінің құқықтық сауатсыздығы; қоғамда заң шеңберінен тыс әрекеттерді жасауға бейімділік; заңнан тыс қызмет ету үрдісі; этатизм, яғни, қоғамдық өмірде мемлекеттің белсене араласуы; құқықтық сананың тарихи жетілмегендігі, құқықтық жүйесі дамыған еуропалық мемлекеттердің құқықтық жүйелерінің құрамдас бөліктерін көшіру және еліктеу көріністері [6, 12-13 б.].

Құқықтық сананың белгілері мен ерекшеліктерін қорытындылай келе, құқықтық сананың бүкіл қоғамдық жүйенің жұмысына реттеуші ықпалы бар деп айтуға болады. Ал Қазақстанның құқықтық санасына әсер ететін факторларды ақпараттық әсерлер призмасы арқылы жаңа зерттеулер жүргізуді қажет етеді.

Ақпараттық қоғамның талаптарының бірі ретінде азаматтық қоғам мен



мемлекеттің өзара әрекеттесу арқылы, қоғам мүшелерінің өзара және мемлекеттік құрылымдармен тұрақты және жедел байланысының мүмкіндігі құқықтық сананың дамуына оң әсер етеді. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану кезіндегі ақпараттық қоғамдағы мемлекеттік басқарудың құқықтық ықпалы мейлінше ашық, орталықсыздандырылған және шешім қабылдау уақытының қысқаруы, дамыған кері байланысымен сипатталады [8, 23 б.]. Мемлекеттік органдардың ақпараттық ашықтығы және азаматтардың және қоғамдық ұйымдардың мемлекеттік ақпараттық ресурстарға қолжетімділігі принципі электрондық мемлекеттік басқарудың қызметінің негізгі талаптары.

**Ақпараттық қоғам жағдайында  
Қазақстанда құқықтық сананы  
қалыптастыруға бағытталған  
бағдарлар**

Қазіргі таңда, мемлекеттік саясаттың нақты бағыттарын айқындау және әлеуметтік даму бағдарламаларын әзірлеуде ақпараттық технологиялардың құқықтық санаға әсерін зерттеу, және бұл құбылыстың оң және теріс жақтарын анықтау, сондай-ақ құқықтық санаға оң әсер ететін факторларды күшейту, әртүрлі теріс нәтижелер тудыратын факторларды азайту қызметтері маңызды мәнге ие. Жаңа ақпараттық қоғамның дамуы заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуына, ақпараттың адами, материалдық, физикалық ресурстармен қатар ақпараттың дұрыс қолданылуымен тікелей байланысты. Қоғамның барлық саласында ақпараттық прогрестің жетістіктерінің жылдамдығы артуымен бұл құбылыс қоғамдық қатынастардың бірнеше салаларында жаңа бір форматының – электронды түрінің қалыптасуына әсер етті. Соңғы жылдары елімізде ақпараттық қоғам жағдайында басқарудың электрондық нысандарын енгізуге басымдылық берілуде. Ақпараттық қоғамдағы күрделі өзгерістер ақпараттық-коммуникациялық жүйелерді пайдалануға негізделген мемлекеттік қызметтің: атқарушы биліктің («электрондық үкімет»), парламенттік («электрондық парламент») және сот органдарының («электрондық сот төрелігі») қызметі секілді ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен қызметтің жаңа тәсілі қолданыла бастады.

Елімізде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, халыққа құқықтық білім

беру тәжірибесін қайта жаңғырту, бұл процеске информатика және құқық, психология саласындағы мамандарды тарту, сондай-ақ, құқықтық білім берудің мүмкіндігін арттыру, қоғамдық бірлестіктерге, педагогикалық ұжымдарға және белсенді азаматтарға құқықтық білім беруге арнайы бағытталған интернет-сайттар мен порталдарды, әртүрлі оқу компьютерлік бағдарламаларын және т.б. құруға бастамашылық жасау және қолдау көрсету арқылы оң нәтижеге қол жеткізуге болады. Сондай-ақ, қоғамда ақпараттық технологиялар арқылы зиянды ақпаратты таратуға мемлекеттік бақылауды күшейту үшін азаматтарды психикалық денсаулығына, моральдік және рухани дамуына зиян келтіретін, құқықтық сананың деформациясын тудыратын ақпараттан қорғауға бағытталған заңдардың болуы ақпараттық қоғам форматының қажеттілігі.

Мемлекеттік органдар интернет желісінің жұмыс істеуіне мемлекеттік органдардың қатысу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және ақпараттық қауіпсіздік құралдарын таңдау құқығын сақтауы тиіс мемлекеттік емес субъектілер үшін ақпаратты қорғауға жағдай жасауға міндетті. Қазақстан Республикасында құқық жүйесіндегі реформалардың негізге мақсаты заң үстемдігін жақсартуға бағытталған шаралар болып табылады. Елімізде ақпараттық қоғамның талабына сәйкес ақпараттар ағымын реттеу, бақылау, ақпараттандыру қызметі және ақпаратты басқаруды жетілдіру мәселелері бойынша бірқатар заңдар, Президент жарлықтары, ҚР Үкіметінің қаулылары қабылданды. Бұл жаңа шаралардың арасында Қазақстан Республикасында ақпараттық кеңістік қызметін реттеуге байланысты маңызды екі бағдарламаны атап өтуге болады. Бұл құжаттар: Қазақстан Президенті Қ.Тоқаевтың 2023 жылғы 20 наурыздағы № 145 қаулысымен қабылданған Қазақстан Республикасының ақпараттық доктринасы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысымен қабылданған 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасы [9, 77 б.].

Бұл құжаттардың біріншісі – Қазақстан Республикасының ақпараттық доктринасы – еліміздегі ақпараттық сала қызметін дамуына бағытталған, ақпараттық кеңістіктің ашықтығы мен бәсекеге қабілеттілігін реттейтін қағидаттар жүйесін құрайды. Сонымен бірге, Ақпараттық доктрина мемлекет пен қоғамның үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін және халықтың

мүддесіне сай жүргізілетін идеялық-құндылық бағдарларды қамтиды. Қазақстан Республикасының ақпараттық доктринасы: отандық ақпараттық кеңістіктің ағымдағы жағдайына талдау жасау, ақпараттық кеңістікті дамыту әдістері, ақпараттық саясатты одан әрі жетілдіру, отандық ақпараттық контенттің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету және сапасын арттыру, отандық ақпараттық кеңістікті құндылықтық тұрғыдан толықтыру секілді қызметтерді қамтиды. Қазақстан ақпараттық қоғам жағдайында түрлі ақпараттық көздер арқылы жететін ақпараттар ағымын реттеу қызметі жалпыадамзаттық құндылықтар ұстанымдарына сәйкес келетін және қоғам мүшелерінің негізгі құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған идеяларға негізделуі тиіс. Мемлекеттік ақпараттық саясат ұлттық құндылықтарды ұстануға бағытталғанын атап өткен жөн. Оның ішінде ең маңыздылары: тәуелсіздік пен патриотизм және әділеттілік пен заңның үстемдігі. Ақпараттық Доктринада азаматтардың құқықтық мәдениетін үнемі жетілдіріп отыру арқылы азаматтарда құқықтық тәртіп дағдысын қалыптастыру, сонымен қатар, цензураға тыйым салу және азаматтық жауаптылық арқылы сөз бостандығын қамтамасыз ету секілді негізгі мақсаттар атап өтілген [10].

Еліміздегі ақпараттық кеңістіктегі ақпараттар қызметін реттеуге байланысты екінші құжат – 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасы. Бұл тұжырымдаманың негізгі мақсаттары: ақпараттық кеңістіктің ағымдағы жағдайы, халықаралық тәжірибеге шолу, цифрлық трансформацияның іске асырылуы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және киберқауіпсіздік салаларын дамыту жағдайы, дамудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері, нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелерді (қағидаттар, тәсілдер, цифрлық трансформация, деректерді басқару, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту, киберқауіпсіздік) қамтитын алты бөлімнен тұрады. Аталған концепция аясында 2023 жылы Қазақстан Республикасының “электрондық үкіметінің” архитектурасын жаңғырту жоспарланды және бірнеше салалар цифрландыру арқылы электрондық форматқа көшірілді. (мектепке дейінгі ұйымдарға бірыңғай цифрлық кезек; әскерге шақырудан босату немесе уақытша кейінге қалдыру рәсімін автоматтандыру; тұрғын үй алуға цифрлық

кезек; онлайн режимінде еңбек шарттарын жасасу; мобильді қосымшада жеке тұлғалар үшін кедендік декларациялау және т.б.). Концепцияда көрсетілген шараларды жүзеге асырудың негізге мақсаты азаматтар мен бизнес өкілдерінің қызметін оңтайландыруға, әртүрлі деңгейдегі құжаттармен жұмыс жасау сатыларында уақыт үнемдеуге бағытталған [11].

Қазақстандық ғалым Ғ.Әбсаттаровтың пікірінше, Қазақстан халқының құқықтық санасын дамытуда бірнеше жұмыстар атқарылуы тиіс: біріншіден, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам негіздерін қалыптастырудағы нақты саяси-құқықтық мәселелермен байланысты деректер ағымының сапасын өзгерту қажет; екіншіден, кадрлық мәселелерді шешу кезінде лауазымды тұлғалардың қолданыстағы заңнама мен елдің құқықтық саясатының негіздерін білуі талап етілуі керек; үшіншіден, халықтың құқықтық ақпараттандыруда ынталандыру жұмыстарын өзгерту қажет [12, 232 б.]. Сонымен бірге, құқықтық мәдениет пен құқықтық сананы дамыту, қоғамдағы заңдылықты нығайту, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету және адамгершілік атмосфераны құру тұрғысынан үлкен рөлге ие. Жалпы қоғамдағы құқықтық мәдениеттің төмен деңгейінің негізгі себептерінің бірі - азаматтардың мемлекеттік істерді басқару процестерінен алшақ екендігімен де байланыстыруға болады [13, 19 б.].

### **Қорытынды**

Жаһандану процесінің бір нәтижесі ретінде ақпараттық қоғам қоғам өмірінің барлық саласын дерлік өзгерістер енгізді. Жаһандық кезеңі ақпарат ағамының жылдамдығымен қоғамдарға жаңа құбылыстардың ағымымен сипатталады. Ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тек құқықтық институттардың қызметі ғана емес, құқықтық ойға да әсер етіп, құқықтық сананың жаңаша даму сатысына жетуне, жалпыға бірдей құқықты түсінудің дамуына ықпал етеді.

Кеңестік дәуірде марксистік саяси-құқықтық идеологияның үстемдігі кезінде қоғамдық санаға тиісті көңіл бөлінбегені тарихтан белгілі. Қоғамдық болмыс пен қоғамдық сананың арақатынасы туралы мәселе қоғамдық болмыстың пайдасына шешіліп қоғамдық сана әрқашан қоғамдық болмыстың дамуынан арта қалып отырды. Кеңестік кезеңде еліміздегі мемлекеттік-құқықтық құбылыстар марксистік-лениндік әдіснама тұрғысынан зерттелсе, қазіргі заманғы қоғамымызда мемлекеттік-

құқықтық құбылыстар: бірлік, үйлесімділік, келісім, төзімділік және т.б. сияқты ұғымдарға негізделген жалпы адамзаттық құндылықтар теориясына тұрғысынан зерттеледі. Еліміздегі тәуелсіздік алғаннан кейін кезеңдерде жүргізілген құқықтық реформалар нәтижесінде азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі қызметі едәуір жақсарып, азаматтардың сот органдарына деген сенімі қалыптаса бастады [14, 203-204 б.]. Бұл құбылыс қоғамдағы құқықтық санадың жаңа бір сипатын қалыптасуына негіз болды.

Заңдылықты нығайтудың басты құралдарының бірі азаматтарда жоғары дамыған құқықтық сана мен азаматтық борыш сезімін қалыптастыру және халықты құқықтық тәрбиелеуден бастау алады. Халықтың құқықтық санаға назарын арттыру жұмысы тек заңдылықты одан әрі нығайту міндетімен ғана емес, сондай-ақ елді жаңғырту жағдайында қоғамның әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерінің барлық саласының дамытумен қатар жүзеге асады. Яғни, ғылыми-техникалық прогрестің, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының, халықтың саяси белсенділігі, сондай-ақ, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қанағаттандыру мен қорғауға назар аударумен қатар, қоғамдық тәртіпті, ұйымдасқан және тәртіпті қамтамасыз етуге қойылатын талаптардың артуын талап етеді. Мұның бәрі мемлекеттің заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту жөніндегі жұмысының, оның ішінде қазақстандық адамдардың құқықтық сана деңгейін арттыру жөніндегі идеялық-тәрбие жұмысының әлеуметтік-саяси маңыздылығын көрсетеді [12, 170-171 б.].

Құқықтық ақпарат көздері азаматтарға құқықтық ақпаратты өз қызметінде тиімдірек алуға және пайдалануға мүмкіндік береді. Құқықтық ақпаратты қолдану процесінде азаматтар өздеріне қажетті: құқық ұғымдары, заң органдарының қызметі, құқықтық механизмдердің қызметі секілді құқықтық мазмұндағы ақпараттарды алады. Құқықтық сананы қалыптастыруда, азаматтарды құқықтық тәрбиелеуде және құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыруда құқықтық ақпаратты оңтайлы пайдалану өте маңызды роль атқарады. Бұл қызметтер қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешуде азаматтардың әлеуметтік белсенділігінің деңгейін арттыруға көмектеседі. [7, 12 б.]. Еліміздегі соңғы жылдары жүргізіліп жатқан жаңа өзгерістер – телекоммуникациялар мен ақпараттық технологиялардың жалпы

қолжетімділігі құқықтық ақпаратты алу мен түсінудің бұрын қолданылған әдістерін заманауи, жылдамырақ және ыңғайлырақ әдістерге ауыстыруды жүзеге асыруы ақпараттық қоғам талаптарына сәйкес екендігін білдіреді.

Ақпараттық қоғамда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы заң жүйесіне де оң әсерлерімен қатар теріс әсерлерімен өзгерістер алып келді. Ақпараттық қоғамда ақпаратты және интернетті қолдану сауаттылығын және қауіпсізділігін қамтамасыз ету мақсатында заңдардың қызметімен қатар, өскелең ұрпақты, ақпараттық этика аясында виртуалды әлемде мінез-құлық ережелерін тәрбиелеуге басымдық берілу, құқық пен информатиканың белгілі бір нормативтік актілер бойынша ынтымақтастығын дамыту қажеттілігі, сондай-ақ жеке және құқықтық өлшемдерді де зерттеу керек. Сондай-ақ, құқықтық санаға әсер ететін ақпараттық қоғамдық қатынастарды мемлекет заңнамасымен құқықтық реттеу мүмкіндігін арттыру, барлық ақпараттық ресурстың құқықтық табиғатын талдау, осыған қатысты заңнаманы жетілдіру бойынша жұмыстарды жүргізу ақпараттық қоғамның қызметіндегі негізгі қажеттіліктері болфп саналады.

### Қаржыландыру

Мақала ҚР ҰЖБМ Ғылым комитетінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында әзірленген (№BR21882209 «Қазақстандағы бұқаралық санаға ақпараттық-идеологиялық ықпалдар: тәуекелдер мен мүмкіндіктер»).

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Аққабай Fehmiye Ceren. Hukuk Bilinci Çalışmalarının Bakiyesi // *Atılım Üniversitesi Yayınları*. – 2020. – 1. Cilt. Ankara. – S. 55-75.
- 2 Yüksel Murat. Hukuk Kültürü // *Erzincan Binali Yıldırım Üniversitesi Hukuk Fakültesi Dergisi*. – 2003. – Cilt: VII. – Sayı: 1-2. – S. 283-312.
- 3 Mehmet Yüksel. Modern Toplumda Hukuk Kültürü // *Culture of Law in Modern Societies. Yaşar Üniversitesi E-Dergisi*. – 2013. – Cilt 8. – Sayı Özel. – S. 3239-3264.
- 4 Лебедева Н.Н. Правовая культура личности и Интернет // Теоретический аспекттема диссертации и автореферата по ВАК РФ 12.00.01/ кандидат юридических наук. – 2004 // [Электронды ресурц] URL: <https://www.dissertat.com/content/pravovaya-kultura-lichnosti-i-internet-teoreticheskii-aspekt/read> (Қаралған күні: 15.09.2024)
- 5 Надыгина Е.В. Теоретико-правовой анализ влияния информационных технологий на

правосознание // Тема диссертации и автореферата по ВАК РФ 12.00.01. кандидат юридических наук. – 2007 // [Электронды ресурс] URL: <https://www.dissercat.com/content/teoretiko-pravovoi-analiz-vliyaniya-informatsionnykh-tehnologii-na-pravosoznanie> (Қаралған күні: 04.09.2024)

6 Волик К.Б., Мартыненко Б.К. Факторы, исторически повлиявшие на формирование национального характера (менталитета) русского народа // *Юридические Науки*. – 2024. – № 8. – С. 78-85.

7 Малхасян А.Т. Правовое сознание современной российской молодежи в условиях информационного общества // *Вестник Поволжского института управления*. – 2023. – №4. – Том 23.

8 Буклова З.К. Правосознание в современном информационном обществе: теоретико-правовой анализ // [Электронды ресурс] URL: <https://www.dissercat.com/content/pravosoznanie-v-sovremennom-informatsionnom-obshchestve> (Қаралған күні: 30.08.2024)

9 Исаева М.И., Исабаева Н.М., Шимаева С.М., Ешпанова Д.Д. Цифрлық түркі әлемі және Қазақстанның ақпараттық дискурсы // *Адам әлемі*. – 2024. – № 1 (99). – Б. 73-81.

10 Қазақстан Республикасының ақпараттық доктринасы. Қазақстан Президенті Қ.Тоқаевтың 2023 жылғы 20 наурыздағы № 145 қаулысы // [Электронды ресурс] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2300000145> (Қаралған күні: 25.09.2024)

11 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысы // [Электронды ресурс] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269/compare> (Қаралған күні: 15.08.2024)

12 Абсаттаров Г. Право. Политика. Сознание. – Алматы. – Ғылым. – 2016.

13 Sartaeв S.A., Smanova A.B. Kalshabayeva M.Zh. Factors Affecting the Formation And Development of Legal Consciousness In The Republic of Kazakhstan // *Journal of Actual Problems of Jurisprudence*. – 2019. – No1 (89).

14 Сабикенов С. Конституция Республики Казахстан и проблемы модернизации правосознания казахстанского судейского общества в современных условиях // *Труды академика Салахидена Сабикенова по общей теории права*. – I Том. – Алматы. – Издательство «Жеті Жарғы». – 2009.

### Transliteration

1 Akçabay Fehmiye Ceren. Hukuk Bilinci Çalışmalarının Bakıyesi [The Balance of Legal Awareness Studies] // Atılım Üniversitesi Yayınları. – 2020. – 1. Cilt. Ankara. – S. 55-75. (in Turkish)

2 Yüksel Murat. Hukuk Kültürü [Legal Culture] // *Erzincan Binali Yıldırım Üniversitesi Hukuk Fakültesi Dergisi*. – 2003. – Cilt: VII. – Sayı: 1-2. – S. 283-312. (in Turkish)

3 Mehmet Yüksel. Modern Toplumda Hukuk

Kültürü [Legal Culture in Modern Society] // *Culture of Law in Modern Societies*. Yaşar Üniversitesi E-Dergisi. – 2013. – Cilt 8. – Sayı Özel. – S. 3239-3264. (in Turkish)

4 Lebedeva N.N. Pravovaja kul'tura lichnosti i Internet [Legal culture of the individual and the Internet] // *Teoreticheskij aspekt tema dissertacii i avtoreferata po VAK RF 12.00.01/ kandidat juridicheskikh nauk*. – 2004 // [Jelektronny resurs] URL: <https://www.dissercat.com/content/pravovaya-kultura-lichnosti-i-internet-teoreticheskii-aspekt/read> (Qaralğan kuni: 15.09.2024) (in Russ)

5 Nadygina E.V. Teoretiko-pravovoj analiz vlianiya informacionnykh tehnologij na pravosoznanie [Theoretical and legal analysis of the influence of information technologies on legal consciousness] // *Tema dissertacii i avtoreferata po VAK RF 12.00.01. kandidat juridicheskikh nauk*. – 2007 // [Jelektronny resurs] URL: <https://www.dissercat.com/content/teoretiko-pravovoi-analiz-vliyaniya-informatsionnykh-tehnologii-na-pravosoznanie> Qaralğan kuni: 04.09.2024) (in Russ)

6 Volik K.B., Martynenko B.K. Faktory, istoricheski povlijavshie na formirovanie nacional'nogo haraktera (mentaliteta) russkogo naroda [Factors that historically influenced the formation of the national character (mentality) of the Russian people] // *Juridicheskie Nauki*. – 2024. – № 8. – С. 78-85. (in Russ)

7 Malhasjan A.T. Pravovoe soznanie sovremennoj rossijskoj molodezhi v uslovijah informacionnogo obshhestva [Legal consciousness of modern Russian youth in the context of the information society] // *Vestnik Povolzhskogo instituta upravlenija*. – 2023. – №4. – Том 23. (in Russ)

8 Buklova Z.K. Pravosoznanie v sovremenном informacionnom obshchestve: teoretiko-pravovoj analiz [Legal consciousness in the modern information society: theoretical and legal analysis] // [Jelektronny resurs] URL: <https://www.dissercat.com/content/pravosoznanie-v-sovremennom-informatsionnom-obshchestve> Qaralğan kuni: 30.08.2024) (in Russ)

9 Isaeva M.I., Isabaeva N.M., Shimaeva S.M., Eshpanova D.D. Cifirlyq turki alemi zhane Qazaqstanyn aqparattyq diskursy [The Digital Turkic World and Kazakhstan's Information Discourse] // *Adam alemi*. – 2024. – № 1 (99). – B. 73-81. (in Kaz)

10 Qazaqstan Respublikasynyn aqparattyq doktrinasы. Qazaqstan Prezidenti Q.Toqaevtyn 2023 zhylygy 20 nauryzdagy № 145 qaulysy [Information doctrine of the Republic of Kazakhstan. Resolution No. 145 of the President of Kazakhstan K. Tokayev dated March 20, 2023] // [Jelektronny resurs] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2300000145> (Qaralğan kuni: 25.09.2024) (in Kaz)

11 2023-2029 zhyldarga arналған cifirlyq transformacija, aqparattyq-kommunikacijalyq tehnologijalar salасыn zhane kiberquipsizdiktі damyту tuzhyrymdamasy. Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2023 zhylygy 28 nauryzdagy № 269 qaulysy [Concept of digital transformation, development of the field of information and communication technologies and cyber security for 2023-2029. Resolution No. 269 of the Government of the

Republic of Kazakhstan dated March 28, 2023] // [Jelektromdy resurs] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269/compare> (Qaralghan kuni: 15.08.2024) (in Kaz)

12 Absattarov G. Pravo. Politika. Soznanie [Right. Politics. Consciousness]. – Almaty. – Qylym. – 2016. (in Russ)

13 Sartaev S.A., Smanova A.B. Kalshabayeva M.Zh. Factors Affecting the Formation And Development of Legal Consciousness In The Republic of Kazakhstan // Journal of Actual Problems of Juris-

prudence. – 2019. – No1 (89).

14 Sabikenov S. Konstitucija Respubliki Kazahstan i problemy modernizacii pravosoznanija kazahstanskogo sudejskogo obshhestva v sovremennyh uslovijah [The Constitution of the Republic of Kazakhstan and the problems of modernization of legal consciousness of the Kazakh judicial society in modern conditions] // Trudy akademika Salahidena Sabikenova po obshhej teorii prava. – I Tom. – Almaty. – Izdatel'stvo «Zheti Zhargy. – 2009. (in Russ)

### АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

*Мейрамкул Ибадуллаевна Исаева*

ғылыми қызметкер, PhD, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, miraisa777@gmail.com, ORCID: 0000-0003-3207-2706

*Дина Далабаевна Ешпанова*

жетекші ғылыми қызметкер, доцент, философия ғылымдарының кандидаты, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, d.yehpanova@inbox.ru, ORCID: 0000-0003-3207-2706

*Гульмира Жеделбаевна Көбегенова*

аға оқытушы, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан, gulmira.robegenova@yu.edu.kz, ORCID: 0009-0002-2310-1253

*Назгул Ақылбековна Исабаева*

доцент, Ерзинджан Биналы Йылдырым Университеті, Ерзинжан, Түркия, nazgul.isabayeva@erzincan.edu.tr, ORCID: 0000-0002-9143-0895

*Мейрамкул Ибадуллаевна Исаева*

научный сотрудник, PhD, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК Алматы, Казахстан, miraisa777@gmail.com, ORCID: 0000-0003-3207-2706

*Дина Далабаевна Ешпанова*

доцент, ведущий научный сотрудник, Института философии, политологии и религиоведении, Алматы, Казахстан, d.yehpanova@inbox.ru, ORCID: 0000-0002-2731-6510

*Гульмира Жеделбаевна Көбегенова*

старший преподаватель, Каспийский Университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, Ақтау, Казахстан, gulmira.robegenova@yu.edu.kz, ORCID: 0009-0002-2310-1253

*Назгул Ақылбековна Исабаева*

доцент, Ерзинджанский Университет им. Биналы Йылдырым, Ерзинжан, Түркия, nazgul.isabayeva@erzincan.edu.tr, ORCID: 0000-0002-9143-0895

*Meiramkul Issayeva*

PhD, Researcher, Institute of Philosophy, Political Science and Religion, Almaty, Kazakhstan, miraisa777@gmail.com, ORCID: 0000-0003-3207-27066

*Dina Yeshpanova*

Associate Professor, Leading Researcher, Doctor of Philosophical Sciences, Institute of Philosophy, Political Science and Religion, Almaty, Kazakhstan, d.yehpanova@inbox.ru, ORCID: 0000-0002-2731-6510

*Gulmira Kobegenova*

Senior Lecturer, Sh. Yesenova Caspian University of Technology and Engineering, Aktau, Kazakhstan, gulmira.robegenova@yu.edu.kz, ORCID: 0009-0002-2310-1253

*Nazgul Isabayeva*

Associate Professor, Erzincan Binalı Yıldırım University, Erzincan, Turkey, nazgul.isabayeva@erzincan.edu.tr, ORCID: 0000-0002-9143-0895



## ИСЛАМ ҚҰҚЫҒЫ АЯСЫНДА МҰСЫЛМАНДАРДЫҢ ДІНИ ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ТҮСІНІГІ

Б.М. Мелисова, А.Р. Альмухаметов, А.Ш. Жамашев, Г.Т. Алаева

### АҢДАТПА

Мақалада ислам дініндегі зияткерлік меншік түсінігі діни тұрғыдан сипатталды. Зияткерлік меншік ислам құқығы тұрғысынан қарастырылып, интеллектуалды меншік құқықтарын құрайтын авторлық құқыққа қатысты ислам құқығындағы ғалымдардың көзқарастары зерттелді. Білім адамға тек материалдық емес, өзге де артықшылықтарды беретін дәуірде, зияткерлік меншік мәселесі жеке және қоғамдық деңгейде дамудың негізгі қағидасына айналып отыр. Зияткерлік меншік ақыл-ойдың нәтижесінде пайда болатын, белгілі-бір объектілерге иелік етуді білдіреді. Бұл тақырып ақпарат дәуірінде аса өзекті болып, әр елдің мәдени және экономикалық дамуының негізгі факторы ретінде қарастырылуда. Зияткерлік меншік тақырыбы дінтану, философия, құқық, әлеуметтану, халықаралық қатынастар және өзге салаларда кеңінен талқыланып, қазіргі таңда мұсылман қоғамы үшін де маңызды тақырыптардың біріне айнауда. Зерттеу барысында интеллектуалдық меншікке қатысты көзқарастар, оның тарихы мен дамуы, сондай-ақ қазіргі заманғы түсінікпен салыстырғанда ерекшеліктері талданды. Зияткерлік меншік, оның ішінде авторлық құқық, ислам құқығында жеке меншік құқығының бір түрі ретінде қарастырылатыны туралы анықталды. Зерттеудің мақсаты ислам құқығындағы зияткерлік меншік түсінігін тереңірек талдап, оның заманауи құқықтық жүйелермен үйлесімділігі мен айырмашылықтарын анықтау болды.

**Түйін сөздер:** мүлік, меншік, зияткерлік меншік, қоғам, ислам құқығы, дін.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

*Автор-корреспондент:*  
Мелисова Б.М.,  
b.melissova@gmail.com

*Мақаланың сілтемесі:*  
Мелисова Б.М.,  
Альмухаметов А.Р.,  
Жамашев А.Ш., Алаева Г.Т.  
Ислам құқығы аясында  
мұсылмандардың діни  
тәжірибесіндегі  
зияткерлік меншік түсінігі //  
Адам әлемі. – 2024.  
– №4 (102). – Б. 134-142.

### Понятие интеллектуальной собственности в религиозной практике мусульман в контексте исламского права

**Аннотация.** В статье рассматривается понятие интеллектуальной собственности в исламе с религиозной точки зрения. Интеллектуальная собственность анализируется с позиции исламского права, а также изучены взгляды исламских ученых на авторское право, которое является частью интеллектуальной собственности. В эпоху, когда знания приносят не только материальные, но и другие преимущества, проблема интеллектуальной собственности становится основным принципом развития как на частном, так и на общественном уровнях. Интеллектуальная собственность подразумевает право владения определенными объектами, являющимися результатом умственного труда. Эта тема становится особенно актуальной в эпоху информации и рассматривается как основной фактор культурного и экономического развития каждой страны. Вопросы интеллектуальной собственности широко обсуждаются в таких областях, как религиоведение, философия, право, социология, международные отношения и других, и сегодня она становится также одной из важнейших тем для мусульманского общества. В ходе исследования были проанализированы взгляды на интеллектуальную собственность, ее история и развитие, а также особенности по сравнению с современным пониманием. Установлено, что интеллектуальная собственность, включая авторское право, рассматривается в исламском праве как один из видов частной собственности. Цель исследования заключалась в более глубоком анализе понятия интеллектуальной собственности в исламском праве и определении его совместимости и различий с современными правовыми системами.

**Ключевые слова:** имущество, собственность, интеллектуальная собственность, общество, исламское право, религия.

## Intellectual Property in Muslim Religious Practice Within the Framework of Islamic Law

**Abstract.** The article discusses the concept of intellectual property in Islam from a religious perspective. Intellectual property is analyzed from the standpoint of Islamic law, and the views of Islamic scholars on copyright, which forms part of intellectual property rights, are explored. In an era where knowledge provides not only material benefits but also other advantages, the issue of intellectual property has become a fundamental principle of development at both the individual and societal levels. Intellectual property refers to the right to own certain objects that result from intellectual labor. This topic is particularly relevant in the information age and considered a key factor in the cultural and economic development of each country. The issue of intellectual property is widely discussed in fields such as religious studies, philosophy, law, sociology, international relations, and others, and it has become one of the most important topics for Muslim society today. The study analyzed the views on intellectual property, its history and development, as well as its differences compared to modern understandings. It found that intellectual property, including copyright, is considered in Islamic law as a type of private ownership. The aim of the study was to conduct a deeper analysis of the concept of intellectual property in Islamic law and to determine its compatibility and differences with modern legal systems.

**Keywords:** Assets, Property, Intellectual Property, Society, Islamic Law, Religion.

### *Kіpіcne*

Адам ерекше жаратылыс екенін көрсететін дәлелдің бірі оның қабілеті мен санасы. Қоғамдағы өзгерістер жылдам өріс алып жатқанын біз ауыл шаруашылықтан өнеркәсіпке, кейін ақпараттық қоғамға ауысқаны арқылы айқын көре аламыз. Өз кезегінде капитализмнің дамуы саудасаттықтан өнеркәсіпке, кейін ақпаратқа ауысты. Қазіргі таңда ақпарат мүлкінің бір түрі ретінде материалдық игіліктер, байлықтың басты көзіне айналып отыр. Ақпараттың айрықша маңызды болған дәуірінде, зияткерлік меншік мәселесі жеке және қоғамдық деңгейде аса маңызды мәнге ие болып, әр елдің мәдени және экономикалық дамуының да басты бір аспектісіне айналды. Зияткерлік меншік ақыл-ой еңбегінің нәтижесінде пайда болған интеллектуалдық өнімдерге деген белгілі бір құқықтардың бар болуын білдіреді. Интеллектуалдық меншік авторға өз туындысын қорғауға мүмкіндік беріп, онымен қоса моральдық және қаржылық артықшылықтармен де қамтамасыз етеді. Зияткерлік меншік мәселесі дінтану, философия, құқық, әлеуметтану, халықаралық қатынастар, сауда және өзге де салаларда кеңінен талқылануда және мұсылман қоғамы үшін де маңызды тақырыптардың біріне айналады. Қазіргі таңда зияткерлік меншік көптеген салаларға бөлінген, осы мақалада авторлардың зияткерлік меншік мүдделері қарастырылатын болады.

Тұлға өз ой еңбегінің нәтижесінде жеткен көптеген туындылар қоғамда үлкен маңызға ие болуы мүмкін. Бұл шығармалар тек материалдық тұрғыдан ғана емес, рухани жағынан да маңызға ие, сондықтан автордың құқығы, оның қорғалуы қажеттілігі деген түсінік пайда болып отыр.

Бұл жерде тек автордың жеке құқығының қорғалуын қамтамасыз ету деген тар мағыналы бір түсінік қана емес, сонымен қатар мәдениет пен өркениеттің дамуы деген ауқымды мәселелерге әсер ететін себеп салдар. Автор мен оның шығармасы арасындағы зияткерлік меншік деген тек материалдық пайдамен шектелмейді, ол бүкіл қоғамға рухани тұрғыдан ықпал етіп, әсер ете алады. Сондықтан автордың зияткерлік құқықтарын қорғау мәселесі қоғамның мәдени, діни, экономикалық және әлеуметтік мүдделерін қамтитын аса маңызды бір тақырыптардың бірі.

Зияткерлік меншік, меншіктің бір түрі болғандықтан бірінші кезекте жалпы меншік анықтамасын түсінуді қажет етеді. Меншік түсінігі тарихқа үңілетін болсақ, әр кезеңде өзгеріп отырған, мезелен меншік ретінде тек заттар ғана емес, тарихтан бізге мәлім тіпті адамдар да құлдық заманда меншік ретінде қарастырылған. Зияткерлік меншік ХІХ ғасырда ғылымның дамуымен бірге пайда болған меншіктің жаңа түрі болып табылады. Бастапқыда зияткерлік меншік жеке құқық ұғымы ретінде қарастырылса, кейін арнайы заңдармен реттелетін жеке дара салаға айналды. Зияткерлік меншікті ислам құқығы тұрғысынан қарастыру үшін мақалада түрлі көзқарастар талқыланып, көптеген зерттеушілердің зияткерлік меншікке қатысты ережелерді анықтау үшін теориялық және практикалық зерттеулер жүргізгені туралы анықталды. Қазіргі уақытта зияткерлік меншік мәселесін фиқһ тұрғысынан зерттейтін біраз мақалалар, диссертациялар және кітаптар қазақ, түрік, ағылшын және орыс т.б. тілдерде жазылған еңбектер қамтиды. Зияткерлік меншіктің діни аспектілерін зерттеген қазақстандық ғалымдардың саны шектеулі, осы салада зерттеулер жүргізген кейбір зерттеушілер мыналар: Рахымжан Калкенов (ислам

құқығындағы зияткерлік меншікке қатысты сұрақтарды зерттеген, ислам құқығы мен қазіргі құқық жүйелерінің байланысы туралы жазған); Алибек Әшімов (ислам және өзге діндердегі зияткерлік меншік). Зияткерлік меншікті дінтану тұрғысынан зерттеген ресейлік зерттеушілер: Илья Николаевич Захаров (дінтану мен құқықтың байланысқан жерлеріндегі мәселелерді, соның ішінде зияткерлік меншік пен дін арасындағы байланыс); Александр Григорьевич Дворкин (зайырлылық пен дин институттардың қазіргі құқықтың әртүрлі аспектілеріне, соның ішінде зияткерлік меншікке әсері туралы жазған). Шетелдік және түрік зерттеушілері: Абдулла Саид (исламдық құқық ғылымындағы зияткерлік меншік құқығы); Далгин Ниһат (меншік түсінігі); Джонатан Экеланд (авторлық құқық пен патенттік құқық мәселелерін христиандық этика мен теология контекстінде зерттеген); Хыфзы Велдет (зияткерлік меншік); Халед Абу Эль Фадл (ислам құқығындағы зияткерлік меншіктің құқықтық және этикалық аспектілері); Элиф Гүл (Түркиядағы зияткерлік меншік және оны құқықтық реттеу); Айше Сезер (ислам құқығындағы авторлық құқық); Айше Тұғче Доған (ислам құқығындағы зияткерлік меншік); Фатих Орхан (ислам құқығындағы авторлық құқық); Мүжәһид Энгин (қазіргі ислам құқығындағы зияткерлік меншік); Ахмет Сабан (ислам құқығы мен адам құқықтарындағы зияткерлік меншік) және тағы басқалары зерттеген. Бұл жұмыстар ислам құқығы мен зияткерлік меншік мәселелерін терең түсінуге арналған құнды ақпараттардан тұрады. Осы мақаладағы мәліметтер көбінесе жоғарыда көрсетілген кейбір авторлардың еңбектерінен алынған.

### **Әдіснама**

Зерттеу барысында зияткерлік меншіктің қазіргі заманғы қоғам жүйесіндегі орны анықталып, оның маңыздылығы көрсетілді. Зияткерлік меншіктің қоғам өміріндегі атқаратын қызметі, оның дамуы мен қоғамдағы орнын айқындау мақсат етілді. Зерттеудің тағы бір маңызды тарапы ислам құқықтық жүйесінде зияткерлік меншікке қатысты қабылданған пікірлер, пәтуалар және шешімдердің қарастырылуы болды. Бұл зерттеу деректері ислам құқығының және қазіргі заманғы көзқарастар арасындағы байланысты түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысын негіздеу үшін түрлі дереккөздер пайдаланылды, соның ішінде энциклопедиялық мақалалар, классикалық ислам әдебиеті, Құран мен сүннетке

негізделген көзқарастар, сондай-ақ қазіргі заманғы дінтану, исламтану, заңдар мен құқық теориясына арналған ғылыми мақалалар. Бұл дереккөздер арқылы зияткерлік меншіктің түрлі аспектілері, оның ішінде авторлық мәселелер кеңінен зерттелді. Әртүрлі дереккөздерден алынған ақпараттар зерттеу жұмысын тереңдетуге және зияткерлік меншік түсінігінің ислам дініндегі орны мен мәнін толыққанды ашуға ықпал етті. Зерттеу жұмысының методологиялық негізіне сипаттамалық талдау, мазмұндық талдау, салыстырмалы талдау әдістері қолданылды.

### **Негізгі бөлім**

Исламда жалпы меншік ұғымының негізі Құран Кәрімнің келесі аяттары болып табылады. Мәида сүресінің аяты көк пен жердегінің тек жалғыз меншік иесі Алла екендігі, Алла жерді игеріп, басқаруды адамдарға бергені туралы айтылады (5:120). Нұр (24:33), Хадид (57:7), Нұх (71:12) сүрелерінде бастапқы мәтрәбе меншік иесі Алла екендігі айтылып, мүлікті адамдарға тапсыру бойынша адамдар меншікті тек басқаратынын, нақты иесі емес екені түсіндіріледі. Ниса (4:6), Бақара (2:279), Тәубе (9:24), Ләйіл (92:11) сүрелерінде адамдарға берілген меншік құқығы барлық адамдарға ортақ яғни абсолютті меншік құқығы болып есептелмейтіндігі баяндалған. Адамдар мүлікті басқару құқығына ие, бірақ оның нақты иесі емес.

Зияткерлік меншік туралы сөз қозғағанда, қандай да бір еңбек жасалған сәттен бастап пайда болатынын және туындының авторымен тығыз байланысты екенін айту маңызды. Тәжірбиеге сүйенсек, зияткерлік меншіктің екі негізгі аспектісі бар екенін байқауға болады: қаржылық және жеке. Қаржылық аспект автордың зияткерлік еңбегінің нәтижесінде алатын қаржылық пайдасын қамтиды, мысалы шығарманы сату арқылы табыс табу. Жеке аспект, немесе моральдық аспект деп те атайды, автор мен оның туындысы арасындағы рухани байланысты білдіреді. Бұл құқықтар автордың туындысының өзгертілмеуін, қорғалуын қамтамасыз етеді, әсіресе әдебиет, өнер сияқты салаларда аса маңызға ие. Автор шығармаға баспа құқығын басқа біреуге бергенде, ол туындының мазмұнына өзгерістер енгізуге байланысты өз талаптарын сақтай алады. Баспа құқықтары жаңа иеленушіге өткенде, автор шығарманың өзгертілмеуін талап етуі мүмкін, бұл автордың жеке құқықтары болып саналады, ол дегеніміз шығарманың

мазмұнына өзгерістер енгізу құқығының сақталуы дегенді білдіреді. Автор шығарманың мазмұнына өзгерістер енгізу құқығын баспаға берсе де, шығарманың аты өзгеріссіз қалады. Егер баспа шығарманың мазмұнына өзгерістер енгізіп, ол өз кезегінде автордың атына нұқсан келтірсе, автор өзінің жеке құқықтарын қорғау үшін белгілі бір әрекеттер жасай алады. Автор, шығарманың мазмұнына қатысты жеке құқықтарын өзге адамдарға сатса да, оның жеке басына қатысты құқықтары әрқашанда сақталады. Осындай жағдайлар орын алған жағдайда, автор өзінің жеке атын қорғау мақсатында, туындыға өзгерістер енгізу құқығын қайтарып алып, жеке құқықтарын қорғауды талап етуі мүмкін [1, 135-136 бб.]. Демек, зияткерлік құқықтар автордың еңбек нәтижесін қорғауды қамтамасыз етеді, оның ішінде қаржылық пайда мен автордың жеке құқықтарын сақтау да қамтылады. Автор шығармаға баспа құқықтарын басқа біреуге берсе де, шығарманың мазмұнына өзгерістер енгізбеу мен автордың жеке басын қорғау құқықтары сақталады.

Зияткерлік меншік белгілі бір дәрежеде материалдық мүдделерді қорғау функциясын да атқарады. Зияткерлік меншікті өзге біреуге беру мүмкіндігі бар екендігі жоғарыда айтылды және олар адамның өмірімен шектелмей, мүрагерлік жолмен де берілуі мүмкін. Алайда, зияткерлік меншік белгілі бір уақыт аралығына байланысты материалдық игіліктер бойынша ерекшеленеді. Мерзім аяқталғаннан кейін, туынды әдетте жалпыға қолжетімді болады және үшінші тұлғалар да еркін пайдалана алады. Зияткерлік меншіктің маңызды аспектісі болып табылатын моральдық құқықтар өзге адамдарға берілмейді, өйткені моральдық жағы тек автордың жеке басымен байланысты. Соған сәйкес, меншік иесі мүліктің материалдық аспектісін бақылауға ала алады, ал моральдық құқықтар тек автордың жеке құқығын қорғауға арналған болып есептеледі [2, 588 б.]. Яғни, зияткерлік меншік еңбектің сапасын бақылап, материалдық мүдделерді қорғайды. Меншіктің бұл түрі белгілі бір уақыт аралығында әрекет етеді, кейін еңбек жалпыға қолжетімді болады. Моральдық құқықтар автордың жеке басымен байланысты болып, басқа адамдарға берілмейді.

Кейбір ислам ғұламаларының айтуынша, Құран Кәрімде баяндалған заң ережелерін екі топқа бөлуге болады: біріншісі – Алла мен адамның арасындағы қатынастарды реттейтін (діни ғұрыптар), екіншісі –

адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін ережелер [3, 350-352 бб.]. Яғни, Құрандағы заңдар екі топқа бөлінеді: діни ғұрыптар мен адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін ережелер. Ханафи мазһабы бойынша жеке құқықтар мен бостандықтардың басты қайнар көзі Құран, сүннет, сахабалардың сөздері, ижма, қияс, истихсан, әдет – ғұрып секілді қағидаларға сүйенген [4, 156 б.]. Шариғатта меншік объектісі айрықша сипатқа ие, ол дегеніміз, мұсылман қай мазһабты ұстанады сол бойынша сараланады [5, 2 б.]. Меншік ұғымы Ханафи мазһабында кеңінен ашылып қарастырылған. Ислам құқығында құқықтар жалпы алып қарайтын болсақ, екі маңызды міндетті қарастырады: біріншісі — «уәсиб-и амм», яғни адамның құқықтарын сақтау және зорлық-зомбылықтың алдын алу. Бұл міндет барлық мұсылмандар үшін ортақ болып табылады және әркімнің оны орындауы қажет. Екіншісі — «уәсиб-и хасс», яғни құқықты басқа адамдарға зиян келтірмей пайдалану. Бұл міндет тек құқықтың нақты иесіне қатысты болып табылады, яғни ол құқық иесінің өзіне парыз болып табылады [6, 32 б.]. Ислам құқығы адамдардың құқықтарын қорғау үшін әртүрлі санкциялар мен шараларды қолданады. Бұл жүйе адам құқықтарын бұзушылықтар мен заңсыз әрекеттерден қорғауды қамтамасыз етеді. Ислам жеке тұлғалардың өзара өміріне, мүлкіне, ар-намысына және жалпы жеке құндылықтарына қол сұғуына жол бермейді. Басқа адамдардың материалдық және рухани құндылықтарын құрметтеуді талап етеді, құқық бұзушылықтарға тыйым салып, кінәлілерді жазалайды және келтірілген зиянды өтетіреді [6, 32 б.]. Яғни, Ханафи мазһабы бойынша жеке құқықтар Құран мен сүннетке негізделген және меншік ұғымы кеңінен түсіндіріледі.

Қазіргі уақытта тауарлар мен олардың өзара байланыстарына қатысты жаңа құқықтар пайда болуда, және бұл құқықтар бұрынғы заңдарда қарастырылмаған аспектілерді қамтиды. Авторлық құқықтар қазіргі заманда осындай ерекше құқықтар ретінде мойындалады [7, 109 б.]. Исламда еңбек табыс пен күнкөріс үшін маңызды деп бағаланады, ал еңбексіз алынған артықшылықтарға шектеулер енгізіледі [8, 111 б.]. Ислам діни жеке меншікті және қоғамдық меншікті құрметтеп, материалдық және интеллектуалдық құқықтардың бұзылуына жол бермейді. Бұл ұстаным адамдардың еңбегімен алынған өнімдердің олардың рұқсатынсыз пайдаланылмауын қамтамасыз етеді [9, 13 б.]. Дегенмен,

қазіргі уақытта көптеген адамдар интеллектуалдық өнімдерді қаржылық пайда үшін пайдалануға оңай қол жеткізуді және ешкімнен рұқсат алуды қажет деп санамайды. Бұл жағдай зияткерлік еңбектің нәтижесінде пайда болған авторлардың жұмыстарын қорғаудың маңыздылығын көрсетеді [10, 2512 б.]. Ислам құқығында зияткерлік меншікке қатысты нақты ережелер жоқ, сондықтан болар бұл мәселе бойынша көзқарастар әртүрлі [9, 14 б.]. Исламда еңбек пен меншікті құрметтеу маңызды, бірақ қазіргі қоғамда интеллектуалдық өнімдерді рұқсатсыз пайдалану жиі кездеседі, бұл авторлардың құқықтарын қорғауды қажет етеді. Ислам құқығында зияткерлік меншікке қатысты нақты ережелер болмағандықтан, ғалымдар әртүрлі көзқарастар мен дәлелдер іздеп, кейбіреулері тіпті бұл меншік түрін жоққа шығарады.

Зияткерлік меншік заңдылығын мойындамайтын зерттеушілер мен оны қолдайтын ғалымдар өз көзқарастарын әртүрлі критерийлер бойынша түсіндіре отырып, өз дәлелдерін негіздейді. Осы дәлелдердің бірі маслаханың дәлелі, ол қоғам мен жеке тұлғаның игілігі. Ислам зерттеушәлері арасында бұл құқықтың заңдылығын қолдайтындар, қоғамдық және жеке мүдделерді қорғау үшін авторлық құқықтарды заңды түрде тану және қорғау қажет деп санайды. Автордың өз туындысына қаржылық құқықтарын заңды түрде мойындау оның жеке мүддесі үшін маңызды, себебі авторлар өз еңбектерінен пайда таба алмаса, өзге қызмет түрлеріне ауысып, ғылыми қызметпен айналысуды тоқтатуы мүмкін. Бұл жағдай қоғамның дамуына қажетті ғылыми зерттеулердің тоқтауына алып келеді. Сондықтан, қоғамдық мүдделерді қамтамасыз ету және ғылыми-техникалық қызмет пен зияткерлік дамуды қолдау үшін авторлық құқықтарды заңмен қорғау қажеттілігі бар [10, 2512 б.]. Көріп отырғанымыздай, зияткерлік меншік құқықтарын қорғау қоғамдық және жеке мүдделерді сақтау үшін маңызды. Авторлық құқықтарды заңмен реттеу ғылыми және технологиялық дамуды қолдайды, бұл қоғамның прогрессіне ықпал етеді.

Құранды үйреткені үшін төлем алуға рұқсат етілгенін ескере отырып, білгілі бір өнерді, ілімді өзгелерге үйрету мен тарату да рұқсат деп қарастырылады. Ханафи мәзһабының имамдары Құранды оқытуды ғибадаттың бір түрі деп санаған және басқа ғибадаттар сияқты, Құран үйреткені үшін ақы алуға болмайды деген ұстанымда болған. Бұл қағида сол имамдардың өмір

сүрген кезеңіне сәйкес келген, өйткені сол уақытта Құран ұстаздарына Бәйт әл-Малдан, яғни мемлекет қаражатынан жер бөлінетін. Алайда уақыт өте келе өмір талаптары өзгеріп, Құран ұстаздарына жер бөлу тоқтатылды. Осы жағдайда Құран ұстаздары уақыттарын Құран үйретуге арнаса, аштыққа ұшырау қаупі туындады немесе өзге істерге ауысып, бұл Құран оқуының бұзылуына себеп болуы мүмкін еді. Сол себеппен, кейінгі ғалымдар уақыттың өзгергенін ескеріп, Құран оқыту және имам мен азаншы сияқты басқа да міндеттер үшін төлем алуға рұқсат берілді [11]. Дінге деген қызығушылық танылып жатқан қазіргі заманда, жоғарыда қарастырылған мәселе өте өзекті болып табылады. Бұл мәселеден түйін ретінде заман өзгеруіне қарай пәтуалар да өзгереді деген ұғым келеді. Ислам діні қатып қалған қағида, адамдардың өмірін ауырлататын емес, керісінше жеңілдететін, адам және оның құқықтары мен бостандықтары бірінші кезекте тұратын, өмір сүрудің құралы деген түсінік қалыптастырады.

Авторлық меншікті қорғаудың тағы бір маңызды факторы – автордың өз еңбегінен қаржылық пайда табуы. Егер ол қорғалмаса, үшінші тұлғалар, мысалы, баспалар, қолға түскен еңбектің арқасында қаржылай табысқа қол жеткізеді, ал жұмыстың авторының еңбегі тиісінше бағаланбай қалады [10, 2512-2513 бб.]. Ислам сенімі бойынша ғылым құлшылықтың бір түрі болып саналады. Осы түсінік негізінде ертедегі Ханафи фақиһтары білімді сауда құралы ретінде пайдалану және оның орнына ақы алу идеясын қолдамады. Бірақ қазіргі заманда діни ғалымдар мен Құран оқыту жағдайларының өзгеруіне байланысты, Ханафи фиқһында оқу ақысын талап етудің заңдылығы туралы пікірлер бар. Ертедегі Ханафи ғұламалары ғибадаттарға байланысты ақы алуға қарсы болса да, бұл көзқарас ғалым Мергинани Бурханеддин (593/1197 ж.ж.) дәуірінде өзгерді. Мергинани өз дәуірінде Құран оқытуға деген салғырттықты атап өтіп, кейбір фикх ғалымдарының еңбектері үшін ақы алуға рұқсат бергенін айтты. Оның айтуынша, пәтуа бастапқыда тек Құран тәлімімен шектелсе, «Шарх Мұхтасар әл Викайя» деген еңбегімен кеңейтілді және фикх ілімі де ақылы түрде танытылуға рұқсат етілген діни ілімдер қатарына кірді. Ханафилерден басқа ғұламалар да Құран тәлімін және басқа да ғибадаттардың ақысын алуға болады деген пікірмен келісті [10, 2513 б.]. Көріп отырғанымыздай, авторлық құқықтың қорғалуы, әсіресе қаржылық



пайда алу аспектісі, автордың таза еңбегінің нәтижесіне әділ бағасын беруге мүмкіндік береді. Исламның алғашқы кезеңінде ғибадаттар мен білімнің ақылы болуы туралы пікірлер болған жоқ. Алайда уақыт өте келе, Ханафи ғұламалары Құран оқыту мен діни білім үшін ақы алу қажеттігін мойындады. Мергинани мен басқа ғалымдар қазіргі заманның талаптарына сәйкес ақы алудың заңдылығын қолдады.

Ертедегі кезеңдерде қазіргі заманғы зияткерлік меншіктің түсінігі әлі қалыптаспағанына қарамастан, авторлар өз шығармаларындағы сөздер мен идеялардың бастапқы иелеріне тиесілі екенін айтып, құрмет көрсетуге ерекше көңіл бөлген. Олардың ғылыми дәстүрде авторлық құқықтың атрибуция мен иелену аспектілеріне аса мән берулері оны маңызды көргенін білдіреді [10, 2515 б.]. Сол заманда ғалымдар атрибуция әдісін өте дәлдікпен қолданған, мәтіннің көлеміне қарамастан, оның авторын толық көрсетуге тырысқан. Бұл әдіс хадис саласында танымал болғанымен, мұсылман ғалымдары оны тарих, әдебиет, поэзия және тіл сияқты өзге салаларда да аса қарқынмен қолданған [12, 1006 б.]. Исламда шығарманы заңды иесіне тиесілі ету - құқықтың сақталуын білдіреді, ал қазіргі түсінікте «плагиат» ұғымы ғылыми ұрлық немесе білімге алғыс білдірмеу әрекеті ретінде қарастырылады [10, 2515 б.]. Көріп отырғанымыздай, бұрынғы кезеңдерде авторлық құқықты қорғау маңызды болған және авторларды дұрыс атрибуцияға ғылыми дәстүрдің негізі болып саналған, ал қазіргі заманғы плагиат түсінігі осы тарихи тәжірибелердің заңды жалғасы ретінде қарастырылады.

Мұжтаһид ғалым Суфиян Севри (қ. 161/778) адал ғылыммен айналысу және ақпараттың түпнұсқа көзін дұрыс көрсету маңыздылығын атап өткен. Ол ғылымның шындыққа сай болуы үшін ақпараттың нақты дереккөзін көрсету қажет екенін, ал керісінше әрекет ету ғылымға қарсы әрекет деп санаған [12, 1006 б.]. Сәләф ғұламалары (ислам тарихындағы әуелгі үш буын ислам ғұламалары) риуаят еткен мәтіндерде кездескен әрбір қате немесе бұрмалауды түзетпей, оларды дәл сол күйінде ұсынған. Бұл ғалымдардың мәтіндерді сақтаудағы мұқияттылығын көрсетеді. Қателер байқалған жағдайда, олар түзетулер мен қосымша жазбаларды енгізіп, дұрыс нұсқаны анықтаған. Бұл әдіс ғалымдардың мәтіндердің түпнұсқасын дәл сақтау мақсатында қолданылған. Осындай тәсілдер авторлық құқықтың ғылыми дәстүрде құрметтелетінін көрсетеді.

Ғылыми авторизация дәстүрі бойынша, кітапты баяндайтын кезде автордың рұқсатын алу, қазіргі авторлық құқыққа ұқсас құқықтарды қорғау деп есептеледі. Бұл ғұламалардың авторлық меншікті түсініп, оларды іс жүзінде қолданғанының көрсеткіші болып табылады [10, 2515-2516 бб.]. Яғни, Суфиян Севри және басқа сәләф ғұламалары ғылымның шынайылығын қамтамасыз ету үшін ақпараттың түпнұсқа көзін дәл көрсетуге ерекше мән берген. Олар мәтіндердің дұрыс нұсқаларын сақтау мен түзету арқылы авторлық құқықты құрметтеген және қазіргі авторлық құқыққа ұқсас құқықтарды қорғау дәстүрін қолданған.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, исламдағы жалпы ережелер мен мәтіндерде авторлық құқыққа байланысты нақты ережелердің болмауы ислам ғұламаларының бұл құқықты қорғау бойынша түрлі дереккөздер арқылы негіздеуге мүмкіндік берді. Бұл мәселенің бір аспектісі «зиянды жою және пайдалыны сақтау» принципі. Егер баспалар авторлардың шығармаларын өз қалауы бойынша өзгертуге рұқсат етілсе, білімнің бұрмалану қаупі туындайды. Сондықтан автордың шығармасын қорғау үшін оның құқықтарын сақтау маңызды. Сонымен қатар, «Уәжіпті аяқтайтын нәрсе де парыз» ережесі деп қарастырылады. Бұл ережеге сәйкес, ғылыммен және әсіресе діни зерттеулермен айналысу қоғамдық міндеттердің бірі болып табылады, ал осы жұмысты атқаратын ғалымдардың отбасылық жауапкершіліктері де бар. Осы себепті ғалымдар өз еңбектерінен табыс тауып, күн көру үшін қаржылық ресурстарға ие болуы тиіс. Осы жағдайда, өздерінің еңбектерінен қаржы табу қажеттілігі туындайтыны анық [10, 2516 б.]. Демек, ислам ғұламалары авторлық құқықты қорғауды білімнің бұрмалануын алдын алу және ғалымдардың қаржылық қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін маңызды деп санаған. Ғалымдарға кітаптарды сатып алу және сату мүмкіндігі олардың мүлік ретінде қарастырылуына негіз болады. Бұл, өз кезегінде, кітаптардағы интеллектуалдық және ғылыми мазмұнның меншік құқығының аясында қарастырылуын қамтамасыз етеді. Ендеше авторлар өз шығармаларын сатып алу, сату, садақа ретінде беру немесе мұра ретінде қалдыру сияқты құқықтарға ие болады [9, 15 б.].

Авторлық құқықты қабылдамайтын ғалымдар өз пікірлерін түрлі дәлелдермен негіздейді. Әдетте, олар авторлық құқықтың ислам құқығы тұрғысынан заңды емес екендігін атап өтеді, себебі бұл құқық түрі

қоғамдық мүдде тұрғысынан қаралғанда, авторларға тек өз туындыларынан пайда табуға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сондай-ақ кейбір адамдардың осы туындылардан пайда алуына кедергі келтіреді деп санайды. Бұл көзқарас білімнің қолжетімділігін шектеу және қоғамнан жасыру болып есептеледі және бұл Құран мен хадистерде тыйым салынған деген пікірді алға тартады. Олар Ардақты Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) «Білімді жасырып, басқаларға үйретпеген адамға қиямет күні аузына от тізгіні салынады» деген хадисін келтіреді және бұл хадисті білімді жасырудың қылмыс ретінде қарастырылатынын білдіреді деп түсінеді. Сонымен қатар, олар қоғамдық мүддені жеке мүддеден жоғары қоятын әмбебап ережеге сілтеме жасай отырып, авторлық құқықтың болмауы қоғамның жалпы мүддесін қорғауға қажетті деп санайды [10, 2512 б.]. Қазіргі кейбір ғалымдардың пікірінше, шариғатта меншік ұғымы тек нақты заттарға қатысты болады, сондықтан абстрактілі құқықтарды, мысалы, зияткерлік меншікті шариғатқа сай деп қарастыруға болмайды дейді. Сондай-ақ, зияткерлік меншік құқықтарын монополия деп қабылдайды, ал исламда монополияға тыйым салынғаны туралы көзқарастар бар [9, 16 б.]. Өзге бір дәлел ретінде – білімді ғибадат ретінде қарастыру. Олар ғибадат саудаға жатпайды деп есептейді және: «Білімді жасыру арқылы адам қиямет күні жазаланады» деген хадисті келтіреді [10, 2513 б.]. Алайда жоғарыда келтірген зияткерлік меншікке қарсы пікірге аргумент – білім толықтай жасырынып қалмайды, керісінше, ол қоғамға белгілі бір ақыға ұсынылады. Яғни, авторлар өз білімдерін жасырып қалмайды, қоғамға өз еңбектерін ұсынады және өздерінің жұмысына байланысты табыс табады. Сонымен қатар, ислам шариғатына сәйкес, зияткерлік меншікті қорғау мен қоғамдық мүддеге жауапкершілік көрсету дұрыс деп саналады. Әл-Азһар пәтуа комитеті авторлық құқықты қорғауды қолдайды және автордың рұқсатынсыз жұмысты көшіру мен өз ойын деп көрсету әрекеттерін плагиат деп санайды. Бұл әрекеттерді шариғатқа қарсы деп қарап, оларды заңмен тыйым салынған деп бағалайды [9, 15 б.]. Қазіргі көзқарас бойынша, білім қоғамға ақыға ұсынылады және авторлық құқықтар қоғамның мүддесін қорғауға көмектеседі.

Ислам заңгерлері меншіктің тек нақты заттарға тән екенін бір ауыздан мойындайды. Олардың түсінігі бойынша, құқықтық реттеу мен заңды негіздер мүліктің

физикалық немесе абстрактілі сипатына қарамастан белгіленеді. Басқаша айтқанда, мүлік тек заңмен танылған заттар ретінде қарастырылады. Мәселен, мұсылмандарға харам деп танылған қан, шошқа, өлексе сияқты нәрселер ислам құқығы бойынша мүлік болып есептелінбейді, еш мүліктің, құқықтық қатынастарда мүлік объектісі бола алмайды [13, 197 б.]. Ислам құқығында меншік ұғымы қазіргі құқықтық түсініктермен ұқсас болып келеді. Мысалы, тауарлар нақты және анық заттар ретінде сипатталады, бұл жалпы нақты, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті қамтиды. Ислам құқығында меншік кең ауқымды. Мүлік ұғымы Құран мен сүннетте жиі кездеседі, бірақ фикһтағы мағынасы айқын емес. Әртүрлі мәзһабтар мен ұстанымдарға байланысты тауарлар әртүрлі түрде түсіндіріледі, сондықтан күнделікті тілде қолданылатын мағынасы мен құқықтық түсінігі арасында айырмашылықтар болуы мүмкін [13, 197-198 б.]. Осылайша, ислам заңгерлері меншік ұғымын нақты заттарға ғана қатысты деп түсіндіреді.

### **Қорытынды**

Қазіргі таңда дүние жүзіндегі көптеген мұсылман мемлекеттерінде зияткерлік меншік құқығының қоғамдағы орны айқындалып, ол құқықтық қорғауға алынған. Осылайша, қазіргі көзқарастар арасында меншікке қатысты анықтамалар арасында айырмашылықтар жоқ. Тарихи даму барысында меншік ұғымы әрқашан қоғамның әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістеріне байланысты өзгеріп отырды. Уақыт өте келе, қоғам бұрын тауар деп саналмаған нәрселерді жаңаша бағалау негізінде тауар ретінде қабылдай бастады. Мысалы, қазіргі кезде күн энергиясы мен табиғи газ жоғары бағаланып, құнды тауарлар қатарына қосылды және олар сатып алу-сату мәмілелерінің объектісі болып, заңмен қорғалуы мүмкін. Зияткерлік меншік құқықтары бүгінгі таңда қаржылық құндылыққа ие болып, заңды түрде меншік ретінде қарастырылады.

Зияткерлік меншік құқығы өнеркәсіптік революциядан кейін қалыптасып, технологиялық және тұрмыстық жетістіктердің нәтижесінде бұл тақырып маңызды мәселеге айналды. Бұл зерттеу зияткерлік меншік объектілерінің мүлік анықтамасына кіретінін немесе қорғаушы сала ретінде танылатындығын түсінуге бағытталған. Зияткерлік меншіктің келісім-шарттармен байланысты болуы, меншік

объектісі ретінде қолданылуы, құқықтық қорғауды қажет етуі зияткерлік меншіктің мүлік ретінде танылуын білдіреді. Құран Кәрімнің бірнеше сүре аяттарында мүлік жалпы Аллаға тиесі екендігіне сүйене отырып, зияткерлік меншікте жалпы мүліктің бір түрі ретінде танылғандығынан түпкі иесі Алла деген түсінікті береді. Мәселен, адам өз ойының жемісі ретінде танылған шығармалары да ислам қағидасына сәйкес Алланың қолдауы мен қалауымен жүзеге асады. Зияткерлік меншік те меншіктің бір бөлігі ретінде бұл түсінік бойынша реттеледі. Бұл жалпы түпкі иелік ету мәселесі бойынша, ал адамның сол мүліктерді басқару бойынша туындайтын мәселелері екі топқа бөлініп қарастырылған. Осы мәселеге қатысты ислам ғұламалары екі топқа бөлінеді: бір тобы зияткерлік меншік құқықтарын қабылдайды, ал екінші тобы бұл құқықтарды мойындамайды. Алайда, жалпы пікір бойынша, ислам құқығы зияткерлік меншік құқықтарын заңды құқық ретінде мойындайды және олардың бұзылуына тыйым салады. Сондықтан, өзге біреудің мүлкін ұрлау, иемдену қаншалықты тыйым болса, зияткерлік меншік құқықтарын бұзуға әкелетін кез-келген іс-әрекет осындай мағынаға ие.

Ертеде әртүрлі мәзһабтар меншік ұғымын әртүрлі анықтаған. Алайда, заман өзгеруіне байланысты исламда пәтуалар да өзгереді деген қағиданы ескерсек, зияткерлік меншік мәселесі де өз шешімін оңай табады. Оған мысал ханафи мәзһабы бойынша, зияткерлік құқықтар мен мүдделер мүлік анықтамасына бастапқыда кірмейтін болған, бірақ тұрмыстық жағдайлардың өзгеруі ханафилердің меншік анықтамасы заманның талаптарына сәйкес өзгергені анықталады. Зияткерлік меншік қазіргі заман термині бола тұра, оның ережелері ертедегі мұсылман қоғамында болмағанын деп жоққа шығара алмаймыз. Көне кітаптарда шығарманың иесіне толық сілтеу жасау, халық арасында қалыптасқан әдет-ғұрыптар мақалада сипатталғандай ислам құқығында жеке құқықтар мен бостандықтардың қайнар көздерінің бірі бола алады. Зияткерлік меншікке байланысты кез-келген мәселелер тікелей жазылмаса да, практикада қабылданған және заңдарға сәйкес шешіліп отырған болуы мүмкін. Яғни, бұл адамдар арасында қалыптасқан дәстүрге айналған болса ол әдет-ғұрып ретінде қабылдануы мүмкін болған. Ислам құқығында, егер ол айқын түрде нақты мәтіндерге немесе орныққан негізгі қағидаларға қайшы келмесе, әдет-ғұрып сенімді қайнар көз ретінде

қабылданады. Осы себептен, зияткерлік меншік ережелерінің ислам құқығында да бар екенін айтуға болады. Осыған сәйкес, бағалы құндылыққа ие, шариғат бойынша пайдалы болып саналатын барлық нәрсе заңды түрде меншік ретінде қарастырылуы мүмкін.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Veldet H. Şahsiyet haklari ve fikri haklar // *Journal of Istanbul University Law Faculty.* – 2011. – Т. 5. – С. 126-137.
- 2 Günay H. M. Mal Varlığı Kavramı ve Yeni Gelir Kalemlerinin Zekâtı // *Tarihte ve Günümüzde Zekât Uygulamaları.* – İstanbul: Ensar Neşriyat. – 2017. – 588 s.
- 3 Гончаров И.А. Институт собственности на примере мусульманской системы права // *Образование и право.* – 2020. – №. 12. – С. 350-352.
- 4 Әділбаев А., Әділбаева Ш. Әбу Ханифа және ханафи мәзһабы. – Алматы, «Көкжиек», 2018. – 400 б.
- 5 Ахметова А.Т. Отличия и сходства права собственности в английском и мусульманском праве // *Экономика и социум.* – 2015. – №. 1-1 (14). – С. 2-7.
- 6 Benli A. İslam Hukukunda Manevi Tazminat. - Kayseri, Erciyes Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, 1997. - 32 s.
- 7 Далгин Н. Понятие товара в рамках договора купли-продажи согласно исламскому праву // *Журнал факультета теологии Университета Ондокуз Майыс.* – 1999. – Т. 11. – №. 11. – С. 97-128.
- 8 Hacak H. İslam hukuk düşüncesinde özel mülkiyet anlayışı // *Marmara Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi.* – 2005. – №. 29. – С. 99-120.
- 9 Akay T. Osmanlı devleti'nde arma-i osmânî ve tuğrâ-yi hümayûn'un alâmet-i farika olarak kullanımı // *Kafkas Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi.* – 2012. – Т. 1. – №. 9. – С. 1-15.
- 10 Orhan F. İslam hukuku açısından manevî hak kavramı (telif hakkı özelinde) // *Journal of International Social Research.* – 2016. – Т. 9. – №. 43. – 2512 s.
- 11 Doğan A. T. İslam Hukuku Açısından Fikrî Mülkiyet Hakları (Telif Hakkı ve Sinaî Mülkiyet Hakları). – Necmettin Erbakan University, 2023.
- 12 Sezer A. Telif Hakları Özelinde İslam Hukukunun Fikri Mülkiyet Yaklaşımına Dair Bir Araştırma // *Hitit Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi.* – 2000. – Т. 19. – №. 2. – С. 981-1011.
- 13 Çalış H. İslâm Hukuku Literatüründe Eşya Hukukunun Temel Kavramları ve Konu ve Kapsam Açısından 'Milk' Terimi // *İslam Hukuku Araştırmaları Dergisi.* – 2003. – Т. 2. – С. 185-205.

### Transliteration

- 1 Veldet H. Şahsiyet haklari ve fikri haklar [Personal rights and intellectual rights] // *Journal of Istanbul University Law Faculty.* – 2011. – Т. 5. – С. 126-137 (in Turkish).
- 2 Günay H. M. Mal Varlığı Kavramı ve Yeni Gelir Kalemlerinin Zekâtı [The Concept of Wealth and the Zakat of New Sources of Income] // *Tarihte ve Günümüzde Zekât Uygulamaları.* – İstanbul: Ensar Neşriyat. – 2017. – 588 s. (in Turkish)

3 Goncharov I. A. Institut sobstvennosti na primere musul'manskoj sistemy prava [The Institute of Ownership in the Example of the Muslim Legal System] // *Obrazovanie i pravo*. – 2020. – №. 12. – С. 350-352 (in Russ).

4 Adilbaev A., Adilbaeva Sh. Abu Hanifa zhane hanafi mazhaby [Abu Hanifa and the Hanafi Madhab]. – Almaty, «Kokzhiek», 2018. – 400 b. (in Kaz).

5 Ahmetova A. T. Otlichija i shodstva prava sobstvennosti v anglijskom i musul'manskom prave [Differences and Similarities in Property Law in English and Islamic Law] // *Jekonomika i socium*. – 2015. – №. 1 -1 (14). – С. 2-7 (in Russ).

6 Benli A. İslam Hukukunda Manevi Tazminat [Moral Compensation in Islamic Law]. – Kayseri, Erciyes Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, 1997. – 32 s. (in Turkish).

7 Dalgin N. Ponjatje tovara v ramkah dogovora kupli-prodazhi soglasno islamskomu pravu [The Concept of Goods within the Framework of a Sale Contract According to Islamic Law] // *Zhurnal fakul'teta teologii Universiteta Ondokuz Majys*. – 1999. – Т. 11. – №. 11. – С. 97-128. (in Russ).

8 Hacak H. İslam hukuk düşüncesinde özel mülkiyet anlayışı [The Concept of Private Property in Islamic Legal Thought] // *Marmara Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi*. – 2005. – №. 29. – С. 99-120. (in Turkish).

9 Akay T. Osmanli devleti'nde arma-i osmâni ve

tuğrâ-yi hümayûn'un alâmet-i farika olarak kullanimi [The Use of the Osmanli Arma (Arma-i Osmâni) and the Imperial Tugra (Tuğrâ-yi Hümayûn) as Distinctive Symbols in the Ottoman Empire] // *Kafkas Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitü Dergisi*. – 2012. – Т. 1. – №. 9. – С. 1-15. (in Turkish).

10 Orhan F. İslam hukuku açısından manevi hak kavrami (telif hakkı özelinde) [The Concept of Moral Rights in Islamic Law (With a Focus on Copyright)] // *Journal of International Social Research*. – 2016. – Т. 9. – №. 43. – 2512 s. (in Turkish).

11 Doğan A. T. İslam Hukuku Açısından Fikri Mülkiyet Hakları (Telif Hakkı ve Sinaî Mülkiyet Hakları) [Intellectual Property Rights in Islamic Law (Copyright and Industrial Property Rights)]. – Necmettin Erbakan University, 2023. (in Turkish).

12 Sezer A. Telif Hakları Özelinde İslam Hukukunun Fikri Mülkiyet Yaklaşımına Dair Bir Araştırma [A Study on the Approach of Islamic Law to Intellectual Property Rights with a Focus on Copyright] // *Hittit Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi*. – 2000. – Т. 19. – №. 2. – С. 981-1011. (in Turkish).

13 Çalıř H. İslâm Hukuku Literatüründe Eşya Hukukunun Temel Kavramları ve Konu ve Kapsam Açısından 'Milk' Terimi [Basic Concepts of Property Law in Islamic Legal Literature and the Term 'Milk' in Terms of Subject and Scope] // *İslam Hukuku Arařtırmaları Dergisi*. – 2003. – Т. 2. – С. 185-205. (in Turkish).

#### АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

- Балжан Мелискызы Мелисова* PhD докторант, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: b.melissova@gmail.com, ORCID ID 0000-0002-8077-0704
- Алий Рауфович Альмухаметов* доцент, философия ғылымдарының кандидаты, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: alirauf59@mail.ru, ORCID ID 0000-0002-6799-5626
- Азамат Шутбаевич Жамашев* доцент, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: zhamashevazamat@gmail.com, ORCID ID 0000-0002-5330-9437
- Гульназ Турсуновна Алаева* профессор, PhD, Университет Туран, Алматы, Қазақстан, email: g.alayeva@turan-edu.kz, ORCID ID 0000-0003-1672-2238
- Балжан Мелискызы Мелисова* PhD докторант, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: b.melissova@gmail.com, ORCID ID 0000-0002-8077-0704
- Алий Рауфович Альмухаметов* доцент, кандидат философских наук, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: alirauf59@mail.ru, ORCID ID 0000-0002-6799-5626
- Азамат Шутбаевич Жамашев* доцент, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: zhamashevazamat@gmail.com, ORCID ID 0000-0002-5330-9437
- Гульназ Турсуновна Алаева* профессор, PhD, Университет Туран, Алматы, Казахстан, email: g.alayeva@turan-edu.kz, ORCID ID 0000-0003-1672-2238
- Balzhana Melissova* Doctoral student, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, email: b.melissova@gmail.com, ORCID ID 0000-0002-8077-0704
- Aliy Almkhmetov* Associate Professor, Candidate of Philosophical Sciences, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, email: alirauf59@mail.ru, ORCID ID 0000-0002-5330-9437
- Azamat Zhamashev* Associate Professor, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, email: zhamashevazamat@gmail.com, ORCID ID 0000-0002-5330-9437
- Gulnaz Alayeva* Professor, PhD, Turan University, Almaty, Kazakhstan, email: g.alayeva@turan-edu.kz, ORCID ID 0000-0003-1672-2238

# THE RELIGIOUS AND IDEOLOGICAL FOUNDATION OF THE TALIBAN MOVEMENT AND ITS MAIN PRINCIPLES

<sup>1</sup>F.M. Zaland, <sup>2</sup>B.Sh. Abdilkhakim, <sup>3</sup>A.A. Amangeldiyev, <sup>3</sup>S.Ye. Shakirov

## ABSTRACT

Since the fall of Kabul to the Taliban in August 2021, numerous qualitative changes have occurred in Afghanistan's domestic and regional influence. The Taliban have reinvented their The Islamic Emirate idea of national governance. The hasty withdrawal of the U.S. and other international forces in August 2021 took place amidst a monopolizing power strategy of the Taliban and efforts by national and regional spoilers to destabilize the peace process. In this context, the paper will comprehensively analyze the power structure of the "Taliban", interpretation and regional policies in framing their governmental policies and authorities in more than 34 months of their government. In exploring this interaction, this research paper will attempt to answer the questions, «How much are Taliban correct in representing the Hanafi Jurisprudence and Deobandi interpretation of Islam, and how much are profound in influencing the regional economic and religious?». To respond to this question, the paper will initially provide a theoretical foundation describing political Islam and traditions in Afghanistan's political history. The article provides a historical account of the Islamic governments in Afghanistan and their different interpretation throughout history and its code of conduct. Then, the paper will apply these perspectives to comparatively analyze and understand the political performance of these Islamic codes in the view of the Taliban's governance in two eras: First Islamic Emirate from 1996 to 2001 and then the return of the Islamic Emirate since August 15, 2021, in Afghanistan.

**Key words:** Taliban, Islam, Deobandi, Tradition, Afghanistan, Religion.

<sup>1</sup>Kabul University, Kabul, Afghanistan

<sup>2</sup>Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

*Author-correspondent:*  
Abdilkhakim B.Sh.  
burhanhakim01@gmail.com

*Reference to this article:*  
Zaland F.M., Abdilkhakim B.Sh., Amangeldiyev A.A., Shakirov S.Ye. The religious and ideological foundation of the Taliban movement and its main principles // Adam Alemi. – 2024. – No.4 (102). – P. 143-151.

## Талибан қозғалысының діни-идеологиялық негізі мен басты принциптері

**Аңдатпа.** 2021 жылдың тамызында Талибанның Кабулды басып алуынан кейін Ауғанстанның ішкі және аймақтық саясатында көптеген өзгерістер орын алды. Талибан ислам әмірлігінің ұлттық басқару идеясын қайта ойлап тапты. 2021 жылдың тамызында АҚШ пен басқа да халықаралық күштердің Ауғанстаннан асығыс шығуынан кейін ауған елінде саяси және эконимикалық дағдарыс күшейе түсті. Осы тұрғыда мақала «Талибанның» билік құрылымын, идеологиясын және соңғы 34 айдағы саясатын жан-жақты талдайды. Өзараәрекеттестікті қарастыра отырып, бұл зерттеу жұмысы «Талибан ханафи мазхабы мен деобандиялық бағытты қаншалықты дұрыс ұстайды? Талибан аймақтық экономика мен дінге қаншалықты терең ықпал ете алады?» деген сұрақтарға жауап беруге тырысады. Бұл сауалдарға жауап беру үшін мақала алдымен Ауғанстан тарихындағы саяси ислам мен дәстүрлерді сипаттайтын теориялық негіз ұсынады. Мақалада Ауғанстандағы исламдық үкіметтердің тарихы және олардың мінез-құлық кодекстері қарастырылады. Сонымен қатар Талибанның екі дәуірдегі (1996-2001 жылдар аралығындағы бірінші Ислам әмірлігі, 2021 жылдың тамызында Талибанның қайта билікке келуінен кейінгі кезең) басқаруы тұрғысынан аталмыш ислами кодекстердің саяси көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау жасалады.

**Түйін сөздер:** Талибан, ислам, Деобандия, дәстүр, Ауғанстан, дін.

## Религиозно-идеологическая основа движения «Талибан» и его основные принципы

**Аннотация.** После захвата Кабула талибами в августе 2021 года во внутренней и региональной политике Афганистана произошло множество изменений. Талибы заново возродили свою идею исламского эмирата для управления страной. После поспешного вывода сил США и других международных сил из Афганистана в августе 2021 года политический и экономический кризис в Афганистане усилился. В этом контексте в статье всесторонне анализируется структура власти «Талибана», религиозная



идеология и политика за последние 34 месяца. Исследуя это взаимодействие, данная работа попытается ответить на вопрос: «Насколько правильно талибы представляют ханафитскую юриспруденцию и деобандийскую интерпретацию ислама, и насколько глубоко они влияют на региональную экономику и религию?». Чтобы ответить на этот вопрос, в статье сначала будет представлена теоретическая основа, описывающая политический ислам и традиции в истории Афганистана. В статье приводится исторический отчет об исламских правительствах в Афганистане, их различных интерпретациях на протяжении истории и кодексе поведения. Далее в статье будут использованы методы сравнительного анализа для понимания политической эффективности данных исламских кодексов с точки зрения правления талибов в две эпохи: Исламский эмират с 1996 по 2001 год, а затем возвращение Исламского эмирата с 15 августа 2021 года в Афганистан.

**Ключевые слова:** Талибан, Ислам, Деобандия, традиция, Афганистан, религия.

### **Introduction**

Taliban movement was founded in the early 1990s by Mullah Omar and his comrades; they ruled most of Afghanistan from 1996 until October 2001 and returned to power on August 15, 2021, by defeating the Afghan Republic Government supported by the United States of America for the second time in Afghanistan. The movement's founding basis- the word «Taliban» is the Arabic word for «students» – comprised of rural Afghan peasants' farmers, men studying Islam in Afghanistan, India, and Pakistan Madrassas or religious schools. The Taliban found a foothold and established their strengths in southern Afghanistan.

By September 1996, the Taliban had captured Kabul and established the Islamic Emirate of Afghanistan. The Taliban's first move was to interpret Quranic instruction and jurisprudence strictly. In practice, this often means merciless policies on treating women, political opponents of any type, and religious minorities. Taliban were blamed for sheltering Al Qaida and for the deployment of terrorists to other countries; therefore, Taliban were routed out from power by the US-Led campaign against Al Qaida in October 2001.

Nevertheless, the Taliban resurged against the USA and NATO in 2002, and a two-decade-long resistance brought them back to power by August 15, 2021. Taliban has adopted a change in their governance practices, interpretation of Sunni Islam, and new cultural identities. Still, more is needed to satisfy Afghans or the international community and recognize them as a legitimate government of Afghanistan. Taliban are mainly Deobandi and Hanafi in faith, but how much have they aligned their policies and authority to the Deobandi in the regional perspective? Moreover, how much do they influence the region, especially the Central Asian countries? These will be the main research questions.

### **Methodology**

The information used in the research paper was gathered mainly through a literature review on relevant topics. At the same time, during the

past few months, structured and semi-structured interviews with Taliban government members, university lecturers, and elders, both sympathetic and hostile to the Taliban, and through conversations with well-known professors, have been collected. In total, a small number of 15 interviewees have been targeted to assist the author in completing this paper. The information gathered was used to determine the functioning of the Taliban government apparatus and to draw a rough map of the areas covered by the Taliban in the three years regarding their Shariah interpretation in decision-making and return to power in Afghanistan.

### **Main part Political Islam and Tradition in Afghanistan**

Afghanistan is located in the heart of Asia. Over 99% of the population is Muslim, most of whom are conservative and religious. Islam has influenced governance and politics in Afghanistan from its establishment until the twentieth century [1, p. 12]. Islam and traditional identities have been integral parts of politics in Afghanistan throughout its history.

Islam and tradition (Pashtunwali) have always played an essential role in waving the social fabric and in the making of political decisions in Afghanistan, as stated by Asta Olesen (1995) in his book «Islam and Politics in Afghanistan», that the Afghan State from its inception in 1747 to the middle of the nineteenth century, Islam and Pashtunwali constituted the main ideological frame of reference of the ethnically heterogeneous and divided society. Whereas Islam plays a role as an all-encompassing way of life [2, p. 326], at least, it is not considered an ideology by most rural Afghans.

